



ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



№41 (3987), 17 қазан, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz



Қазақстанның халық жазушысы
ӨБУ СӘРСЕНБАЕВТЫН
туғанына 120 жыл

8-9,12-13



«ӨЛЕҢ-
ҚАЛПЫМ –
АЙНАЛАР
САФ-АЛТЫНҒА...»

10-11



ХАЛҚЫНА ТАРТҚАН
ҚАЙРАТКЕР

18-19



«МЕНИҢ ҮШІН
КҮРЕСЕДІ
ӨЛЕҢІМ»

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН!

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2026

«Қазақстан» АҚ
бойынша

Жеке жазылушыларға:
Қалаларда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Аудандар мен
ауылдарда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:
Қалаларда:
1 айға – 1918,53 т.
3 айға – 5 755,59 т.
6 айға – 11 511,18 т.
12 айға – 23 022,36 т.

Аудандар мен
ауылдарда:
1 айға – 1720,82 т.
3 айға – 5 162,46 т.
6 айға – 10 324,92 т.
12 айға – 20 649,84 т.

«БИБИ-САНА»

Бибігүл Иманғазинаның «Бибі-Сана» кітабының тұсаукесері және оқырмандармен кездесу кеші өтті

ҚР Ұлттық кітапханасында жұртшылыққа «Қазақтың Тереза анасы», «Бибі-Ана» деген есімдермен кеңінен мәшһүр, көрнекті жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, I дәрежелі Барыс, Парасат, Құрмет ордендерінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Бибі-ана» қайырымдылық қорының президенті Бибігүл Иманғазинаның «Бибі-Сана» кітабының орыс және түрік тілдеріндегі аудармаларының, нүктелі-бедерлі қаріппен (Брайл шрифтімен) басылған нұсқасының тұсаукесері және оқырмандармен кездесуі кеші өтті.

Кездесу кешінің тізгінін Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов ұстады. Кешті ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайбергеноқызы кіріспе сөзбен ашып беріп, көрнекті жазушының шығармашылығына тоқталып өтті. Профессор, филология ғылымдарының докторы Қансейіт Әбдәулет, жазушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы Нұрдәулет Ақыш, әдебиет сыншысы, Қазақстанның еңбек сіңірген



қайраткері Әлия Бөпежанова, ақын, Қазақстанның халық жазушысы Любовь Шашкова, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тұрысбек Сәукетаев жазушының тұсауы кесілгелі отырған «Бибі-Сана» кітабының маңыздылығы мен қазіргі қоғам үшін өзектілігін тілге тиек етті.

Бұған қоса, «Көру қабілеті бұзылған азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ директоры Асхат Байұзақов, Брайль кітаптарын шығару бөлімінің кітапханашысы (редактор) Нұрия Баймұратова «Бибі-Сана» кітабының нүктелі-бедерлі қаріппен (Брайл шрифтімен) басылған нұсқасы туралы баяндама жасап, толыққанды ақпарат берді.

Кеш соңында Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов Бибігүл Иманғазинаны «Бибі-Сана» кітабының тұсаукесерімен құттықтап, шығармашылық табыстар тіледі. Сонымен қатар қазақы дәстүрмен авторға Жазушылар одағы атынан сый-сыяпат табыстады.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ӘЙЕЛ КЕЛБЕТІ

Арнайы кітапханадағы зағип азаматтар үшін негізгі ақпарат көзі нүктелі-бедерлі қаріппен, яғни Брайль жүйесі бойынша басылған кітаптар болып табылады.

Осы орайда кітапхананың «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімі орасан жұмыс атқарып жүр. Аталған бөлім қазақтың көрнекті ақын-жазушыларының шығармаларын зағип жандар үшін арнайы нүктелі-бедерлі қаріпте басып шығарып, шығарма авторларымен кездесу ұйымдастырып, Брайль қаріпте шығарылған кітаптың тұсаукесерін ұйымдастырып, өскелең ұрпаққа насихаттап келеміз.

Бүгін мен сіздермен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, тағдырлы тұлғалардың ішкі әлемін шынайы бейнелейтін жазушы – Бибігүл Иманғазинаның шығармалары арқылы өмірлік мотивация жайлы ой бөліскім келеді. Оның қаламынан туған «Бибі-Сана», «Назым» романдары және «Үйіме барғым келмейді...» повесі – тек әдеби туындылар емес, тағдырмен бетпе-бет келген адамның қайсарлығы мен рухани күресін бейнелейтін өмір сабақтары.

«Бибі-Сана» романы – өмір үшін күрестің символы. Бұл шығарма – қазақ әйелінің күрделі тағдырын, өмірлік қиындықтарға мойымай, өз орнын табуға талпынған жанның хикаясы. Бибі-Сана есімді кейіпкердің басынан өткен ауыр сынақтары арқылы біз ерік-жігердің, табандылықтың, үміттің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз.

Өмірде қандай қиындық болмасын, адам өзін жоғалтпауы керек. Сенім мен сабыр – адамның ең үлкен қаруы. Бибі-Сана осыған дәлел.

«Назым» романы – нәзіктік пен рухмықтылығының тоғысы.

Назым – сырттай қарағанда нәзік, бірақ ішкі жан дүниесі өте берік кейіпкер. Ол махаббат, отбасы, қоғам арасындағы қақтығыстарда өз болмысын жоғалтпай, өз жолын табуға тырысады. Оның ішкі жан арпалысы арқылы біз шынайы әйелдің тағдырын көреміз.

Өмірде бәрі бірдей болмайды. Махаббат та, үміт те, сатқындық та қатар жүреді. Бірақ ең бастысы, өзіне деген сенімді жоғалтпау.

«Үйіме барғым келмейді...» повесі – еркіндікке ұмтылу.

Бұл шығармада қазіргі қоғамдағы жастардың ішкі

қайшылығы, бостандыққа деген құлшынысы мен өзін табуға деген талпынысы терең сипатталады. Бас кейіпкердің «Үйіме барғым келмейді» деген сөзі – жай ғана өкпе емес, бұл ішкі еркіндікке, түсіністікке, жана өмірге деген ізденіс.

Кейде өз орнында табу үшін алыстау қажет. Өз-өзіне сұрақ қойып, жауап табуға талпыну – тұлғалық өсу жолындағы маңызды қадам.

Жұртшылыққа қазақтың «Тереза ана», «Бибі-Ана» деген есімдерімен таныс белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрмет, Парасат, Бірінші дәрежелі Барыс ордендерінің иегері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, қоғам қайраткері Бибігүл Иманғазинаның туындылары бізге не үйретеді?

Қандай жағдай болмасын, үміт үзбеу керек. Өмір – күрес, ал адам – сол күрестегі жауынгер. Әйел заты – тек нәзіктік емес, ол – рухтың мықтылығының белгісі.


Өз жолында табу үшін ішкі дауысыңды тыңдай білу керек.

Әрбір кейіпкердің тағдыры арқылы біз өзімізді тани аламыз. Мүмкін біз де Назым сияқтымыз, ішімізде дауыл болса да, сырт көзге сабырлы. Немесе Бибі-Сана сияқтымыз – өмірден соққы алсақ та, мойымайтын жандармыз. Әлде «Үйіме барғым келмейтін» жан шығармыз – өз орнымызды әлі іздеудеміз...

Бірақ бір нәрсе анық. Өмір – күрес. Ал күресуден шаршамаған жан жеңіске жетеді.

Нұрия БАЙМҰРАТОВА,
Брайль кітаптарын шығару бөлімінің қызметкері

МҰХТАР ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ КІТАПХАНА АШЫЛДЫ



Бүгін «Алматы Кітапханаларына» қарасты №4 кітапхана-бөлімшесіне Мұхтар Әуезовтің аты берілуіне арналған салтанатты шара өтті.

Салтанатты рәсімге Алматы қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбеков, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов, жазушының немересі, «Дінмұхамед Қонаев халықаралық қорының» президенті Елдар Қонаев, сондай-ақ белгілі қоғам қайраткерлері, әдебиет пен мәдениет өкілдері, қатысты.

1974 жылы іргетасы қаланған тарихи кітапханаға ұлы қаламгердің есімінен берілуімен шараға қатысушы зиялы қауымды құттықтаған Мереке Әбдешұлы бұл шынында да қуанышты күн екенін атап өтті:

– №4 кітапхана-бөлімшесі – Алматы қаласындағы ең ірі және жетекші кітапханалардың бірі. Кітап қоры 34 000 дананы құрайтын, ал жылдық келушілер саны 350 000-нан асатын кітапханаға Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің есімін беру – руханият жанашырлары үшін үлкен

қуаныш. Алматының құрметіне іспетті Абай данғылының бойында орналасқан осынау парасат ордасына ұлы қаламгеріміздің есімі берілуі тектен-тек емес деп ойлаймын. Кітапхана ізденіс пен білімнің, даналық пен жаңашылдықтың ордасына айналсын. Оқырмандарыңыз көп болып, еңбектеріңіз жемісті болсын!

Салтанатты шарадан соң аталған кітапхана ғимаратында «Мұхтар Әуезовтің Қазақстан мәдениеті мен әдебиетінің дамуына қосқан үлесі» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелді Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнертану институтының директоры Кенжехан Матыжанов жүргізді. Жиын барысында М.Әуезовтің немересі, шығыстанушы және түркітанушы Зифа-Алуа Әуезованың онлайн-құттықтауы тыңдалып, ақын әрі дипломат Олжас Сүлейменовтің атынан қызы Мәдина Сүлейменова сөйледі. Сонымен қатар кітапханаға Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтің жеке кітапханасынан кітаптарды сыйға тарту рәсімі өтті.

Бұған қоса көрнекті ғалым, археолог және этнограф Әлкей Марғұланның бұрын жарық көрмеген «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» атты еңбегінің тұсауы кесілді. Бұл туынды алғаш рет араб тіліндегі түпнұсқадан қазақ және орыс тілдеріне аударылып отыр.

Сонымен қатар кітапханада Мұхтар мен Мұрат Әуезовтерге арналған мемориалдық бөлме ашылды. Рухани сабақтастық пен шығармашылықтың ерекше ордасына айналатын бұл кеңістікте жазушы мен қоғам қайраткерлерінің жеке заттары, сирек кәдесыйлар, үй жиһазының элементтері мен бейнематериалдар қойылған.

Қазақстан Жазушылар одағының баспасөз қызметі

ҰРПАҚТАРЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Алматыда «Жұлдыз» мейрамханасында Халықаралық «Алаш», Түркі әлемі «Ақбозат» және Мұқағали Мақатаев атындағы әдеби сыйлықтарының лауреаты, ҚР мәдениет қайраткері, белгілі ақын Оразақын Асқардың ұрпақтары әкелерінің рухына құран бағыштап, ас берді.

Асты белгілі жазушы Жүсіпбек Қорғасбек жүргізді. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Бексұлтан Нұржекеев, Қадірбек Сегізбай, Ұлықбек Есдәулет және көрнекті ақын-жазушылар Марал Ысқақбай, Әділғазы Қайырбеков, Шаяхмет Алжамбаев пен Жұлдыз Мұқағалиұлы, Алматы қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Қалыбеков және тағы басқалар сөз сөйлеп, ақын аға жайлы естеліктерін айтты.

Еске алу кешінде Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы атынан ақын Қасымхан Бегманов Оразақын Асқардың шығармашылығы, ақынның өміріне қатысты кейбір деректерді айтып өтті.

АҚЫН МҰРАСЫ – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Ұлы Абайдың туғанына 180 жыл толуына арналған шаралар жалғасу үстінде. Жақында Алматыдағы Орбита ықшам ауданында орналасқан №29 балалар кітапханасында «Абай мұрасы – халық қазынасы» атты тартымды кеш өтіп, оған белгілі қаламгерлер және қаладағы №40 орта мектеп пен №145 мектеп-гимназиясының оқушылары қатысты.

Кеште бірінші болып сөз алған журналист, жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Дәулет Сейсенұлы ұлы ақынға арналып өткізілген мерейтойлар тарихына тоқталып, үстіміздегі жылдың тамызында Абайдың 180 жылдығына байланысты Семейде ұйымдастырылған мерекелік

шаралардан алған әсерін айтып берді. Белгілі ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әбубәкір Қайран ұлы ойшыл мұрасының тәрбиелік мән-маңызын ашып көрсетіп, өзінің Абайға арнаған толғауын оқып берді. Ал абайтанушы-ғалым, профессор Серікқазы Қорабай Абайдың ренессанстық тұлға ретіндегі толық адам ілімі туралы ой өрбітіп, ұлы ақын өмірінде елеулі орын алған талантты інісі Халиолла Өскенбаев жөнінде құнды деректер келтірді.

Шара барысында оқушылар Абай өлеңдерін жатқа айтып, әндерін домбыра мен жетігенде орындады. Кеш соңында кітапхана меңгерушісі Алмагүл Жүдеуова әсерлі әңгімелері үшін қаламгерлерге алғысын білдірді.

Анар АРМАНБЕКОВА,
кітапхана қызметкері

Қазақ әдебиетінің аса ірі өкілі, Мемлекеттік гимннің авторы, көрнекті ақын Жүмекен Нәжімеденовтің туғанына 90 жыл толуын оның туған жері Атырау өлкесі республикалық деңгейде атап өтті. «Бұтақтарым биікте, тамырларым тереңде» деп жырлаған ақынның айбыны асқақ, айдыны терең мұрасын келешек ұрпақ алдында мәңгілеу үшін жасалған іс-шаралар бірнеше күнге жалғасты.

ҰРПАҒЫМ, САҒАН АЙТАМ...

Талай дарынды ұл мен қызды құндағына орап, алтын бесік болған Атырау өңірінде 2016 жылдан бері «Ұрпағым, саған айтам» атты республикалық көркемсөз оқушылар байқауы тұрақты өткізіліп келеді. Биыл ақынның мерейтойына орай өткен байқауға еліміздің сан түкпірінен Жүмекен жырларын жатқа оқыған 18–35 жас аралығындағы мәнерлеп оқу шеберлері қатысты. Жүмекен шығармашылығын білетіндер, оның ойлы жырларын құлақпен естігеннен гөрі, көзбен көріп, тылсымына бойлап оқуға арналған ерекшелігін жақсы біледі. Соған қарамастан, биылғы көркем сөз байқауына қатысушылар Жүмекеннің көрінгенге бойлатпайтын жұмбақ та сырлы жырларын жан әлемінен өткізіп, тыңдарманға сәтті жеткізе білді. Байқауға белгілі жүмекентанушы ғалымдар Амангелді Кеңшілікұлы, Алмас Ахметбекұлы, ақынның перзенті Қарлығаш Жүмекенқызы және осы мақала авторы қазылық етті. Қазылар алқасының төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Әбдешұлы Құлкенов жырсуіер көрерменге ақын шығармашылығы туралы жылы лебіз білдірді. Ақтөбе, Маңғыстау, Қарағанды, Астана, Түркістан, Шымкент және Атырау өңірінен қатысқан көркемсөз шеберлері ақын өлеңдері мен көркем прозасынан үзінділер оқып, тыңдарман көңілін тебіртті. Байқаудың бас жүлдесін маңғыстаулық жас дарын Көркем Дүйсенбаева иеленді.

ҰЛТ ӨЛЕҢІНІҢ ҮШТАҒАНЫ... АШАҚ ҚОНЫСЫ...

Құндағы құтты Құрманғазы өңірі – Жүмекен ақынның кіндік қаны тамған киелі мекен. Қазақ күй өнерінің қайнар бұлағы саналатын Еділ мен Жайық арасын ең жайлаған осынау мекенде қанатты қыз, Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанованың, ел шекарасын бекітуде ерен еңбек еткен қайран ер Уәлихан Танашевтың, «қазақ әдебиетінің ақша бұлты» Әбу ақынның, сын өнерінің дүлдүлі Зейнолла Серікқалиевтың, көрнекті жазушы Рахымжан Отарбаевтың дүние есігін ашқаны баршаға мәлім. Жүмекеннің «Ақ шағыл», «Кішкентай» романдарының оқиғасы өткен, балдырған шағына куә болған Қошалақ құмы, Ашақ-Мәші қонысы ұлы ақынның мерейлі жасына арнайы шақырылған алаштың ақын-жазушыларын құм суырған қыр дауылымен қарсы алды. Жалпы, Жүмекен жырлаған жеті бояудың ішінде «қоңыр» деген ұғымның айрықша орын алатынын ескерсек, ақын қаламына жұққан, көкейінен төгілген сол қоңыр әуеннің бастау алған тұсы да осы Қошалақ өлкесі. Ала таңмен Жүмекендей құбылысты дүниеге әкелген киелі топыраққа тағзым ете келген ақындарды белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, осы өлкенің төл перзенті Сәрсенбай Еңсегенов, аудан әкімі Абат Жанғалиев, жергілікті жазушы, Құрманғазы ауданының белгілі азаматы Өмірзақ Қажымғалиевтер қарсы алды. Жүмекен



не сәттілік тіледі. Жиырмаға жуық жазба поэзия өкілі өлең мінберінде Жүмекен ақынның жырларын жатқа оқып, өздерінің көкейкесті туындыларын ұсынды. Белгілі ақын Бакытгүл Бабаş жүргізген жыр кешінен оқырмандар ерекше әсермен тарады.

«МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» ГАЛА-КОНЦЕРТІ...

Еділ-Жайық арасын дүбірлете өткен ұлы ақынның мерейтойлық іс-шараларының жалғасы қаланың орталық стадионында мындаған көрермен жинады. «Менің Қазақстаным!» гала-концерті қалың көрер-

МӘНГІЛІКТІҢ АҚЫНЫ

еліне бет түзеген қаламгерлер керуенін көрнекті ақындар – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Гүлнар Салықбай, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Светқали Нұржан, жүмекентанушы ғалымдар Амангелді Кеңшілікұлы, Алмас Ахметбекұлы, Маралтай Райымбекұлы, Ербол Алшынбай, Әнуар Бимағанбетов, Хамит Есаман, Шерхан Талап және атыраулық белгілі ақындар бастады. Ашақ төбесінде Ж.Нәжімеденовке арнап тұрғызылған ескерткіш басында ақын жырлары оқылып, Қошалақтың тарихы мен аңыздары айтылды. Жүмекен ақынның әкесі майданға аттанғанда атасы Нәжімеден жалғыз ұлының табан таңбасын Ашақ сорына түсіртіп, үстіне қазан жапқан екен. Ұлын сағынғанда төңкерулі қазанды көтеріп, арманда кеткен боздағын еске алған әке сағынышы – тек Жүмекеннің ғана емес, көптеген ақын-жазушылардың қаламын тербеген әсерлі оқиға.

Қошалақтан шыққан қаламгерлерді аудандық Мәдениет сарайында сөз қадірін тамырынан сіңірген құрманғазылықтар асыға күтті. Өлеңсуіер қауым «Ұлт өлеңінің үштағаны» атты поэтикалық-музыкалық кеште Жүмекенмен қатар, туғанына 90 жыл толған Тұманбай Молдағалиев пен Қадір Мырза Әліні де еске алды. Сырлы поэзия мен сұлу саз егіз өрілген кеш ұлт руханиятына ұлы перзенттерін сыйға тартқан құрманғазылықтардың есінде ұзақ уақыт айта жүрер елеулі күндердің бірі боп қалды.

ФАСЫР ҮНІ...

Атыраудағы Жүмекен күндерінің кезекті таңы Әбілқайыр хан даңғылы бойындағы ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Тағзым ету іс-шараларынан соң, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Жүмекен жырлары – фасыр үні» атты республикалық конференция өтті.

Жиынды ашқан облыс әкімінің орынбасары Дарын Шамұратов: «Менің Қазақстаным» өлеңі ақынның 21 жасында жазылған. Жүмекен – қазақтың кең-байтақ даласынан шығып, болмыстың терең сырларын айқара ашып түсіндірген философиялық ойлардың иесі, прозалық туындылары арқылы парасаттылықтың шыңын көрсетіп кеткен тұлға», – деп ерекше атап өтті. Танымал ақын тұлғасы мен мұрасын насихаттауды мұрат еткен игі шарада Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаты оқылды.

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов өз сөзінде ақынды: «Ашақта бұйра-бұйра құмдардың арасында туып, сондағы бұта-бұтамен, құмның сусылымен сырласып өскен, содан да өлеңдері қоңыр туған», – деп сипаттай келіп, Жүмекен шығармашылығынан оның «Төбемде

бұлттар жарысты» «Қыран-қия» өлеңдері мен Мәскеуде жазылған «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Даңк пен дақпырт» атты романдарына тоқталып өтті. Өз кезегінде мемлекет және қоғам қайраткері Сәрсенбай Еңсегенов Жүмекенді әдебиетке жетелеген Әбу Сәрсенбаевтан бастап, өмір жолында кездескен, қолдаған бірқатар жандарды атап өтіп, Жүмекеннің қайсар, турашыл мінезіне ерекше тоқталды. Оның айтуынша, ақынның кеңес өкіметінің тұсында баласына Мағжан есімін қою және оны бір жасқа толғанда Мағжанның бейнесін ертіп апаруы көзсіз ерлік болатын. Конференцияда ақын, жүмекентанушы Алмас Ахметбекұлының «Ұлт ұраны және Ұлы ақын» кітабының тұсаукесер рәсімі өтіп, Мереке Әбдешұлы мен ақынның қызы Қарлығаш Нәжімеденова жаңа еңбектің лентасын қиды. Ақын, жүмекентанушы Алмас Ахметбекұлы «Ұлт ұраны және Ұлы ақын», ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Светқали Нұржан «Ж.Нәжімеденов шығармашылығы туралы сөз», сыншы, публицист, жүмекентанушы Амангелді Кеңшілікұлы «Жүмекен – ұлт ақыны», Атырау университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, жүмекентанушы Қадір Жүсіп «Жүмекен – биік тұлғалы талант» тақырыбында баяндама жасады. Жүмекентану ғылымын жандандырып, сан қырлы шығармашылығын әлі де толықтырып зерттеу керектігі айтылып, талқыланды.

Жүмекен ақынның қызы Қарлығаш Нәжімеденова әкесінің туған жерін ерекше құрметтеп, көп жырлағанын айта келіп, ол кісінің шығармашылығы бойынша кинофильм түсірілсе деген арманы барын жеткізді. Конференция қорытындысында ақын мұрасын насихаттау және зерттеу мақсатында Атырау өңірінде «Жүмекен орталығын» құру, жүмекентану бағытын дамыту мақсатында республикалық әдеби байқау, «Жүмекен оқуларын» жыл сайын ұйымдастыру, ақынның шығармашылығын, кітаптарын әлемдік деңгейде насихаттау жөнінде қаулы қабылданды.

ЖЫР- ЖҮМЕКЕН...

Ғ.Сланов атындағы облыстық ғылыми-эмбебап кітапхананың еңселі руханият залында өткен республикалық поэзия фестивалінде жергілікті поэзия оқырмандары мол жиналды. Жыр кешін облыстық Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Әбіл Жоламанов ашып, ақынның туған жерінде өтіп отырған өлең мерекесі-

менді жыр мен күйге, сыр мен сезімге бөледі. Сахна төрінде Атырау өңірінен түлеп ұшқан өнер иелері – әншілер, күйшілер, ақындар мен жергілікті өнерпаздар өнер көрсетті.

Рухты жырдың иесі, ұлы Жүмекенге арналған іс-шара аясында 1000-нан астам адам қатысқан ерекше көрініс ұйымдастырылды: қатысушылардың бірлесуімен Мемлекеттік Ту мен ақынның бейнесінен құралған әсерлі мозаика жасалып, көпшіліктің көзайымына айналды. Бұл халықтың бірлігі мен рухани тұтастығын бейнелейтін терең мазмұнды көрініс болды. Бірнеше күнге созылған Жүмекен күндерінің негізгі мақсаты ақын есімін келешек ұрпаққа жеткізу, өлмес мұрасын насихаттау болса, атыраулық жастардың аталмыш іс-шараға белсене қатысуы, Жүмекен жырларын жатқа оқу челленджін ұйымдастыруы, осы өңірден шыққан барша өнер иесінің Жүмекен рухына қызмет ету үшін туған жер төсінде түгел басқосуы үлкен символдық мәнге ие болды.

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР – ЖҮМЕКЕНГЕ...

«Жыр жұлдызы – Жүмекен» атты мерейтойлық іс-шараларды қорытындылаған «Менің Қазақстаным» республикалық ақындар айтысы Атырау облысы әкімдігінің қолдауымен, облыстық Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы мен облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өтті.

Айтыстың басты мақсаты – халқымыздың асыл мұрасын жаңғыртып, ана тіліміздің құдіретін дәріптеу, Жүмекен есімін ұлықтау және ел бірлігі мен отансүйгіштік рухты арттыру еді. Бес сағатқа созылған айтыста еліміздің түкпір-түкпірінен келген он екі ақын екі айналым бойынша суырып салып, ел мен жерге деген сүйіспеншілікті жырға қосты.

*Жыр-түйін...
Бір бүйірде қызса деп ем өлеңім,
Бір ұйқыны бұзса деп ем өлеңім.
Ақылдыға қайғы алдырсам деп едім,
Ақымдақты ойландырсам деп едім...*

Жүмекен-жырдың мұраты – осы... Туған жерінде өткен Жүмекен күндерінен соң әркім әркім ой арқалап кетті. Сол әр көкіректегі арманның барлығы «Жүмекен – мәңгіліктің ақыны» деген жалғыз арнаға тоғысса керек...

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА,
Қазақстан Жазушылар одағының
Атыраудағы өкілі

(Белгілі ақын Абзал Бөкеннің Жүмекен Нәжімеденов шығармашылығы туралы мақаласын 18–19 беттерден оқи аласыздар)

«ЖҰЛДЫЗ» ЖУРНАЛЫНА ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Құрметті оқырман!
Қазақ руханиятына ғасырдан астам уақыт бойы қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан «Жұлдыз» журналына **2026 жылға «Қазпошта» арқылы жазылу науқаны басталды.**

«Жұлдыз» – қазақ әдебиетінің алтын ұясы, ұлт сөз өнерінің рухани ордасы. Журнал бетінде қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясының озық

туындылары, әдеби-сын мақалалар, танымдық эсселер мен зерттеулер, әлем классиктерінің шығармашылық тәжірибелері мен құпиялары, сондай-ақ жас қаламгерлердің шығармалары тұрақты түрде жарияланып тұрады.

«Жұлдыз» – өткеннің мұрасын, бүгіннің үнін және болашақтың үмітін тоғыстырған рухани әлем! Осы рухани әлемнен кол үзбеңіз. Колданыз, жазылыңыз.

Жеке адамдар үшін	Қала	Ауыл	Мекемелер үшін	Қала	Ауыл
Индекс: 75685	Бағасы	Бағасы	Индекс: 25686	Бағасы	Бағасы
1 айға	1183,86	1183,86	1 айға	1449,52	1403,86
3 айға	3551,58	3551,58	3 айға	4348,56	4211,58
6 айға	7103,16	7103,16	6 айға	8697,12	8423,16
12 айға	14206,32	14206,32	12 айға	17394,24	16846,32

АРДАҚТА, АНА ТІЛІНДІ!
(Ахмет Байтұрсынұлы монолоғи)

Балғын ұрпақ, жолына нұр тіледім,
Аулақ болғай сендерден мұң сілемі.
Ана тілін қорсынар кейбіріннен,
Жәбірленіп, жаныммен түршігемін.

Көшкен елмен өмірдің күн шуағын,
Кейде ауыр ойлардан тұншығамын.
Ана тілім – қасиетім жырымдағы,
Тілім бітсе, халқымның құрығаны.

Сәлем саған, жас буын, жалғастарым,
Болашақта сендермен жалғасамын.
Тек жалғасам қазақтың тілі арқылы,
Ана тілін ауадай ардақтағым!

Сақтар болсаң халқыңды – тілді сақта,
Баға жетпес мұра жоқ тілден басқа!
Тілден өзге жиһаздың бәрін түгел,
Базарлайсың қалтаңда ақшаң жатса!

АВАЛ ШЫҢЫНДА

Мұнартып Авал тұр биік,
Шаншылып көкке найзадай.
От өріп аспан төсінде,
Жалтылдайды найзағай.

Қарсы алды бізді бұл тұста,
Түн қатқан бір топ партизан.
Толықсып кеткен жас қызға,
Өмір тілеп қарт имам,

Үш саусағы мандайда
Күбірлейді: «Тәңірім,
Қызымды емес, өзімді ал,
Жетеді ғой әмірін!

Бүлдіршін еді, не көрді ол?
Солдырма гүлін бақшаның!
Өшірме, тәңірім, өтімем,
Жалғызымның ақ таңын!

Оқ атты, рас, дұшпанға ол,
Абырой-арын қорлаған...
Күнәкәр ме екен алдында
Өз бақытын қорғаған?..»

Қарт имам солай зарлайды,
Жас жуып аппақ сақалын.
Ал бірақ тәңірі меңіреу...
Ұққан ба зарын атаның!

Қызыл гүл солып барады,
Күн еңкейген ұяға.
Қасірет бұлтын бүркеніп,
«Тас батыр» тұрды қияда.

Жаралы жатыр талықсып,
Ұмытып келер қызығын.
Батар күн ұрлап кеткендей
Беттегі нұрдың қызылын,

Бейне бір аппақ шүберек.
Барады демі тарылып.
Көкірегінде жау оғы,
Тоналып біткен бар үміт!

Уа, дәрігер, – дейді қарт әке,
Тәңірден мүлде түңіліп...
Соңғы рет көзін ашты да,
Жас өмір кетті үзіліп.

Мүмкін, ол әлгі қараста
Авалдық шолды асқарын.
«Тас батыр», қыз да қызықты
Халқына қиды ақ таңын!

«Әділетсіз тәңір!» – еңіреп,
Жалғызын құшты қарт имам.
Жасыңды тый да дұшпаннан
Кек ізде, кәрі партизан!

... Аруды жерлеп Авалға,
Біз ілгері ұмтылдық.
Төменде Белград қаласы,
Көк түтінге тұр тұнып.

Жау оғы жолды кессе де,
Бөгелер емес партизан.

Сақалы тудай желбіреп,
Кек іздейді қарт имам!

Авал, 1944

АҚ КӨГЕРШІН

Ақ көгершін азығын,
Қолыңнан бердің, бөбегім.

ӘБУ СӘРСЕНБАЕВ**СӘЛЕМ САҒАН, ЖАС
БУЫН, ЖАЛҒАСТАРЫМ!**

Ал сені де ана жанының
Көгершіні дер едім!
Әсем ғой ақ құс өзіңдей,
Қызыға күліп қарайсың.
Қатерді әсте сезінбей,
Қауырсын жүнін тарайсың.
Толқиды ол қақса қанатын,
Төбінде лентаң көгілдір.
Жайдары неткен, жарасым,
Көзінде жайнап өмір – нұр!
Сүйсіне қарап сыртыңнан,
Анаң тұр тосып білегін.
Білегі емес толқынған,
Тосуға дайын жүрегін.
Қондырып құсты жас талға,
Шаттана шалқып қарадың.
Көгершін ұшты аспанға,
Көтеріп өмір талабын.
Бақытты күлкі көзінде,
Саусақпен көкті нұсқайсың.
Бүлдіршін – бөбек өзің де,
Ақ құсқа сонау ұқсайсың!

АҚША БҰЛТ

Ақша бұлтым, айтшы маған,
айтшы маған, келдің қайдан?
Кәрі әжемдей айтшылаған,
неге бейкам кездің, майдан?
Жеткен бе әжем ақ шашымен
мені аялап таң алдында,
Әлде Алатау ақ төсінен күн
сүйгенде жаралдың ба?
Мүмкін, бір сәл кесте тігіп
отырғанда Ақбілегім,

Асау құйын кеткен-ді іліп
алдындағы жібегін.
Ақша бұлтты әлем биік,
әкетпе алыс, орал, ағын,
Мүмкін, жарым сәлем түйіп
ұшырған-ды орамалын?
Мен сезімде ұйып тұрмын,
тербе бұлтты жел ерінбей,
Желкілесін сүйіктімнің
кір шалмаған желегіндей!
Баяула жел, көп есілмей,
кума бұлтты, төзесің бе?

Әбу поэзиясы осы ғасырдың жыры болмауы мүмкін емес еді. Сондықтан да оның «Толқында туғандар» романы Кеңес өкіметін орнату һәм орнықтыру әрекетін байыптайды. Ал өлеңдері мен поэмалары өз замандастарының «жарқын келешек» жолындағы «жан қиярлық» күресін кестелеп, кеңестік отанды жаудан қорғау шайқасындағы сұрапыл ерлігін суреттейді.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ

Ақ қанатты көгершіндей
тұрсын солдат төбесінде!
Ақ мамық, бұлт, қон алдыма, қайда кеттің?
Аядың ба –
Ақ марлы боп оралдың ба
әлде оқ үзген аяғыма?
Мүмкін, елге алып ұштың
жауынгердің сағынышын,
Айкасты да ол, жалынышым,
сенің арман-бағың үшін!
Ақша бұлтым, аялдамай
көз алдымнан ұштың ұзап.
Жаралы деп баяндама, күтсін мені,
күтсін ұзақ!

СЕН ҚҰРМЕТТЕ ОНЫ

Сен құрметте оны!
Түсіндің, бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Ерікпеннен ұстап та жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кеше елге қатер төнгенде,
Ол жауға қарсы шапты,
Бізді жалмамақ болған ажалды,
Өр кеудесімен қақты.
Ол арыстанша алысты,
Өлім соққысын өз үлесіне алды.
Денесін оқ пәршелесе де,
Ел намысын қорғап қалды.
Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Сенің келешегің үшін берді ол,
Азаттық, жолында аяғын!

**«ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТІНІҢ АҚША
БҰЛТЫ»**

ҚР Ұлттық кітапханасында көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Әбу Сәрсенбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай еске алу кеші өтті.

Әдеби кешке Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов, қаламгер қауым, әдебиеттанушы ғалымдар, оқырмандар мен ақынның туыстары қатысты. Кеш барысында қонақтар Әбу Сәрсенбаевтың кітаптары қойылған көрмені тамашалады.

Кешті ҚР Ұлттық кітапхана директоры Ғазиза Нұрғалиева ашып беріп, «қазақ әдебиетінің Айвазовскийі» атанған ақынның шығармашылығына тоқталды.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы, теңіз жыршысы атанған, шығармашылық тағдыры халқының тағдырымен өрілген тұлғаның болмысына тереңірек үңілді:

– Біздің ұрпақтың бағы біз Әбу ағаны көрдік. Әбу аға жай ғана үлкен жазушы емес, адамгершіліктің, қарапайымдылықтың, мейірім мен парасаттың бейнесі еді. Ол көптеген жас қаламгерге камкор болып, олардың бойына сенім ұялатты, шығармашылыққа бағыт-бағдар берді. Әрқайсысына өзінің туған баласындай қарап, өмірлік үлгі көрсетті. Әбу Сәрсенбаевтың «Толқында туғандар», «Теңіз әуендері» секілді романдары – Каспий теңізінің толқындары мен теңізші өмірінің қилы сәттерін шынайы суреттеген бірегей туындылар. Теңіз табиғатын, балықшылардың бейнесі мен ерлігін, адам мен табиғаттың мәңгі арпалысын ол шындықтың шыңынан көрсетті. Жазушының өзі де сол теңіздің ұлы еді. Жеті жасында жетім қалып, он жасында Каспийге «қазаншы бала» болып аттанған Әбу аға өмірдің дүлей дауылын да, тіршіліктің суық толқынын да ержүрек жүрегімен еңсерді. Сондықтан оның қаламынан туған әрбір сурет – теңіздің өз дауысы, толқынның өз үні іспетті, – деді Қ. Бегманов.

Сонымен қатар еске алу кешінде ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Жұмабай Құлиев, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Зинов-Ғабден Бисенғалиев, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмат Тілепов, жазушылар Заря Жұманова мен Нұрлан Қами, ақынның жерлесі, филология ғылымдарының докторы Сансызбай Мәдиев, ақын, композитор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, республикалық «Жігер» фестивалының лауреаты Талап Қараш, ақынның туыстары Мадина Манаева мен Кенішбек Сұлтанбеков Әбу Сәрсенбаев туралы естеліктерін айтып, әдеби туындылары туралы өз көзқарастары мен ойларын ортаға салды. Бұған қоса, кеште Әбу Сәрсенбаев туралы түсірілген «Толқында туған абыз ақын» атты деректі фильм көрсетіліп, Әбу Сәрсенбаевтың қызы Райхан Сәрсенбаеваның «Сен құрметте оны» кітабының тұсаукесері өтті.

Қазақстан Жазушылар одағының баспасөз қызметі

Жұмабай ҚҰЛ,

ақын, публицист

«Мен өмірде қаншама адам көрдім, үстінде киімі жоқ. Мен қаншама әсем киім көрдім, ішінде адамы жоқ», — деген екен Жәлеладдин Руми.

Иә, адамшылық, кісілік иініне мауыты жапсырмай-ақ, кенеп пен бөз іліп жүрсе де күләңкөрей айқындалып тұрады екен-ау!

Міне, осы тақылеттес, Әбу ақсақал да бұл жалған дүниеден бап, рақат, ләззат талғамай өткен, біреуге істеген қайырының қайтарымынан баз кешкен, періште тұқымдас, бір жусанды азық, бір жусанды қазық етіп, мұз жастанып, қар төсеніп, бұлт бүркеніп жүре беретін, жаратылысы бөлек әзиздің бірі еді.

Ақша бұлттай ақ пейіл жан өз күнделігіне: «Кейде жас кездегі сүйкімді суреттеріме қараймын. Қайран жастық, сенен не қызық көрдім, өттің де кеттің. Өзгелер сияқты сайрандау да болған жоқ... Табысымды да өзімнен гөрі өзгелер молырақ пайдаланыпты», — деп жазып кетіпті.

Мен Әбу ақсақалды 1985 жылы әлдебір жиыннан көріп қалдым. Үстінде қара плащ, ақжал толқындай ақшаланған шашы бүркырап, қажыған арғымақтай қасымнан жай жылжып өтіп кетті. Аяулы ақынның сол қалпы көз алдымда мәңгіге қалып қойды.

Осы орайда, 1943 жылы жаһандық соғыстағы Әбекеннің өзі жазған естеліктері ойға оралады. Мұстай Кәрім екеуі әскери газеттің тілшісі болып, соғыса жүріп, майдан далаларын тынбай аралайды. Қос ақынның да шыршық атқан шөмеле шаштары арыстанның арда шудасындай сарбаз пилоткасына сыймайды. Содан полк командирі екеуіне де жалаңбас жүруге рұқсат беріпті. Сол алқара шашпен көргенде, Тұзтөбеден тұз тасыған атанның ақшулан басындай үлпілдеген ақ мамыққа айналған екен.

*Ақ Еділдің жағасында сырнайыңды
ойнама,
Қара көзге жас келтірер өткен
күнді ойлама...*

— деп, халық өлеңінде айтылғандай, Әбекендер теңіз жағалаған ой қазақтары да, біз Қызылқоға, Тайсойған, Жем-Сағыз атырабындағылар — қыр қазақтары едік.

Сондықтан да болар теңіз жағасында кіндігі кесілген Әбекен «Толқында туғандар», «Капитан ұлы», «Теңіз әуендері» «Офицер күнделігі» атты роман, хикаяттарды дүниеге әкелді. Қадап айтатын бір жайт — әдебиетімізде бұл тақырыпты тұңғыш рет игеріп қана қоймай, теңіз романтикасын, балықшылардың іс-әрекетін, сыр-сипатын, айдын табиғатын, құбылыс-мінездерін, теңізшілер қолданатын түрлі атаулар мен сөздерді қазақ оқырмандарына алғаш паш еткен Сәрсенбайұлы болатын.

Теңіз тақырыбын өз шығармаларының алтын желісіне айналдырған әлемдік деңгейдегі Эрнест Хемингуэй сынды санаулы жазушылардан ғана тұратын Дүниежүзілік маринистер мен баталистер қоғамына тұңғыш рет мүше болған қазақ тағы да осы Әбу Сәрсенбайұлы.

Сөз арасында белгілі ақын Темірхан Медетбектің бір естелігіне жолшыбай соға кеткенді жөн көрдім: «Ана бір жылдары Маңғыстауға рухани әкем Әбу Сәрсенбайұлы мен Ләзиза апай келді. Құрақ ұша күтіп алдым. Әбекен Атыраудың жоғарғы жағында туған, соғысқа дейінгі жас кезінде теңізші болған ғой. Содан ба, қара жердің үстінде келе жатып та, теңіз үстіндегі кемеде келе жатқандай, теңселгендей болып, ырғалып жүретін. Біраз жерді аралатқаннан кейін Тамшалы деген жердің теңіз жақ бетіне апарды. Су жып-жылы әрі жағасы саяз екен. Содан Әбекен «суға түсейік» деп шалбарын сыпыра бергені сол еді, теңіз жақтан қуанышты дауыс шықты. Қарасак, әлгі теңіз ішінде жүрген екі адам қолдарына нән-нән, бір-біреуі адам бойындай екі бекіре балықты көтеріп тұр. Жарықтық Әбекен-ай, балықты көргенде есі шығып кеткені сонша, шалбарын тастай сап, көйлегі мен галстугін шешпестен суға құмп бергені. Есіл-дерті, екі көзі балық көтеріп тұрған екі адамда, мен шешінген бойда Әбекенге жетіп, ол кісіні зорға тоқтаттым. Екі қолынан сүйрегендей болып, әзер дегенде жағаға шығардым. Екі балықшы да екі бекірені көтеріп әкеліп,

құм үстіне тастады. Әбекен балаша қуанып, ылғалды құмда жатқан балықтардың арқасынан сипап-сипап, тіпті иіскеп те қояды...»

Міне, Темірхан ағамыздың естелігі осылай сөйлейді. Киімін де шешпей, сексеннен асқан шағында суға қойып кетуі — сонау албырт шағындағы теңізшілік, балықшылық кезеңін өлердей сағынғандығы емей, не-

Көңілден кетпес КӨРКЕМ ЖАН...

мене?!

Қалай дегенмен де, қанбай қалған құшыр, сартап боп алыста қалған самала саздар адамды түрлі күйге салады-ау!

Иә, туа сала ту ұстағандай дерлік, Әбу сынды аттары тым ерте аңызға айналған қажырлы қаламгерлердің қайсар жырларын, мейірбандығын, шарапат-шафхатын, артынан ерген қараларына қылған қайыр, қамқорлықтары туралы естеліктерді күні бүгінге дейін қайталап оқудан жалықпаймыз.

Әзелде, Құдайға сүйіспеншілік құшағында жүріп, өз жекебасының құштарлығын жойған пенде ғана ұшпаққа шығады және кемел дүние тудыра алады.

Тағы да Әбекеннің күнделігіне (10.03.1976) кезек берейік: «Саттар Имашевпен әңгімелестім. Ол мені жылы қабылдады. Маңғыстаудың тарихи ескерткіштері, жер асты ғимараттары жайлы өтінішімді С. Ниязбековпен бірігіп шешуді кеңестеді. Абылдың 200 жылдығына байланысты жыраулар шоғырына символикалық ескерткіш тұрғызу және Сәттіғұл жинағын шығару сияқты мәселелерді неге екенін білмеймін, кейінге қалдырды. Маңғыстау композиторларының ән-күйлерін репертуарға енгізу, Маңғыстау филармониясы жайлы пікірімді қолдап, жазып алды. Қадірлі Қажекеннің, Қажым Жұмалиевтің 70 жылдығын өткізу, зиратына белгі қойдыру жайлы ұсынысымды да жерге тастамай, тиісті шешім қабылдайтынын

Әбу Сәрсенбаев өзінің табиғатынан, болмысынан биязы кісі. Ақынның өзі де ақша бұлт сияқты кісі жанына көлеңке боп тиіп көрмеген жан. Қандай сезім тұсында тап келсең де, ақын ағаның қоңыржай мінезі кемерінен асып төгілмей, бастапқы бір қалпында, бір теріге сыйып тұрады.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ

мәлімдеді».

Міне, оңшең елдік әңгімелер, халық көкейінде жүрген өтініш-тілектерді Әбекен мемлекет деңгейінде шешуге ат салысады. Өзінің, қара басының мұн-мұқтажы туралы бір ауыз сөз жоқ.

Эпик ақын Хамит Ерғалиев Әбу ағасы алпыс жасқа толғанда:

*Әбу ақ қой шағала, желкеннен де,
Құшып тұрып сүйеді желкеннен де.
Ақша бұлтқа қарайды ол аспандағы,
Жердегі бір пысықтан жеркенгенде...* —

деп, оның дарқан мінезін тап басып, осылайша, тебіренеді.

Абыз тұрпатты Әбекен біраз атырапты жылытып, көгалға айналдыра ағатын гольфстрим ағысы сияқты, айналасына мейірімділік, имандылық ұрығын себе жүретін.

Сондай-ақ Әбіш Кекілбайұлы да әзиз жан туралы бірталай сыр ақтарады. «Әбекен редакциялар мен баспаларға да көп баратын. Жалғыз бармайтын, қашан көрсенде қасында бір-екі жас қаламгер жүретін. Колтығында бума-бума қолжазба. Өзінікі емес, өзгелердікі. Ұнаған қолжазбаны дереу қолтығына қыстырып, авторын қолынан жетектеп алып, әр есікке бір кіргізіп: «Мынандай талантты танысыңдар ма?» — деп жерден жеті қоян тапқандай, табалдырық тоздырып жүретін жалғыз осы Әбекен ғана еді.

Алпысыншы жылдары әдебиет бо-сағасын аттағандардың біразы осы әзиз ақынның алдын көріп, ақ батасын алғандар еді. Әбекен Алматыда консерваторияның театр факультетінде оқып жүрген Сайын Мұратбаевтың әңгімелерін оқып, онды-солды мақтап, масаттанып бақты. Әбу ақын

ауылда ауырып жатып жазған Қанипа Бұғыбаеваның қажырлы да қыжылды ойшыл өлендеріне тебіреніп, Алматыға алдырып, үйіне жатқызып, емдетті. Мейірбан жан Ақсу беттегі бір совхозда парторг болып істейтін Құдаш Мұқашевті да топқа қосқан-ды. Со-нау Маңғыстауда бұрғышы болып жүрген Темірханның да аяқ алысына тамсанып, көшке ілесуіне қамқор қолын созған-ды. Бұл тізімді соза берсек, жуық арада аяқталар

ретін пингвиндей, таршылық кезеңде өз сыбағасын аузынан жырып үлестірген, үйіне жатқызып, емдетіп-тәрбиелеп, қамқорлаған, елге танылсын деп елбейрей жүрген, ол көтерген талай ғаріп пен қасерлер, шәкірттері Әбекеннің бұл шүлендігін, сақилығын ғұмыр бақи ұмытпайтын шығар.

«Әбу Сәрсенбайұлы әсіресе талантты жастарға елгезек. Алтын уақытын сарп етіп, олардың бабын табудан қартайса да



түрі жоқ.

Ол әсіресе Жүмекен Нәжімеденов дегенде, ішкен асын жерге қоятын. Құдайдың құтты күні: «Әй, Әбіш, Жүмекеннің өнеуекүнгі кірген үйі суық болып шықты, «Алатау»

жалыққан емес. Небір тамаша, кісілігі басым адамдар шығармашылық талантқа ие бола бермейді. Олардікі — адамдық талант. Адам болу үшін де талант керек. Ал небір талантты жазушы, композитор, суретшілердің адамдық қасиеті қарын аштыратыны бар. Оларды тек шығармасынан ғана көру керек.

Ақиқатын айтқанда, Әбу аға жүрегінде адамдық та, шығармашылық талант та қосақтала қоныстанған. Бәлкім, оның ұзақ жасауына, алғаусыз ақ пейілі мен кіршіксіз ниет-тілегі, жастардан алған уыз батаның да жәрдемі тиген шығар.

Міне, бұл қазақтың ақтан кер шайыры Ғафу Қайырбекұлының Әбу ағасы туралы ақжарма толғанысы.

Біз арғы-бергі арыстардың әзиз жан туралы жүрекжарды пікірлерін неге тізбелеп отырмыз?

Амал не, бүгінде Әбу Сәрсенбайұлы мен Әбіш Кекілбайұлында кездесетін теңдесі жоқ мейірбандық, бауырмалдық құстың сүтіндей, аюдың өтіндей зәрулікке айналды.

Көзі тірісінде әл-Атрауиды әкесіндей сыйлаған Тұманбай Молдағалиев: «Бұйра шашын сілкіп тастап, Алматы көшесінде жеделдете басқан Әбу ақсақалды көргенде, біреулерге жақсылық істеу үшін асығып бара жатқан «жедел жәрдем» көлігін көргендей әсерде боламын», — деп елжірей еске алады.

Иә, алыстағы біреудің сүйегі шытына-са, үйінде алабұртып, сіркесі су көтермей қиналатын аруақты сынықшыдай, бейнет шеккен жандарға жеткенінше Әбекенде тағат қалмайтын.

«Алла тағала бағы жанар жігітке, алдымен, бейнет береді» дегендей, Әбу Сәрсенбайұлы патшалық ресейдің отаршылдық көршенгелін, төңкерісті, ашаршылықты, атып-асу зұлматын, жаһандық соғыс қасіретін белшеден кешіп өткен кәрі тарлан, қаһарман тұлға, сұлулықты сүйген сыршыл ақын, құпиясы қырық қатпар заманадан түңілмеген сұңғыла ойшыл, іштегі шерін имандылыққа, мейірімділікке, сәруарлыққа ұластырған мұңлы шайыр. Ойрана заманның ойнамалы саясаты да оны өзгерте алған жоқ.

1995 жылы тоқсан жастан асқанда, дерт қажап арыған денесінің соңғы қызуын халқына саусақ ұшындағы қаламынан сарқып беріп, шыбын жаны пейіш патшалығына қарай ақ бу боп қалықтай жөнелді. Ол бу — өзі жырлаған ақша бұлтқа айналып, аспан әлемін кезіп кетті...

Алматыдай алып шаһардың жайын ауызына жұтылып кеткеніме бір аптадай болған. Қаланың қарбалас тірлігіне кәдімгідей үйреніп қалдым. Жалдап жатқан жерім – Шемякин көшесіндегі 138-үй. Көше бұрын Винницкая атында болып келіпті де, кейіннен Дубосеково разъезіндегі ұрысқа қатысқан 28 гвардияшы-панфиловшылар құрамындағы старшина, Совет Одағының Батыры (1942) Шемякин Григорий Мелентьевичтің (1906–1973) атына ауысыпты... Бағыма қарай үй иелері адам бөтенсіремейтін бауырмал жандар болып шықты. Алексей Сергеевич Китастьй Ұлы Отан соғысының ардагері, капитан. Әйелі Ира тәтей – неміс қызы. Оның шешесі – әзербайжан, неміске тұрмысқа шыққан. Бала-келіндері Сергей мен Ольга қолдарында, бірге тұрады. Үш түрлі ұлт өкілдері бас қосқан отбасына бір қазақ келіп қосылды.

Медет ДҮЙСЕНОВ

– Теперь мы многонациональная семья, – дейді Алексей Сергеевич күле сөйлеп.

С.М.Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік университетіне (қазіргі ҚазҰУ) оқуға тусу үшін құжаттарымды тапсырып қойғанмын. Бүгінгі шаруам Дзержинский көшесі мен Сейфуллин даңғылы аралығында орналасқан Интернационал көшесіндегі (бұрынғы Солдат көшесі) 29-үй, 1-пәтерге келе жатырмын. Қазақтың көрнекті классик ақыны Әбу Сәрсенбаев сонда тұрады. Қолымда жолай базардан сатып алған гладиолус гүлі. Жаңқалтамда ақын Темірхан Медетбековтің мен туралы жазып, Әбеңе жолдаған сәлемхаты. Издеген үйімді тауып, сәлден соң жүрегіме есік қоңырауын бастым. Есік жайлап ашылды да аржағынан бұйра шашы акбурлы тартқан Әбекеннің өзі көрінді. Амандасып жатқанымда, қолымдағы гүлді көріп:

– Гүл ұсынатындай біздің үйде бойжеткен қыз жоқ қой, – деді. Қысылып қалдым. Ішке кірген соң қонақ күтетін бөлмедегі Ләзиза, Райхан апайларға көрісіп, сәлемдестім. Әбең төр жақтағы жапсарлас бөлменің есігін ашып мені сонда шақырды. Жазу кабинеті екен. Қарсы қабырғадағы сіресіп тұрған кітаптардан көз сүрінді. Одан жоғарыда көгілдір бояумен салған теңіз айдыны, ұшып жүрген шағалалар... Суретке арбалып тұрып қалсам керек, «мұнда отыр» деді Әбең креслоны нұсқап, өзі диванға жайғасып жатып. Темірханның хатын ұсындым. Оқып шығып, Темірханның хал-жағдайын тәптіштей сұраумен болды. «Екі-үш өлеңді оқышы, көрейік», – деді содан соң, ілгері ұмсынып. Әсіресе Әбене ұнағаны «Қаратау», «Сонғы бәйге» атты өлеңдерім болды. Жазғандарымды суретіммен қоса алып қалды. Бұл кейінірек «Сапарың сәтті болғай, талапкер!» деген Әбеңнің жолашар лебізімен «Жалын» альманахының 1978 жылғы 1-нөмірінің 75–76-беттерінде жарияланды.

Оқу мәселесіне келсек, Рымғали Нұрғалиевтің (қабылдау комиссиясының хатшысы) үйіне ертіп апарып мені таныстырып, мықтап табыстап кетті. Әкемдей қамқоршым болған Әбекеннің маған жасаған жақсылығын тіріде ұмытармын ба!?

Студент атанғанымды естіген Әбең кітап сөресінен жақында ғана шыққан «Ақырғы гранаталар» өлеңдер жинағын суырып алды да: «Медет ұлым, оқуға түскен қуанышына менен шашу деп қабылда. Алдыңнан ақ күн туғай. Аталық тілекпен Әбу Сәрсенбаев. 14.09.77. Алматы» деп жазып, қолыма ұстатты. Кезінде Әбеңнің көмегін көрген ақын-жазушылар көп көрінеді: Жүмекен Нәжімеденов, Зейнолла Шүкіров, Сайын Мұратбеков, Әділбек Абайдіданов, Меңдеш Сатыбалдиев, Қанипа Бұғыбаева, Темірхан Медетбеков... Бұл тізімді бұдан әрі де сағызша

соза беруге болады. Жә, осы да жетер. Құдай-ау, өз шаруасын ысырып тастап, қаншама адамның қам көңіліне қанат бітіріп, үмігін үкідей желбіретіп жіберу, қамқорлық көмегін аямау дегенің кез келген кісінің қолынан келе бере ме!? «Бұлақ көрсен көзін аш» депті бабаларымыз. Соның үдесінен шыққан біреу болса, ол – Әбекен.

Бірде, Маңғыстауға келген сапарымда (Ләзиза апа екеуі) Ақтауда болып, сосын, тікұшақпен Форт-Шевченко қаласына барып, оқырмандармен кездесу өткізген соң Таушық ауылындағы біздің үйге соғу жоспарлары болыпты. Апамыз, Раушанға (менің қызым) көйлек қарап біраз әлекке түсіпті. Мұны маған кейіннен Темірхан айтты. Әбекеннің ойы менің әкеммен танысып, әңгімелесу екен. Екеуі жандай құрдас. Өкінішке қарай, өндіріс орнында күрделі бұзылыс болған ба, тікұшақ оларды Шетпеге түсіріп тастап, Қаражанбасқа кетіпті. Әбеңнің өтініші бойынша, аудандық атқару комитетіндегілер Таушықтағы маған көлік жіберіпті. Келсем, кенсе алдында тұрған Оңайжан Сармурзин мен Қабиболла Есболов екеуі мені ертіп алып сол кезде аудандық «Жаңа өмір» газетінің редакторы болып істейтін Асан Әбдіровтің үйіне қарай беттедік. Құрметті қонақтарды қарсы алу, күту шаруасын Асан ағамыз өз мойнына алыпты. Келсек, ас дайын болғанша Құлбарак ата басына барып тағзым етіп қайтайық деген. Асекең бастаған қонақтарды күтіп ауладағы көрпе-төсек жайылған нар үстінде бір-бір жастықты алып қисая кеттік. Бие сауымындай мезгіл өтісімен қорымға кеткендер де келіп «Уазиктен» түсіп жатты. «Баламыз келіпті ғой» деп Әбең мен апай мені кезек-кезек құшақтарына алып бетімнен сүйіп мәре-сәре болысты. Фотограф Арман бәрімізді нысанаға алып, аппаратын шыртылдатып суретке түсірумен жүр. Асан аға аймағымыздың абыз ақсақалы Алшын қарияны алдыртты. Ол кісі келісімен жапырлай амандасып-көрісіп, ішке кірдік. Төрге төбедей болып жайғасқан Алшекемнің жанында Әбең мен Ләзиза апай, одан кейін Оңайжан, Қабиболла, Темірхан т.б. жастарына қарай орналасып жатты. Қонақтарға «жол болсын» айтқан Алшекем Құлбарак батырдың денесі Маңғыстауда, басы Хиуада жерленгенін айтып:

*Аржағың ер Есболай Итемгеннен,
Келеді айқын жүйрік «ит өлгеннен».
Қайтпады қайран ерлер қауымына,
Ажалға өзі барып сүйкенгеннен.*

*Құлбарак туып еді Табылдыдан,
Жау көрсе жаман қашар шабындыдан.
Ер жігіт үйде туып, түзде өледі,
Тигенде ажал оғы қағындыдан, –*

деп атақты Абыл жырын төкті де тастады. Аз-кем тыныстап алып «мынау қай бала?», «анау қай бала?» деп әрқайсымызбен танысып-білісіп, маған жеткенде: «Әлгінде өзіңіз айтқан Құлбарактың туған жиенімін», – дедім, ішкі мақтаныш сезімімді ірке алмай.

Біртүрлі сенбегендей раймен «Бержағын айтшы», – деді. «Анам каратоқай беріш Бекмағамбетің қызы, Омылхан, Жәкірбай деген нағашыларым бар» дегенімде, шежіре кісі ғой, оларды танитын болып шықты. Табылдыдан бері қарай таратып берді. Тарихтан сыр шерткен сұхбатымыз, ел-жұрттың жағдайына, мұнайлы өлкеміз жайлы әңгімелерге жалғасты. Қысқасы, бұл бір тәлім аларлықтай тамаша отырыс болды. Әбең мен Ләзиза апаны Алматыға баратын түнгі пойызға мінгізіп, қол бұлғап қош

жүректі жандарға деген алғыс сезімімізді білдіріп ауылға қайтқанбыз.

Бір-бірін жан-тәнімен ұғысып, көңіл қалауымен қосылған жарасымды жанұя қандай болады десе, Әбең мен Ләзиза апайды көрсетер едім. Өзара сыйластықтары қандай десеніңізші. Ләзиза Мешітбайқызы Павлодар облысы Ақсу ауданында 1908 жылы қажының отбасында өмірге келіп, өсіп, білім алып бойжетеді. Сауатсыздықты жою мектебінде мұғалім болып жүріп 1930 жылы Алматы қаласындағы КомВУЗ-ға оқуға

АСПАНДА ЖҮЗГЕН



айтысып қала бердік.

Алматыға кезекті сапарымда ел көрсін, жер көрсін деген оймен жетінші класта оқитын қызым Раушанды өзіммен бірге ала кеттім. Ол сабаққа алғыр болатын. Алексей Сергеевичтің үйіне түстік. Келесі күні Әбендікіне (Әбу) бардық. Әкей мен Ләзиза апай қызымның бет-ауызынан түк қалдырмай сүйіп, қатты қуанды. Райхан апай ағылшын тілі оқулығын жазған адам ғой, Раушанға ағылшын тілін үйретем деп әлек. Ол болса, бұрыннан неміс тілінен сабақ алып жүрген. Фариза апай келгенде оның бәрі жайына қалды. «Менің қызым» деп өзіне біржолата меншіктеп алған апай Раушанды көшеге ертіп алып кетеді. Үнемі солай.

Біз (Раушан екеуіміз) қаланың көрікті жерлерін аралап, М.Горький атындағы Орталық мәдениет және демалыс паркінде болдық. Хайуанаттар паркіндегі бұрын көрмеген түрлі аң-құстарды көріп тамашаладық. Аспалы жолмен Көктөбеге көтерілдік. Айналасы, белуардан келетін алуан түрлі жабайы гүлдерге толы. Раушан әр гүлді бір иіскеп, мәз-мәйрам... Арада екі аптадай уақыт зымырап өте шықты. Ұшаққа билетіміз алулы. Ауылға қайтар алдында Әбеңнің үйінен аттандық. Ұшуға әлі ерте болған соң қыдырыстап жүргенбіз. Бір кезде Раушанның оқыстан шыққан дауысынан жүгіріп қасына барсам, бір аяғы жерге төселген плита темірдің арасына кіріп, сынған темірдің біздей ұшы балтырдың ұзына бойын ырсытып тіліп кетіпті. Әуелі әуежай басындағы санитарлық көмекке жүгініп, содан соң ауруханаға жеткіздік. Аяғын басып жүре алмайды. Сонда бір аптадай жатты. Фариза апай да, Әбең де дәмдерін тосып, хабарласып, келіп-кетіп жүрді. Қарапайым, үлкен

түсіп журналист мамандығын алып шығады. Әбу мен Ләзизаның алғашқы танысып-білісуі осы КомВУЗ-да басталады да, ақыры қос жүректің қауышуына әкеледі.

*Әрқашан өзің болдың сағынарым,
Мөп-мөлдір қасиетіңе табынды арым.
Келдің сен бақытымның ақ құсы боп,
Көркейтіп Сәрсенбайлар шаңырағын,*

– деп жан-жары Ләзизаға деген ынтық ықыласын, шынайы ризашылығын ақ шуақ сезімге бөлеп жайып салады. Ләзиза апай облыстық «Сталин жолы», республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Қазақстан әйелдері» журналында жұмыс істеп өмірден көрген-түйгені мол тәжірибелі журналистке айналды. Талай талапты жастарға қамқорлығын аямай қол ұшын созды. Соның бір ғана мысалы Қанипа (Бұғыбаева) апамыз. Қанипа талантының тамыр жайып танылуы, көрнекті ақын болып қалыптасуына көп көмегі тиген абзал жандар Ләзиза мен Әбекен болатын. Бізбен бірге оқитын Қанипа апай сол үйде жатып оқыды. Қаншама келімді-кетімді қонақтары көп болса да, олардың қабақтарын бір шытқанын көрген емеспін. Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың: «Біз көрген заманда өз кісі болса, ол – басқа ешкім де емес, тек Әбу ақын шығар. Не үлкенге, не кішіге қабағын түймей, тілін тигізбей, өмірден обал мен сауаптың ала жібін аттамай, адал өтуге тек сол кісінің дәті шыдаған шығар», – деген сөздері ойға оралады. Осынау тамырды тап басып айтқан тәмсілдің шындығына талай рет көзім жетті.

Оның, мен мектеп бітірген жылы «Жазушы» баспасынан «Ақша бұлттар» атты өлеңдер жинағы шықты. Алақаныңды барынша ашып барып ұстайтын қалың кітаптың ішіне кірдім

де кеттім. Бас алмастан, ал кеп оқиын. Маған әсіресе қатты әсер еткені «Ақша бұлттар» деген шығармасы болды. Өлеңнің өнебойы тұнып тұрған әуен дерсін. Әнге сұранып-ақ тұр.

*Көк жүзінде көлбей жүзін,
Неге, неге кездің майдан? —*

деген жолдарды домбырамен ыңылдай айтып, қайта-қайта күбірлеп жүргенімде кеудемнен шағала-саздың қалай қанат қағып көтеріле жөнелгенін капелімде өзім де байқамай қалғандаймын. Сонымен не керек, алғашқы

ғана нәрсе емес, ақынның ой-сезімінің өскендігін түгел көрсете алады деген ойдамыз...

...Бұл елін сүйер адамның жан сөзі. Елін, жерін сағынған ақынның әрі ойлы, әрі кестелі толғауы. Бұрынғы поэзиямызда айтылмаған сөз, берілмеген тенеулер» десе, Әбдіжәміл Нұрпейісов: «Ақша бұлт» — ақын жүрегінің тереңінен тас бұлақтай жарып шыққан сұлу сазды, сыршыл лириканың қан майданнан ұшырған ақ шағаласы...» деп баға береді.

1985 жылдың 6 қыркүйегінде об-

АҚША БҰЛТ *(Әссе)*

Бұл кісі балықшы баласы, өзі де балықшы болған. Шығармашылығында терең түбін түптемей тынбаған тақырыбы да теңіз. Ұлы өзеннің теңізге еңсеріле құлаған жерінен «Еділ толқыны», «Ақмаралдың жүрегі» атты дастандар туып, Әбекеннің ақындығын оқытса, «Толқында туғандар» мен «Теңіз әуендері» оның роман ауқымынан шыға алатын шежіре жазушылығын, ал «Теңіз махаббаты» драматург екендігін елге танытты.

Хамит ЕРФАЛИ

шумақтың соңғы екі жолы әнге айналды да, енді бастапқы екі жолды соған сай етіп кіріктіру керек еді. Алғашқы Ақша бұлттар деген тіркесті көтеріңкі дауыспен бастап барып, жаймақоныр әуезбен жалғастырдым.

Ән әуелі ауыл сахнасында, той-томақтарда, жастар бас қосқан кештерде кластасым Балтабек Шамғұловтың домбырамен сүйемелдеп айтуымен кең тарала бастады. Алматыда оқып жүрген кезімде «Ақша бұлтты» нотасымен «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетіне бердім. Бір күні таңертең университет маңындағы киоскіге газет-журнал алғалы келсем, бірге оқитын курстас ағамыз, ақын Кәрім Айнабеков тұр. Қолында — «Лениншіл жас». Мені көре салысымен «композитор екенсің ғой» деп құттықтап, құшағына қысты. Ән 9 май күнгі нөмірде (1978 жыл) 4-бетке басылыпты. Сабақ басталар алдында Кәрекең жиналған студенттерге газетті қайта-қайта көрсетіп, қуанышымы бірге бөлісті. Сабақтан соң Әбеннің (Әбүдін) үйіне тартым. Мені көре салысымен Әбен: «Таң атқалы телефонға тыным жоқ. Құттықтаудан құттықтау...», — деді. Мен ала барған газетті алып, немересі Сақыпжамалды шақырды. Ол пианинода ойнап, мен қосылып айтқан болдым. Әнді тыңдап тұрған Ләзиза апай: «Жақсы екен, айналайын. Өнерің өрге жүзсін!» деп батасын берді. Кейіннен ауылға демалысқа барғанымда, Таушық мәдениет үйінде әнші Қажыбек Бекбосыновтың концертін тамашалап отырғанбыз. Бір кезде хабарлаушы: «Келесі тыңдайтындарыңыз «Ақша бұлт» деп менің әнімді атағаны ғой. Қажыбек нәшіне келтіре орындап, онымен концерт аяқталғаннан кейін таныстық. Қажыбек Құдайбергеноұлы Алматы облысы, Ақсу ауданында туыпты. Өзі менен екі жастай үлкендігі бар. Алматы эстрада-цирк өнері студиясын бітіріпті. Сол Қажыбек кейін келе Құдай берген өнерінің арқасында «Қазақстанның халық артисі» атағын алды (1998).

Әбу Сәрсенбаевтың «Ақша бұлт» өлеңдер жинағы ертеректе 1947 жылы кітап боп басылып шығыпты. Мен оқып танысқан 1966 жылғы «Ақша бұлттар» мен екеуінің арасында біраз өзгерістер бар. «Ақша бұлт» өлеңіне қатысты сөз зергері Ғабен (Мүсірепов): «...Әбүдін соңғы жазған «Ақша бұлт» деген өлеңін алып қараңыз, бұл бір реті келіп қалған

лыстық газетте істейтін досым Әбілқайыр Спановтан көлдей хат алдым.

*Хұрмәтлу уә ғизатлу, Медет шайыр,
Сәлем саған жолдайды Әбілқайыр.
Фәниде бұл пәтшағар бек жүреміз,
Иншалла болғай-ақ деп арты қайыр,* — деп өлеңдетіп бастаған хатты қысқа қайырсақ, әңгіменің токетері мынау: «...Меке, саған бұл хатты жазуыма себеп, 15 октябрьде Әбу атанның юбилейі еді. Соған Темірхан екеуіміз бір бет дайындап жатырымыз. Ақсақалға арнау өлеңді жазуды арқалы, арынды, қарымды (әрине, осы маңайдағы «ақынның төрелерімен» салыстырғанда ғой) деп тауып саған жүктегелі отырмыз. Оның үстіне ақсақалды тәуір білесін, тәуір көресің дегендей». Соны кідіртпей жібергеніңді құп көреміз... Дұғай-дұғай сәлеммен Әбілқайыр».

Осы үшбу хатты алысымен үстелге отырдым... Сол кезде «Коммунистік жол» аталатын облыстық газеттің үшінші бетінде (№198, 15 октябрь, 1985.) «Сексеннің сеніңіңде Әбу ақын» деген жалпы тақырып аясында Темірхан Медетбековтің «Атырау ақиығы», «Әбілқайыр Спановтың «Ақжарма жанды ағамыз», Шора Тәжімғалиевтің «Толқында туған дауыл-жыр», менің Ә.Сәрсенбаевқа арнаған «Теңізбен тілдесу» атты өлеңім, сондай-ақ әдебиеттің көрнекті өкілдерінің Әбен творчествосы жайлы қысқаша берілген тобықтай-тобықтай түйінді пікірлері де жарияланыпты. Сондағы «Теңізбен тілдесуді» таныстыра кетейін: *Дүбірге толы теңіз бе дерсің бұл ғалам,
Керегіп тұр-ау құдіретті саған*

қыл қалам.

*Сөзбенен шіркін тұлғаңды сенің салар ма ем,
Айвазовский бояу тілімен жырлаған.*

*Шамырқанғанда, теңізден соққан жел де үдеп,
Шақырмай шабыт, шыдарсың қалай сен, жүрек?!
Жойқын жасақтай жөңкіліп бара жатқанда,
Асау толқынның арыстан жалы желбіреп.*

*Кеудеңе қонған сәулелі шаттық, талай мұң,
Кемеңгер сынды келбетіңе үнсіз қараймын.*

*Маржан көбігін жұлдыз ғып шашқан аспанға,
Ақпейілің бе, ақжарма көңіл ақ айдын?*



*Келеді әне құшағын ашып жағалау,
Өзіңе тартып көгере қалған бақ анау.
Арғымақ аттай, арнасын кенет бұрып ап,
Өзендер біткен асығып саған ағады-ау.*

*Өремін өлең, жағаңа сенің жетемін,
Көремін сенен өмірдің күрес екенін.
Тынымсыз мынау ұқсайды ұлы теңізге,
Таулары — толқын, баулары — торғын мекенім.*

*Жылдардан сонау, болашақ жайлы ән тыңдап,
Тұрамын толқып, әкеліп жатса әр күн бақ.*

*Махамбет ақын семсерін еске салады,
Осқылап өткен жасынның оты жарқылдап.*

*Атырау дана, тербетер сырды алуан,
Алуан сырдан жақсылық бойға дарыған.
Сөйлейді сонда Құрманғазы ата күйлері,
Суылдап ұшқан дауылпаз қанаттарынан.*

*Табиғат-ана! Таңданбай, сірә, тұра алман,
Ғұмырымда осы шыға алмай жүрмін құмардан.
Мәңгілік мені ғашық қып қойған тереңдік —
Атырау әлем! Тамшыдан титтей құралған...*

*Қызыға қарап, толғана қалған шағыңа,
Толқында туған талайлы тарландарыңа.
Жанымның аппақ желкенін жайып жүземін,
Қолымды созам ақша бұлт армандарыма.*

*Көкірегіңді шуақты сезім кернесе,
Достарым менің, теңізге тартқын ендеше!*

*Ақынмын деген жандарға әсте сенбеймін,
Теңіздей шалқып, теңіздей тебіренбесе!..* Әбекенді «Қазақ әдебиетінің Айвазовскийі» деп бекер атамаған. Прозалық шығармаларында болсын, өлеңдерінде болсын, олардың өзегінде тулаған теңіздің ақжол толқындары тін тартып жатады. Мына ғажапқа қараңыз: облысы Атырау (теңіз), ауданы — Теңіз, алғаш балықшы болып еңбек еткен жері — теңіз. Туғаннан теңізбен тағдырлас ақынның теңіз туралы толғанбауы, тебіренбеуі мүмкін емес қой. Қашанда оның көз алдында көлкіген теңіз айдыны көлбеңдеп тұрып алатын сияқты болып көрінеді маған. Теңіз жыршысының тынымсыз еңбегі тұшымды туындыға айналып, жағалауға асықан теңіз толқындарындай өзін күткен оқырмандарына жетіп жатты.

«Еділ толқыны» (1937ж), «Жүрек сыйы» (1938ж), «Ант» (1939ж), «Ақша

бұлт» (1947), «Туған өлке» (1948), «Махаббат жыры» (1949), «Өлеңдер мен дастандар» (1955), «Миллиардтың ізімен» (1958), «Баспалдақтар, биіктер» (1971), «Ақырғы граната» (1976), «Маржан таулар жырлайды» (1982), «Ғасырмен ғасыр беттесе» (1995) т.б. өлең жинақтары жұртшылық жүрегіне жол тартты. «Толқында туғандар», «Теңіз әуендері» романдары, «Капитан ұлы» повесі, «Батырдың ізімен», «Ұстаздар мен тұстастар» тәрізді прозалық шығармалары отансүйгіштікке баулитын, тәлім-тәрбиелік мәні зор туындылар. «Жазушы» баспасынан Әбеннің 5 томдық шығармалар жинағының алғашқы қос томдығы әрқайсысы он бір мың дана тиражбен шығып қолымызға тиді. Соған: «Медет ұлым, келешегіңнен үміт күткендерімнің бірі едің. Үмітімді алдамас деген сеніммен өз шығармаларымның алғашқы екі томын ұсындым. Әбу Сәрсенбаев. 07.02.82» — деп жазыпты. Оның қаламынан туған публицистикалық мақалалар қаншама! Кейде мерзімдік баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларының соңына Әбу әл-Атырауи немесе Әбу-баба деп қол қоятын. 1943 жылы 3-Украина майданында шығатын «Совет жауынгері» газетінде әскери тілші бола жүріп, жан алып-жан беріскен сұрапыл шайқастарға қатысып, «ажалды өр кеудесімен қакты». 1946 жылы әскерден босап, табаны туған жер топырағына тиді.

Қазақстанның халық жазушысы, Ұлы Отан соғысы ардагерінің ел алдындағы еңбегі лайықты бағаланып Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, Парасат ордендерімен, көптеген медальмен марапатталды. Елбасының құрметті қабылдауында болып, ойға түйгендерін оқырмандарымен бөліскені есімде. Атыраудағы Алмагүл шағынауданында бұйра шашы желді күнгі жағалауға соғып жатқан теңіз толқынындай болып сомдалған Әбу ескерткіші тұр. Бұл да болса, халықтың оған деген қалтқысыз құрметінің белгісі іспетті.

Әкемдей болған Әбене бағышталған ыстық ілтипатымды, сарытап болған сағыныш сезіміне орана отырып, онымен өткен кейбір қайталанбас сәттерді еске алып қағазға түсірген соң, тысқа шықтым. Алдымен, көзіме түскені — көк жүзінде қалықтай жүзген ақша бұлттар. Әбеннің «Ақша бұлты»...

...Жұматай марқұм Жақыпбаев Иранбек досының арғы атасы Қылды-Қарауыл Жазы биден дарыған шешендігіне таңдайқата болып отырушы ед... Сол тамыр-ие, топырақ-киеден дарыған қасиетті өнер құнар-топыраққа қайта түскенде өзгеше бұр жарады екен. Қызыл сөзге телімеңіз мұнымды, шайыр шығармашылығын көктей шолып шыққанда байқаған Сөз-Жасам, синкреттік амал тәсілімен жасалған бедерлі бейнелер, қанатты сөзге айналып кетуге сұранып тұрған көркем тіркестер жетіп артылады.

Сөзжасам демекші, Сыр сүлейлері шығармаларындағы мөлшері мол көне Сөз Қорынан ауызданған ақын өзі де тіл табиғатын бұзбай отырып, жаңа сөз туындатады. Солардың өзін аңғарған бір парасын назарларыңызға ұсынбақпын: *көгенек, тосыну, нәрік, жайлығу, жаныс, төзіну, ешу, дүлеу, торқаю, көрбан, көрман, шоңкелте, ай-туман, қорқұстөстену, құзану, өшіну, зытын, қондығу, құсану, тапшын, тасын, тарып-нәсіп, торыс, бижуан, бейшоқ, күлқұты, құш, қозық, тінесу, сірта-сақ, мазғын, жексену, құтайман, жұ-тайман-қыжылақ, тонастау, деңген, тобан, тасару, сырық-талан, құсана, қауыштау, шөгінуге, сүйгу, топалану, хайуан-маңырақ, нәсүйек, көншін, құ-йығу, айжарықтау, құраю, нәзен, құсау, сір-кемел, аймандау, күлтөк, меркею, нәшық, тақұттықтану, кәс-күдік, тө-реймен, сереймен, тасару, тауандау, нұр-мауыз, күнәстау, бұтқарақтау, меңдіту, жеркен, мөң, тәркін, өләл, тәуен, кегею, нөң, емек...*

Енді осы сөздердің кейбірінің пайда болу жол-тәсілдеріне ой жүгіртейік. Мысалы, «Өсек иттің шіріген көгенегі» деген жолдағы «көгенек» *көген* сөзінен шыққаны танылады. Қазақ тілінде бар «кебенекпен» туысып, еш бөтендік танытпай өлең табиғатына сіңіскен. Сондай-ақ *тосыну, жайлығу, төзіну, ешу, дүлеу, құзану, қауыштау, тонастау* т.б. етістік түріндегі сөздердің де тамыр-тегін төл тілімізден тауып алуға болады. Бір ғана «Естайдың Қорланы» дастанындағы:

*Кім айтушы еді?!
Түсің...
Түрің...
Жай түсіргендей төбемнен:
Жастайғы көрік-ажарың —
Думан-тобырыңнан аластап,
Тіршілігіңнің шұрай-шырайы —
Сал-серілеріңнен тонастап,
Соқа басыңды сорайтып,
Сыбықсыз енгізген ұжымағыма —
Барымта-базары тарқасып,
Берекесі қашқан құр бопса —
Ісің айтып тұр, Естай... —*

деген жолдарда ұшырасқан **тонастау** сөзінің тонау, яки үптеу етістігінің әсерімен пайда болғандығы байқалады, сонымен бірге — дәурені озған, ғұмыры тозған, сал-серілік салт-дәстүр ада-күде келмеске кеткен, шұрай-шырайдан жұрдай тоналған Естай образын аша түсуде ескі астарлы, жаңа тысты бір ғана **тонастау** сөзі үлкен қызмет атқарып тұр.

*Төр — сенікі...
Сыртындамын есіктің,
Ерте туып,*



АЙТ-МАН (Светқали)

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері

«үкілі нышан төбел топ», «еткені — еш болып, ерді уайым билегенін, құйым-шақ — төстеніп, ездің елге күйлегенін көрмесем» сынды тіркестердің мол ұшырасып отыруы — жырдың құнарлы мәйегін танытары хақ.

Кейбір «көркемдік құралдарға салғырттық танытады» деп ақынға сын таққысы келетіндердің бар екенін жасыруға болмайды. Бірақ олар кемшілікке телігісі келіп отырған пікірлерінің ақын табиғатына қатысты ерекшелік екенін аңғара бермейді. Мәселен:

*Боран аяғы тынған сияқты,
Ауаның райы сынған сияқты.
Сөредегі қардың аппақ жейдесін
Тіршіліктің Күн-Бұзауы жеп жатыр —
Соны көріп естен танған
Мұңлық Тау
Ене көңілін еңіретіп,
Ата сақалын жұлған сияқты... —*

деген шумакта: метаморфоза (қимыл-әре-

*Табанымды тоздырмай,
Бауырымды көтеріп,
Белімді жаздырмай —
Көк етімді жыртып,
Қолтығымды сөгіп,
Бейнетіңе жегіп —
Бұралқыдан бетер таладың, —*

сынды тұрақты эпитеттер мен метафораларға, синкреттік амалмен жасалған фразеологизмдерге тұнып тұрған мысалдар әлгіндей орынсыз сындардың тілін кесіп кететін поэтикалық оралымдар екені ақиқат. Келешек ақын шығармашылығын зерттеушілердің құлақтарына тағар тағы бір алтын сырға — суреттеліп отырған объектінің сыртқы суретінен гөрі, мәтін ішіндегі мәтін арқылы ішкі суретін салатын аса күрделі, орыс поэзиясында А. Блоктар менгерген тәсілдерді қолдануы да әлі күнге ешкім назар аударма қоймаған талант қыры.

Бір кезде Батыс футуристері шығармаларынан тыныс белгілерді аластап

«ӨЛЕҢ-ҚАЛПЫМ — (ИРАН-ҒАЙЫП хақында

*Енші-бақтан кешіктім —
Түйемінез,
Теріс дәрет кежірдің
Еркі — өзінде,
Шоңкелтесін кесіп тын.*

Бұл шумактағы **шоңкелте** — қоршаған орта, алқаған көппен қолайласа алмаған, өзін жат сезініп, қылық-құлығы кесірлене-кежірлене бастаған лирикалық кейіпкердің мінезін бейнелейтін образды сөз. Ал «Нұрайыан» немесе көрші кемпірдің айтқаны» атты қасірет-намада мынадай шумак кездеседі:

*Будан асып —
Не дейін,
Өлең-Қалым —
Айналар
Саф-Алтынға?!
Айтып,
Мен-ақ —
«Өлейін»,
Тәуен-Халқым —
Қалсын «шулап»...
Артымда! —*

Осы шумактағы экспрессиялық қуатқа ие **тәуен** сөзінің мағынасы, тіпті терен. Ақын бұл жерде, Сөз жүзінде Тәуелсіздік алған, бірақ Іс жүзінде тәуелділіктегі халық деген күрделі ұғымды бір-ақ ауыз сөзге сыйғызып отыр. Бұл — арнасы толық шеберлік, кенересі кең кемелдіктің ғана қолынан келер іс...

Тіл — тірі болмыс. Тілде — ұлттың ұлттығын сақтап тұрған құпия тетік жасырынған. Ол ұлт жаралғалы бергі барлық ұлтқа қажетті ақпаратты бойына жинаған құпия да тылсым күш. Неміс Вилгельм фон Гумбольдтың: «Тіл — ұлттың рухани күші» деуі, әсте тегін емес. Тіл бағзылық сипатын жоғалтып, қасандана бастаса, ол жақсылықтың белгісі емес. Сондықтан қазақы қасиетті құнарды бойына дарытқан ақындар — күллі ұлттың кастерлі қазынасы ретінде бағдарлануға керек. Ендеше, ақынның Сыр шүйгінінің жұпарын сіңірген тілін зерттеуді тілші ғалымдарға еншілеп, ары қарай жылжиық.

Жоғарыда айттық, ақын жыр-дастандарында қанатты тіркестер көп деп. Сөзіміз жұтанданбас үшін бір-жар мысал келтірсек, әбестік етпес. «Түзелмейді бұл заман жан нәжісін тазартпай», «жігітке бір ашу — дерт, бір ашу — мерт»,

кет үстіндегі метафора) да, тұрақты және синкретті эпитеттер де, бинармды (мағыналық өрісі жағынан бірі метафораланып, екіншісі метафоралап тіркесу) метафора да бар.

Ал:

*Қыстан ыққан —
Құсталақтан,
Көңіл күйі —
Басыңқы бұлт:
Адамдардай...
Тірлігінен түңілген...
... Қарды —
Қара,
Арды —
Қара:
Ақ Ордадан —
Қашып шығып,
Ағаштардың...
Бұтағына —
Ілінген! —*

деген екі-ақ шумакқа дастанның жүгін арқалатып жіберген өлең, өзінің астарланған параллелизм болмысымен әлемет салмаққа ие болып тұр. Сондай-ақ:

*Алтын кірпіктеніп көктем күлгенде,
Жарқын бүртіктеніп
көктем кіргенде —
Қуарған бұтағы қайта көгеріп,
Қайың да, мен де жай табар ма едік?!*

Немесе:

*Қырау тон, шық жағалы, мұз кемерлі,
Табиғат үскірігін түзге берді.
Күрк-күрк жөтеліп көксау аспан,
Запыран-жаңбыр лоқсытып
күз де келді...*

Әйтпесе:

*Сонда мен, бәлки, еске оралармын,
Орынын тырнап
жазылмас жаралардың —
Бейуақта батқан күнсің —
Ай-сырғаңды
Шетіне байлап бұлт-орамалдың...*

Тағы да:

*Жүрек жарғаным — қалауым,
Көзімді аштырмай,
Қия бастырмай —
Көбе-тырнақтың
топырақ парызы өтеліп,*



Мәскеу

жіберсе, керісінше, біздің кейіпкеріміз тыныс белгілерді ойнатудың шебері. Сөз тасасындағы ой салмағын арттыру үшін сызықшаларды пайдаланып, жеке сөздерді даралап, жолдан-жолға ырғыту, бір қарағанда, әсіреқызылдау көрінгенмен, бажайлап үнілсе, сөздің сөлін сығып, сезімнің мағызын шығарып, ойдың маңызын арттыруға қызмет қылып тұрғанын аңғару қиын емес.

Шайыр шығармаларының даму үрдісін іздейтіндегі бір аңғарғанымыз – Иран-Ғайыптың кейінгі шығармашылық өрісі тым шалғай маңып, мүлдем соныға тартқандай. Оның 13 томдықтан соңғы мәурітте мерзімдік баспасөзде жарияланған топтамалары мен поэма, толғаулары осыны айғақтайды.

Өнернамадан мәлім, көптеген шығармашылық өкілдері бір биікке шығады да содан ары аттап баспай жертабандап жатып алады. Жатып алса бірсәрі, төмен қарай құлдырап, бұрынғы ізін шиырлап – өзін де, сөзін де, ұлы мәртебелі оқыр-

аталас туысы Иран-Ғайып та иттерге бас игісі келмейді. Өліп-талып, әзер-алдалап көрген Тәуелсіздігінің ақ көгершінің құзғын-құладындардың қанға бөктіріп шоқып жатқанын көргенде азаттық сүйгіш ақынболмыс қанасына сыймай аһ ұрады! Асау қан арнасына сыймай аласұрады! Ол сондықтан да қоғам, ұлт тамырын кеулеп бара жатқан індеттерді тамыршыдай басып, індетіп бағады. Оның: «Жеке басқа табыну мен табын-ту», «Нұрайыан» немесе көрші кемпірдің айтқаны», «Бүтін адам» тәрізді кесек туындылары, күндердің күні болғанда, бүгінгі тексіздік тендік бермей тұрған кеспірсіз қоғамның көрғау-бетпердесін тарих пен ұрпақ алдында сыпырып берер оқулыққа айналуы бек мүмкін!.. Ертен келер, өргенге өнер алсын-буын, арлы ұрпақ «Ақынымды неге жылтатың?!» деп тендік сұрар күн тууы мүмкін екенін кім жокқа шығарар?! Тарих бізге келгенде сүрлеуінен жаңылып кетпесе, әр кезенді – ақындарына деген көзғарастарымен

*Болісе алмау,
Келісе алмау,
Кетісу!
Сатып кету,
Шатып кету...
Сотмасу!*

Бұл жерде тіліміздегі «ығай-сығай» есім сөзі, керісінше, «ығайласу-сығайласу» түріндегі етістік формасына еніп, бастапқы мәнін тереңдетіп, қоғамды жайлап алған «сыбайлас жемқорлық» атты дертті таңбалап тұр.

Поэманың түйіні – қасиетті «Кәлам-Шәріптің» «Ықылас» сүресін – жыр уәзінін сақтап, қазақша қалыптаумен аяқталады:

*Тек –
Бір Өзің!
Алла,
Өзің –
Ғанасың...
Туылмайтын,*

лықпен өшер ме Санадан?! Құдайдың назары – табиғаттың өзі – топырақпен көміп, таспен сыбап үш күн азалады ғой сол наһақ төгілген Қанды!.. Табиғатпен – «әулиесі күңіренген» Маңғыстаудың Аза-Желімен бірге сол табиғаттың арда перзенттері – ақындар аһ ұрды ғой, алдымен! Әрине, бұл бәйге емес, қайғы, алайда шындық айтылуға тиіс, солардың маңдай алдында тағы да Иран-Ғайып тұр:

*Қару кезентіп –
Жасқамай,
Амалын тауып –
Басқалай,
Болмай қалды ма –
Аттыртпай...
Өлтіртпейге?!
... Ойбай,
Масқара-ай!..*

Масқара екенін ақын біледі және масқараның бәрінің ұзамай арты

АЙНАЛАР САФ-АЛТЫНҒА...»

жазылған «БҰ ДҮНИЕ ҒАЙЫБЫ» кітабынан)

манын да мезі қылып жібереді. Сөйтіп, өзінен бұрын сөзінің, өмірінен озып өнерінің жаназасы шығып, әнкі-тәңкі күйсіздікке ұшырайды. Мұның сырын кімнен сұрасаң да – барға қанағат етіп, тоқмейісуден туындайтын індет екенін тәмсілдей жөнелері хақ. Бір қызығы, «барға – қанағат, азға – шүкір, жоққа – сабыр» дейтін Құдайсүйер қасиеттің өнерге жүрмейтіні. Өйткені өнер, яки әдебиет – Рухтың қорегі хәм жемісі. Ал Рухты тынымсыз жетілдіру жолында мігірсіз күрес керек. Өнер мен әдебиет – тек жанкешті ізденіс пен сорқапты тер төгіске қана жүгінетін аса тәкаппар, кінәз да кірәп ару! Біздіңше, шығармашылық тоқырау – Рухани дерт. Таланттың жүректен берілетін эмоциональды инерциясы азайғанда, мыйдың рационалды дақылын семік шала бастайды. Содан барып, Құдай мен пенденің арасында дәнекерге айналуға тиісті Тұлға – кеспірсіз кейіптегі дәлдүріш-сүлделі рухани міскіндікке ұшырайды. Рухани міскінде күштарлық жойылады, ал күштарлықсыз құл – энтелехиядан, яки ішкі қуаттан жұрдай болады. Ондай жаннан көз сүріндіріп, көңіл сүйіндіретін нәрсенің тууы неғайбіл. Құштарлықтың көзі – нәпсінің сұранысынан емес, Түп-Иеге жетуге деген Ышықтан басталса, ол – Құдайдың пендеге берген ең асыл да шексіз қазынасы болмақ!

Бәз біреулер әсіре қазымырлыққа телітін Иран-Ғайып болмысындағы асыра мазасыздықтың төркінін, осы ішкі буырқаныстан – рухи сұраныстан іздеген ләзім. Адамзатқа алапат күштарлығымен мәлім Джордж Байрон айтпаушы ма ед: «... мен алып та ұлы тұлғамын, сондықтан шерленемін, көз жасымды көл қыламын, ал сендер – рухани ергежейлілер, мені өздеріңнің тар қалыптарыңа тыққыларың келеді... Неғұрлым терең қайғыға батсам, соңша биікке көтеріліп, жердің ұсақ шарттылықтарын тәрк қыламын...» деп?! Міне, осынау «төменді өзіне тең тұтпас» асқақ қасиеттен Иран-Ғайып та құр емес. Құлагер-Ілияс сипаттауындағы Ақан сері қандай?..

*«Лермонтов болмағанмен біздің Ақан,
Адам ба ед ақындықтан құралақан?!
Ортасын олқы көрген ол да дара,
Имеген иттерге бас – сері-дарқан!..»*

Байрон болмаса да, сол Ақан-серінің

хәм ақындарының көзғарастарымен бағалап отырған.

*Алла
Өзі
Жаратқан соң –
Адам ғып,
Ақыл-
Санаң,
Ар-
Ожданың –
Адал-
Құт!
Табынсаң,
Тек
Табын –
Тәңір-
Құдайға,
Жеке Басқа Табыну –
Ол –
Надандық!*

Осылай әрбір жолы тобасыз әділетсіздікке қарсы айбат шегіп, әр әрпі жойдасыз озбырлыққа оқ болып атылғалы тұрған, тек қана етістікпен жазылған жырды аза бойың қаза болмай оқу мүмкін емес! Өйткені ол – мүләйім қоғамның мүтгәйім бейнесін, яки шын болмысын ашады. Ал шындықпен бетпе-бет келу, ол – хан бол, қара бол, кім-кімге де оңай соқпасы хақ.

*Жеке Басқа Табыну –
Ол:
Мәз болу!
Айдындану –
Үйрек-
Ұшу,
Қаз-
Қону! –*

осы образды жолдарға назар аударыңыз, – «үйрек ұшып, қаз қонған» – береке мен жарастықты бейнелейтін тұрақты тіркес контоминациялану (өзгертілу) арқылы қимыл есім формасына ауысып, асты-үстіне түскен келеңсіз, беймезгіл кезеңнің бейнесіне айналған. Жеке Басқа Табыну:

*Ығайласу –
Сығайласу,
Топтасу!
Шектен шығу,
Мұз құрсану,
Шоқ басу!*

*Тумаитын –
Үр-
Жаңасың!
... Жексұрындап,
Жеке Басына –
Табынтып,
Дерттендіре көрме –
Адамзат Баласын!..*

Иә, солай, ақын рас айтады: кетеуі кеткен адамзат тірлігі – Құдай жөндемесе, адам жөндеуден кеткені әлдеқашан мәлім болған! Бірақ оны ақынынан басқа кім түсініп жүр екен? Түсінген ақынды түсінетін пенде қанша екен өзі?..

«Тарихты ұмытсаң – қайталанасың». Осы тәмсілді кім айтса да, қапысыз айтылған. Тәуелсіздік алғалы Алматыдағы «Желтоқсан» қырғынын ұмытуға, ұмыттыруға жанұшырдық. Оның мәнін жою үшін, дәл сол Қазақ жастарының қаны төгілген Азалы күнді «Демократиялық жаңару күні» деген түсініксіз атауға телдік. Оған да болмағанын, біреулердің діни мейрамы Жаңа жылды қараша айынан бастап тойлай бастадық... Қойшы, әйтеуір, сонымен Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мейрамына да жеттік-ау. Басында бәрі дұрыс сияқты еді. Кенет... қайдағы бір санда бар да санатта жоқ, жапанда жатқан мұнайшы ма, ылайшы ма, – әйтеуір бір жерқұрты бөлелер Біздің «шампаншатт...» кешіріңіз, аузым – жақсылыққа, – жаңылысып жатырмын, «шаңқан шаттық, жасыл жарастығымыздың» құл-паршасын шығарды!.. Ұрыста тұрыс бола ма, кірісіп кеп кеттік!.. Нәтижесі – белгілі, несін қазбалаймыз?! Осы ыланды ұйымдастырған, басқа ешкім де емес, оралмандар, жоқ, ойбай, жергілікті жебір – оншақты обыр оңбаған, сосын, солармен жең үшіннен жалғасқан мұхиттың арғы жағында жүрген тентіренділер екен, бәрін де орынына қойдық! Енді елімізде мұндай сұмдықтар болмақ емес! Оған біз жол бермейміз! Сүттей ұйып отырған көпұлтты елімізді кім-көрінгеннің қолжаулығына беріп қоя алмаймыз! Қазір, бәрі – бақылауда!..

Хош, сонымен, енді Жаңаөзендегі «Желтоқсан» қырғынын ұмыттырумен айналысып жатырмыз... Әй, қайдам, бұл да, әлгі алғашқысы да ұмытыла қояр ма екен?! Ұлттың һалалдан болған, адалдан жиған перзенттерінің Жанайқайы тым ащы шықты ғой бұл жолы. Ол оңай-

ашылатынын да жақсы біледі! Бірақ қаралы халыққа көңіл, басу айту орнына: «Біздің күшіміз жетеді! Бәрін орнына қоямыз!..» деп астамсып көпке күш көрсеткен тексіз әкім, қашан «кресло-табытын» басқа біреу тартып алғанша әспенсіп, ештеңені де ұқпастан, түкті де түсінбестен табытын қайық қылып мініп, ажал-дариясының өртті толқынында қақпақыл ойнап, Тозаққа қарай сапарға шығады!..

Ал Аза-Жырлы ақындар адыра қалған Ата-Қоныста етегі елпі, жеңі желпі қалпында – Алтын-Құлпы ашылып, Ата-Жұрты өз-қалпын – бәз-данқын тапқанша, қазіргі ит-өмірлерін сүре бермек. Ел, Жұрт уа Байтақ, Дәулет құлығымен, қылығымен Жаратушы Жаббардың оң назарына ілінгенше, Аза-Жыр Аза-Желге қосылып алып, Жесір-Жердің шашын таулап, Жетім-Аспаннның кеудесін кеулеп жүре бермек...

Әлбетте, Дулат Бекасыл әулие айтпақшы, бәрінің де шегі – «Құдайдың бәрін жөнге келтірер бір күні бар!..» Оған дейін, осы кеткені – кеткен!.. Ал Ақын өзінің өксікті «намаларымен» Уақыттың, Тақыттың мазасын алып шырлай бермек...

Жоғарыда ой-жоталаттық, енді нақтылаймыз, – Шығармашылық кемелдіктің жалғыз ғана шарты бар, ол – мігірсіз рухани ізденіс! Рухани ізденіс демекші, ақын ғана емес, күллі адамзат рухы – Шынайы Руханияттан адасқан күннен бері сандалып, өзінің Түп-Иесін іздеп тентіреп жүр. Буддизмнің Дхарм теориясын аласыз ба, ең ақыры Ебіропаны есінен адастырып жіберген экзистенциализмді қарайсыз ба, уызына жарымаған жетімдіктің мүжәлсіз дауысын естіріңіз даусыз. Заратуштраның «Нұрын» танымай, отқа табынғандар, Сақья Муниді Боғда-пұтқа айналдырғандар, Иса (ғ.с.) пайғамбарды «Құдай» деп алжасқандар, көпқұдайшылықтың шалығы тиген, манихейизммен әсіреңкіленгендер, тіпті өзіміздің жыңды Тәңір тұтып, жың өлеміне арзулыққа ұрынған «тәңіршілдер», міне, осы аралықтағы ақылдан азап шегіп, сана сандырағына тап болғандар – онсыз да басы шырдай, ойы кәміл-кісіліктен жұрдай, бойы иман-ибадан тырдай болған адам баласын қайта шықпас аранға айдап келеді!

(Жалғасы 12–13-бетте)

Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері

Тәуелсіздік қалыптастырған тұрпатты тұлғаларымыздың бірі, еліміздің 1997–1999 жылдардағы премьер-министрі, отандық мұнай және газ өнеркәсібінің біртуар маманы болған алаштың ардақты азаматы, бәйтерек болмысты Нұрлан Өтепұлы БАЛҒЫМБАЕВТЫҢ өмірден өткеніне 10 жыл толуына орай оны қадірлеген қалың жұртшылық рухына құрмет көрсетіп, арнайы ас беруде.

Тәуелсіздіктің қызығы мен киындығы, нарық пен халықтың әлеуметтік таныстығы енді басталып, жаңа жатырқатып, ескі есіретіп жатқан кез еді ол. Тәуелсіз күндердің томағасы алынған кезде ұшар канатқа демеу, жүрер жолға жебеу болатын күш те, күдік те қара алтынға деген халықтық үмітте жатты. Кенестік кезеннен кернеуін сақтап жеткен «Құдай байытпағанды – мұнай байытты» дейтін сөз бар-ды. Бұл сөз кезінде қызыл үгітке қылаусыз қызмет атқарды. Бұл сөз тәуелсіздік кезеңінде де егемендікке ерен қызмет жасады. Дегенмен «Құдайсыз қурай да сынбайды» деген сөзді де ұмытпаймыз. Қиын кезде қиюын тапқан, тар кезеңде тыйымын тапқан, жұртының ауыр жүгін азаматтық иығымен қайыспай көтерген тұлғалардың тобында Нұрлан Балғымбаевтың өз есімі әрқашан жарқырап жадымызда тұрады.

Одақ ыдырап, ойға шауып орайын тауып, қырға шауып қолайын тауып, қолда барды ұқсата білуге деген ел қимылы бірлікпен шегенделді, тыныштықпен көгенделді. Мұхиттың арғы жағындағы алпауыт ел кеменгер Кекілбаев айтқандай, «бойжетіп отырған сұлу қызы бар кемпір мен шалдың ауылына» қарай өкше көтеріп, өрісін кеңейтудің ыңғайына бейімделді. Алыста жатқан Алаш жұртына айырықша назар салды. Сындарлы кезең сапқа тұрды. Осынау сындарлы кезең Нұрсұлтан Назарбаев пен болашақ премьер-министр Нұрлан Балғымбаевты сол Америкада кездестірді. Осы кездесу Нұрлан Өтепұлының өмірбаянына өнегелі, өркенді жаңа беттер қосты. Азаматтың абыройлы баспалдақтары елдік биіктікке, тұлғалық төрге көтерілді. Мұнайдың қуаты мен ұлттың мұратын шендестірген шақта Балғымбаевтың елге оралуы халықаралық мұнай-газ нарығында жұртымыздың жаңа жол табуына негіз қалады.

1994 жыл. Мен онда Атырау облысындағы Мақат сайлау округінен сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты едім. Өңірлерге сапар барысы жергілікті жерлерде аса күрделі жағдайда жүріп жатқан тәуелсіздік тынысын қапысыз көрсетіп, елдің алаң көңілі мен арман-үміті бірдей тоғысып, әлеуметтің әлеуеті бірде жұмбақ, бірде сырғақ болып жатқан-ды. Әсіресе мұнайға үміт артқан халықтың мақсат-мүддесі базарға кеткен әкесін күткен баланың кейпіндей болатын. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Жоғарғы Кеңестің кезекті пленарлық отырысына Нұрлан Балғымбаевты ертіп келді. Аты мен затына бұрыннан қанық депутаттар бұл келістің жаңа өрістің өзегіне өміршен жігер жүктейтінін ұқты.

Ол елдегі экономикалық, қаржы-қаражаттық ахуалды бажайлап айтып, байыптап түсіндірген соң, Нұрлан Балғымбаевты Қазақстанның мұнай және газ өнеркәсібі министрі лауазымына ұсынып, депутаттық корпусан үміткерді қолдауды сұрады. Парламент регламенті бойынша талқылау, сұрақ-жауап алмасу қызу жүріп берді. Еліміздегі мұнай-газ

қоры, оның өндірісі, проблемалары, ең бастысы, қолда бар шикі мұнайды еселеп өндіріп, құнды тауарға айналдыру жолдары туралы егжей-тегжейлі саралап берген болашақ министрдің өз саласын жетік білетіндігі, нарықтық қатынастардың қағида-қалыптарын меңгергендігі, халықаралық нарыққа шығудағы іскер көзқарасы мен істің көзін табар принципі Парламентке лайықты кандидатура келгенін көрсетті. Табиғи байлықты танып түстеп, өзі де Маңғыстауда қызмет істеп, саланы салауаты мен жадауатын көрген Нұрлан Өтепұлы, ең алдымен, қуатты инвестр тартудың мән-жайын кеңінен түсіндірді. Майталман маман, ашық көзқарастағы адам екені анық көрініп

да турашылдығын үнемі мысалға алып, босаң басшыларға деген өкпе-назын білдіріп отыратын. Осы өңірден шыққан талай тұлғалардың қалыптасуына ұстаз болған Өтеп ағамыздың өжет мінезі мен әділдігін айтатын жандар ол кезде аса көп еді. Облыстық атқару комитетінің төрағасы болып жүргенде Өтеп ағамыз іссапармен Жылыой ауданына келіп, Чапаев атындағы колхозды аралап көреді. Жұмыс аяқталар тұста аудан басшысы аудан орталығында түскі ас дайын, енді соған жүрелік дегенде, Өтеп аға: «Рәқмет, мен мына Оралбай ағамның үйіне барып, жеңгемнің шайын ішемін, соған бірге баралық», – деп бәрін ертіп біздің үйге келіпті. Әкем осыны ылғи еске алып,

кадрды тауып, оған сенім артудың ел дамуында алар орны бөлек қой.

Мемлекет халыққа сенім инвестициясын берді. «Chevron Corporation», «British Petroleum», «Mittal», «Samsung», «General Electrics», «General Motors», «Mobil», «Eni» секілді әлемдік бизнестің алпауыттары, соларға ілескен және халықаралық дәрежеде кеңінен танылған басқа да компаниялар қазақ еліне алаңсыз келді. Осының нәтижесінде Қазақстанның астанасы жаңа қонысқа көшіп, халықаралық геосаяси картада орын алған тәуелсіз еліміздің тұрақты Елордасы Есілдің жағасында бой көтерді. Астананы көшіріп-қондыру барысында Нұрлан Өтепұлының ұйым-

ХАЛҚЫНА ТАРТҚАН

тұрды. Сенім білдіре қолдаған депутаттар басым дауыс берді.

Әрине, бірден келіскен жалпақшешей пікір болған жоқ. Талқылау барысында 17 депутат сөз алып, өздерінің пікір-көзқарастарын ортаға салды. Өз кәсібін жете меңгерген маман кадрдың мұнай өнеркәсібінің алдында тұрған міндеттерді толық саралап, талдап, таратып айтуы Парламенттің қызу температурасын өз деңгейіне түсіріп, дауыс беру нәтижесінде Нұрлан Балғымбаев басым дауыспен еліміздің мұнай-газ өнеркәсібінің министрі мандатына ие болды. Бұл лауазым оның мемлекеттік деңгейдегі жарқын жолының жаңа бір баспалдағы болатын. Ол осы жолда жарқырай көрініп, жасқанбай қимылдады. Мұнай байытты деген сөздің атқа мінген тұсы осы еді.

Соның алдында ғана мұнайлы өңірдегі кезекті іссапардан оралған бетім еді. Елдің мұнайға артқан үлкен үміті, алдағы күндерде осы саланың қарымы арқылы тәуелсіздік тұғырын тіктеп кетудің жай-жапсары, іс тетігін іскер кадрға тапсырудағы халықтық қағида, ел аманатына адалдықты азаматқа сеніп тапсыру жөнінде мен де өз ойымды ортаға салып, әріптестерден үміткерді қолдауға шақырдым. Менен кейін сөйлеген депутаттар «сол өңірден сайланған депутаттың уәжі бәрінен де сенімді әрі шыншыл» деген ұстанымдарын айтып, сөзімді бірауыздан қостап шықты. Менен басқа да Атыраудан сайланған алты депутат сөз алып, дерек пен дәйекке қол артты.

... Университетті бітірген соң жолдама бойынша 1974–1976 жылдары сол кездегі Маңғыстау облыстық телеарнасы мен газетінде тілшілік қызмет атқардым. Сол кезеңде өңірдегі белгілі мұнайшылар мен бұрғышылар, геологтар мен операторлар туралы біршама қалам тербедім. Сол сапарлар барысында Маңғыстау өңірінде Нұрлан Балғымбаев атқарған азаматтық істердің жақсы мысалдары жарқырап шығып жататын. Бірі оның кәнігі маман екенін, істің тетігін тез тбатынын айтса, бірі оның табандылығы мен тазалығын, әділдігі мен шешімпаздығын айтатын, енді бірі жолдастыққа берік, достыққа адалдығын сыр ететін. Маңғыстаудың маң даласында шұбырған мұнайшы іздерінің бірі Нұрлан Балғымбаевтың өшпес сурлеуі, өлмес ісі болатын. Маңғыстау мұнайшы мамандығын шындаудың мәртебелі мектебі болды.

Тектінің тұяғы, шалқар айдыңның қыраны еді ол. Өмірі өзгеден бөлекше еді. Әкем марқұм оның әкесі, кезінде менің туған ауданым Жылыой аупарткомының бірінші хатшысы, Гурьев облыстық атқару комитетінің төрағасы болған Өтеп Балғымбаевты аузынан тастамайтын. Оның ашық та әділ мінезін, халқына қылдай қиянаты жоқ қылаусыз қызметін, қарапайымдығы мен қатал



«сондай қарапайым, бауырмал еді Өтеген» деп тебіреніп отыратын.

Кейін осылардың бәрін жеке кездесіп, сырласып отырғанымызда айтқанда Нұрекен арқаланып кететін. Оның осындай ерекше арқаланып, аруақтанып кеткенін екі рет көрдім. Екіншісі, ұлтымыздың ұлы қаламгері Әбіш Кекілбаевтың бір салтанатты шарасында той тізгінін ұстауға тура келді. Сонда «Баяғыда желмаямен жер кезіп, жерұйық іздеген Асан қайғы бабамыз Шыңғырлауға келгенде «Ей, Шыңғырлау, жылқы өзі өскен жоқ, сен өсірдің! Шыңғырлау ренжір, түйенің қомын шешіп, жағасына аунап-қунап түнеп кетейін» деп сол жерде үш түнеп аттаныпты» деп айта келе, осы сөзді ойнатып: «Ей, қазақ мұнайы, сен өзің өніп жатқан жоқсың, Нұрлан Балғымбаев өндіріп жатыр», – деп оған сөз бергенімде ардақты аға сұңқардай сілкініп, салтанаты асып кетіп еді. Нұрекен онда «QazaqOil»-дың президенті еді. Қасында қас-қабағына қарап елпең қаққандар да, қызметтен кеткенде сырдаң тартқандар да аз болған жоқ. Тұлпардың тегін тұлпар таниды, сұңқардың самғауын сұңқар ғана көре алады ғой.

Осы кезеңде Мемлекет басшысы елдің мұңы мен мұқтажы иығынан басып, тәуелсіздіктің талайлы кезеңінде талантты мұнайшыны тауып, жырақта жүрген жерінен (ол кезде Нұрлан Өтепұлы АҚШ-та мұнай саласында білім алып, «Chevron» компаниясында тәлімгерлік тәжірибеден өтіп жатқан) елге қайтарып, үлкен сенім білдіріп, әуелі министр, кейін премьер-министр етіп тағайындады. 1994–1999 жылдар аралығында Қазақстанға келген шетелдік алып компаниялардың, соның ішінде мұнай-газ саласындағы әлемдік дәрежедегі бірлестіктердің сеніміне кіріп, мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік әлеуетін көтеруге үлес қосында Нұрлан Балғымбаевтың төккен маңдай тері ерекше. Қажет жерінде қажет

дастырушылық, іскерлік, шешімпаздық, сенімпаздық, тәуекелшілдік, азаматтық болмысы жаңа қырынан танылды. Текті жердің тебінінде, көргендінің көрігінде өскен ұл қырдағыны қиядан шалатын, қиядағыны қиналмай алатын, сертке келгенде семсері қынында қылпидың азамат болып ержетеді.

Осылай ержеткен Нұрекен томағасы алынып, топқа түскенде тақымы берік шабандоз, қолы қарулы қамшыгер бола алды. Бекзаттық болмыс, салдық сымбат, тізгіндесіп түзілген ой мен әрекеттің еркіндігі оны көп қатарластарынан оқшау көрсетіп тұратын. Ол өмірден өткенде отбасына жолдаған көңіл айту жеделхаттары мен азаматтық пікірлерде оның азаматтық тұлғасына осы тұрғыдан келіп, айрықша сипаттама берілгені жайдан-жай емес. Шетелден арнайы ұшып келген ұшақтардың Атырау әуежайын басып қалғаны, көшедегі керуен түзген көліктердің жыры өз алдына. Ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезов дүниеден өткенде ұлтымыздың ұлық ақындарының бірі Қадыр Мырза Әлі «Алматым ауыр қазадан, баса алмай қалды аяғын» деп азамана жазған еді. Нұрлан Балғымбаев өмірден өткенде Атырау да ауыр қазадан аяғын баса алмай қалды.

«Мәскеу бір күнде салынған жоқ» деген тәмсіл бар. Әлемдік геосаяси тарихта қай астана да бір күнде салынбаған. Бірдің ұсынысы мындардың қостап-қолдауына ұласқан сол бір жасампаз жылдарда елдік бірлік пен ынтымақ Астана төрінде Бәйтерек болып бой көтерді. Есіңізде бар шығар, қадірлі оқырман, астана төрінде асқақтап, күні бүгін елорданың ұлттық нышанына айналған Бәйтеректі 1997 жылы 97 метр биіктікке көтеріп, алып самұрықтың алтын жұмыртқасын ұлттық ұяға салған әлеуетті қолдың бірі Нұрлан Балғымбаевтікі екенін тарих ұмыта қойған жоқ. Астана ауыстырудың аса маңызды әрі ауыр жүгін көтерген

Үкімет басшысының өз есімін әрқашан еске алатын жұрты бар екені жанға қуат, көңілге шуақ. Ол еске алуға, елдің мархабатына бөленуге лайықты тұлға еді, көзінің тірісінде оны да жан-жақты көріп, сезініп кеткенін жақсы білемін. «Ерте кететінім болмаса, елден ұялатын өмірім жоқ» деп еді қайран аға.

Қапияда жоғалған жанды іздеудің де сан түрі бар. Бәрін де еске аласын, өкінесің, онымен болған жақсы күнді жадында тірілтесің. Жақсылығын айтасын, елге сіңірген еңбегін айтасын. Одан басқа қолдан не келеді деп ойлайсың. Жоқ, бұдан басқа қолдан келетін іс жетерлік. Оны үлгі-өнеге етудің сан алуан жолы бар: естелік жазу, эссе туындату,

әлі бойымда. Қыран мінез Құныскерей әкесінің өз есімін есте қалдыруда оның бейнесі мен ғұмырбаяны қашалған қызыл гранитті Атыраудан Жылыойға тартқан кара жолдың бойындағы Оңай атаның жанына әкеліп орнатуы батыр тарихына деген тағзымы болатын.

Нүрекең ерекше мінезді азамат еді. Сол мінезі Ақордада да көрінді. Бірде мені телефонмен шұғыл шақырып: «Екі жылдай президентке кеңесші болдым, менен кеңес сұрап, істің жайын талқылап жатқан басшы жоқ, бұл жерде бұдан әрі отыра берудің қажеттігін таппай отырмын, одан да мұнайшылардың арасына барып, өзім білетін жұмысты қоян-қолтық қолға алсам деймін, президенттің

ҚАЙРАТКЕР

естеліктер кітабын шығару, замандастарының лебіз-сөздерін, пікірлерін түзіп, ортаға шығару, туған күнінде имани дастарқан жайып, Құран бағыштау, елді мекендерге, мектептер мен оқу орындарына, көшелерге атын беру, ескерткішін соғып, елдің назарына ұсыну, еске алу кештерін өткізіп, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие етіп ұсынып отыру, тіпті ұрпағына ретті жерінде осындай ақжарма азамат болғанын айтып отырсаң да үлкен сауап емес пе? Нүрекең президент кеңесшісі болып Ақордада отырған кезде екеуара шекараның шегені ашылып, жиі кездесіп, ағалы-інілі болып емен-жарқын әңгімелесудің реті келді. Әкесі мен анасы туралы айтқанда мұнданып, жоғын іздеген жандай болып, жанары боталап, орнынан тұрып кетіп, терезе алдында тебіреніп тұрған шақтарын талай көрдім. Жігері жалт болғанмен, жаны нәзік еді.

Қазақ мұнайының 110 жылдығы қарсаңындағы күндерде «Егемен Қазақстанда» жарияланатын мақаласының аужайы туралы көбірек кездесіп, ел мен жер хақында тереңдеу сырласудың сәті түскен еді. Бірімізге біріміз одан әрі жақындай түстік. Алпыс жасқа толғанымда арнайы келіп, жүрекжарды сөзін айтты. Сол тойымда Алаштың аяулы ақын қызы Фариза апам тұңғыш рет асаба болып, Әбіш ағам кеңінен толғап бастап сөйлеп, мені «Бәйтеректің бұтағы, Қаратау бидің ұрпағы, бидің әрі өзі, әрі көзі» деп көпшілікке жанаша таныстырып еді. Тойдың орта тұсында Рахымжан інім көмекші асаба болып, барқын даусымен бауырын жазып сөз толғағанда біздің үстелге өзі келген Нүрекең көңілденіп: «Інің қалай сөйлейді, жанында жүрсін, жанашыр бол», — деп тапсырып еді. Осынау эзиз жандардың бәрі де қазір ортамызда жоқ, өмірдің өкініші осы емес пе? Күні кеше жанымызда жүрген жайсандарды енді іздесек те таба алмаймыз. Бұл жоқтың бағасы — қымбат. Соның бірі — Нұрлан Өтепұлы Балғымбаев.

Нүрекеңнің кесек, қызық мінездері бар еді. Аяқ астынан шешім қабылдаудағы, өзін толғандырған сауалға жауап іздеген кездегі албырттығы мен алғырлығы тең түсіп, байыз таппай кететіндігі оған жарасып тұратын. 2013 жылы сәуір айында Нүрекең әкесі — Өтеп ағаға арнап ас беріп, шүлен таратты. Атырау бойы салтанат пен мархабаттың шұғыласына бөленіп, ұлттық ойындарға ұласып, аламан бәйгенің дүбірін Жайық бойын жағалап кетті. Нүрекең өте көңілді жүрді. Әкесінің көзін көрген, қызметтес болған ағалары қаумалап келіп, органы толтырып, оның жан дүниесінің жайлауын құлпыртып жібергенді. Үлкен астағы кіріспе сөзді маған бастатып, Өтеп ағаға арнаған жырымды жанары жасаурап тындап, арқамнан қағып, бауырына басқан кездегі мейірімді жылуы

атына өтініш жазғалы отырмын, соның мәтінін келісіп алайық», — деп тосыннан сөз бастады. «Өтінішті қай тілде жазғаным дұрыс?» — деп маған шаншыла қарады. «Әрине, қазақ тілінде жазғаныңыз жөн болады», — дедім. «Онда барып тез жазып әкел», — деді. Арада жарты сағат өткенде өтініш дайын болып, Нүрекең жоғары көтеріліп кетті. «Келгесін хабарласам, орнында бол», — деді шегелей сөйлеп. Бір сағаттың шамасында қайта оралып, оның келісімін алып келді. «Міне, енді мен еркін адаммын», — деді күлімсірей тіл қатып. Ақ жол тілеп, ағаның қолын алдым. Осылайша, өз мінезі өзіне ғана жарасқан, қазақ мұнайының мәртебесін көтеруде елеулі еңбек еткен кешегі Премьер-министр мемлекеттік қызметтің тарихи сахнасынан түсіп бара жатты.

Нүрекең мұнай саласындағы халықаралық құрылыстың басшысы болып, жаңа жұмыстың тізгінін ұстады. Астана төріндегі «Аңсар» атты биік ғимараттың он бесінші қабатынан жайлы орын жасақтап, жастайынан етене болған мұнай майданына кірді. Сонда жүргенде, екі жылдай уақыт бұрын, Нұрлан ағама сәлемдесе барғанымда әншейінде жанары жарқылдап, жағасы жайлауда отыратын ол кісінің жүзіндегі нұр сәл солғын тартқандай көрінді. Қазбалап сұрасаң қағып тастайтын мінезін білгендіктен, орағытып сөз бастап едім. «Мен ауырып қалдым, анау-мынауға бой алдырмайтынымды білесің ғой, біле жүр, алда алапат күрес тұрған секілді», — деп салқындау жымыды. Сосын кенет жарқ етіп бойын тіктеп, кәдімгі өмірдің кей сәттерін әңгімелеп кетті. Кабинетінен шығып бара жатып, бұрыла қарап едім, ойлы қалыпта екі қолын қалтасына салып, соңымнан қарап тұр екен. Президенттің алдында да осылай тұратыны есіме түсті.

2015 жылдың қазан айының басында Атырау жақтан тағы бір салқындау сөз жеткен. Ағамыз туған топырағына табан тіреп, ағайын-тұманың көңілін қобалжытып жатыр деген соң, жұбайым Нағима екеуміз Атырауға алаң көңілмен жедел жеттік. Қайсар мінезді қайран аға, қабағын ашып, бауырына басып, жасымай қабылдап, бетімізден сүйіп, төргі үйінде тік отырды. Қуанып қалдық, тіпті қарғып тұрып кетіп, арғымағына қол созып, құйрық-жалын төгіліп, құйғытып шауып кетердей көріп, көңіл бірлеп, тойға шақыруға да рет тапты. Тек қоштасар сәтте, орнынан баяғы әдетінше жеңіл тұрып, залдың ортасына жете бере: «Өтеген, бері кел, айтар сөзім бар», — деп шақырғанда тойға келіп қалар деген дәме көңіл бас көтеріп қалып еді. «Бауырым, мен шаршадым, жеңілмейін деп күрестім, жеңе алмайтынымды сездім, сенің баланың тойын ашамын деген үдем бар еді, Алланың ісіне адам не істей алады?

Алыстан хабар алып, андап жүргейсін. Ешкімге ешнәрсе демей-ақ қой, саған тапсырма, менің құлпытасыма жазылар бір шумақ өлең жаз, ұзатпай жібер», — деп жауандап қарай берген мені бауырына тартты. «Құдай қуат берсін, аға, әлі-ақ тұрып кетесіз» дей бергенімде, «Болды, жолдарың болсын, балаларың бақытты болсын, тапсырманы тез орында», — деп қысқа қайырды. Ағаның мінезін білгендіктен енді ештеңе айта алмадым.

Мінез демекші, Нүрекеңнің ақтық сапарға дайындығы да ерекше болды. Осы күндерде ол өзінің мәңгілік мекенін Атыраудың шығыс бетіндегі үлкен қауымдағы анасының қасынан дайындап, қай жерде жатады, жаназасын қай молда шығарады, сүйегіне кімдер кіреді, асы қай жерде беріледі, кімдер ас тізгінін ұстайды, естеліктер кітабын кімдер құрастырады, жетісі, қырқы, жылы қай жерлерде беріледі, бәрін жіпке тізіп жазып, құлпытасының жобасын өзі сызып, қолын қойып бекітіп, өзі сенген азаматтың қолына берген.

Бейітінің басына қойылар қызыл граниттен тұтас қашалған бәйтерек-діңгекті қай жерге қою жөнінде өзі қатысып, түсіндіргенде жағдайдан бейхабар қраншы орыс жігіті «когда начнем?» деп сұрағанда, екі қолы қалтасында тұрған Нүрекең жайбарақат қана «потом скажу», — депті. Алланың пәрменін асқан азаматтық, дәрежелі дәрежеде қабылдап, имани дайындық жүргізген. Соңғы сапарын сабырмен қабылдап, салқынқанды шешім қабылдау кез келген жанның қолынан келе бермес.

Арада үш-төрт күн өткенде телефонмен хабарласып едім, қысқа амандық-саулықтан соң: «Тапсырмам не болды? Жібер. Мені ұмытпай еске алып жүр», — деп қысқа сөйледі де, жөтел қысып булығып қалды. Сол күні жаным жабырқап отырып, бір шумақ өлең жаздым да: «Аға, тапсырмаңызды орындамасқа амалым қайсы», — деп жазғанымды телефон арқылы жолдауға мәжбүр болдым. Алдым деп хабарласты. Сондағы эпитафия мынау еді:

*Ту тікті туған елінде,
Қазақтың байтақ жерінде,
Мансап пен даңқ төрінде,
Ізгілік болып еңбегі,
Із тастап кетті өмірде,
Араша бар ма өлімге?*

Бірақ көңілімде Нүрекең ауруға бой бермей тұрып кетер деген үміт бір сәтке де үзілген жоқ. Қаралы хабар жеткенде де сене алмай көп отырған жайым болды. Өлімге қияр адам емес еді. Оның өн бойынан, жүріс-тұрысынан өмірге деген құштарлық есіп тұратын. Онда толқыған теңіздің мінезі бар еді, шалқыған даланың шуағы бар еді, басын қар жапқан заңғар таудың биіктігі бар еді, туған халқына тартқан тұлғалық қасиеті бар еді. Тақуа тағдыр оған ұзақ ғұмыр берген жоқ. Маңдайдағы жазуды таңдайдағы сөз өзгерте ала ма? Тәйірі жарқылдап туып, жасындай жанған мұндай азаматқа алпыс сегіз жас көп емес қой.

Албырт шағы мен алғыр шағы алға озып, жетікат жердің қуатын алтықат аспанға шығарған азаматтық қайрат қыдырлы ғұмырында жарқыраған із қалдырды. Өзі де бәйтеректей азамат еді, рухы биікке самғап кеткен болар. Тірі жүргенде ортамызда жетпіс жасын өзі барынша сүйіп, қадірлеп өткен елімен бірге атап өтіп, жарқылдап, жайнап отырар еді. Оған да жетпеді. Жете алмады. Өкінішті.

Нұрлан Өтепұлы Балғымбаев осылай жалғаннан жарқ етіп өте шықты. Қайтыс болған күні «Егемен Қазақстан» газеті арнаулы қоштасу бетін берді. Оның көзін көргендермен бірге мен де бір ауыз қоштасу сөзін айттым. «Қазанат еді қайырылмай шапқан артына» деген сол сөздің ләмин қысқаша ғана тағы тіріліп отырмын.

«Алаштың ардакүрең тұлғасы, қа-

зақтың біртуар перзенті, елорданы Сарыарқаның беліне, туған елдің төріне көшіріп-қондыруда он сан қызмет атқарған, сардарлық қолтанба көрсеткен Нұрлан ағамыз өмірден өтті деген ызғарлы хабар бойды қарып, болмысты тоңдырды. Ажалдың ақиқатына тосқауыл қояр тарихат, мұныңды ашар мағрипат қайдан болсын. Тек қана «Бұл өлім қайда жоқ, жарқыраған айда жоқ, күркіреген күнде жоқ, өтері өтіп кеткен соң, мың теңгелік қайғыдан, бір теңгелік пайда жоқ» деген бабалар сөзін малданып, жан-жағынды қарманып, сәуелелі сөзге алданып, орнында бар оңалар деп өзінді-өзін жұбатасың. Бабалар сөзіне бап қосып қайтеміз, дегенмен «мың теңгелік қайғының миллион теңгелік салмағы» бар екенін осындай кезде сезінесің...

...Одан өмірдің ерке шуағы әрқашан есіп тұратын. Көргенде күлімсіреп, бауырына тартып, ағалық мейірімін ақ нұрға орап жеткізетін оның нұрлы жүзін енді көре алмайтынымыз қандай өкінішті. Нүрекең маған құйрық жалы төгіліп, еңіске қарай емініп, шаңы шапқан көрініп, бауырын жазып беріліп бара жатқан ақжал арғымақ, қайырылмай шапқан қазанаттай көрінетін еді. Ақыреттік кермесі Алланың жәннат бағынан тартылып, Пайғамбардың шапағатына бөлене бергей. «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы» деген абыз Абайдың мәңгілік сұрағына «Өлмейтін ісі, өшпейтін ізі бар бір адам Нұрлан Өтепұлы болар» деп көңіл жұбатып, туған-туыстарына, бауырларыма көңіл айтамын» (ЕҚ. 2015 жыл, 15 қазан).

Нұрлан Өтепұлының өмірден өткеніне бір жыл толуына орай ас берілер тұста оның рухына арнап «Сұңқардай еді серпіні» деген арзу өлең жаздым:

*Көгілдір аспан — көк әлем,
Көкеме өлең жіберем:
Өмірлі болды өнегем,
Керілді кемел керегем,
Азамат едің — ақ жұлдыз,
Алашты байтақ жебеген.*

*Толқитын еді кенерем,
Жаңаны ылғи демеген.
Жарқырап туған көбеген,
Жақсыдан туған жан едің,
«Тұяғы деген тектінің»
Асыл сөз жеткен көнеден.*

*Беретін кезде береген,
Көретін кезде көреген,
Жасықты көрсе тебеген,
Жастықты көрсе жебеген,
Еңбегі елге аңыз боп,
Бесігін бақыт бөлеген.*

*Серті бар семсер середен,
Өрлігі биік өреден,
Төрі де биік төреден,
Есімін халқы елеген,
Ақжарма еді ағамыз,
Ажалдан қорқам демеген.*

*Өмірдің мәнін ұқтырып,
Тірлікті кешу мықтылық.
Сұңқардай болып самғауы,
Мәңгілік жайға аттанды,
Майданда өлген батырдай,
Туған жерінде тік тұрып!*

Енді оның көзі тірісінде жетпіс жылдығын атай алмай қалған жұрты асыл азаматтың өмірден өткеніне 10 жыл толуын атап өтіп, еске алып жатыр. Қазақтың осындай бір тағдырлы тұлғасы болғаны — тарих. Тарихи тұлға еді деп, рухына құрмет көрсетеміз. «Мені ұмытпа» деп еді, ұмытқан соқпын, ол ұмытылмайды. Еліне елпең қағып ерен қызмет жасаған, халық намысына қайраткерлікпен қолтанба салған, азаматтығын кір шалдырмай биік ұстаған Нұрлан Өтепұлы Балғымбаевты еске алып жатқан жұртының жылы пейіліне алғыстан басқа айтар сөз жоқ. Рухы шат болсын, Шандоздың!

(Жалғасы. Басы 8–9-бетте)

Аталмыш һәм аталмаған теріс жолды тұтқан адам нәсілінен шыққан ұлы тұлға, шеңбірек шекелі құлжабастарының дүниежарықтан итии болып, сана дертіне ұшырап – жың қағып, жазылмас жұқпалы кеселдер жұқтырып өлмегендері кемде-кем! Өздері адасқанымен қоймай, көпті де жыңды қылып, олар әлгі ит-өлімдерін – айрықша жаратылыс, артықша болмыстың мандайына жазылған мөртағдыр деп түсіндіретінін қайтерсің?! Шын мәнінде, оның бәрі Кәміл Иеден ажырап, малғұнға ілесіп кеткеннен болатын патология екені мыңғырларына дыңғыр етпейді...

Ал Тәңірді – Бір деп біліп, Түп-Бастау Исламға қауышқан біздің мандайдағы Бағымыздың тигізер шарапаты, жеткізер нығметін мөлшерлеп, өлшемдеп беру – беймүмкін! Алайда осы Ақиқатты дер кезінде Жүрек елегі, Сана тезінен өткізіп, еншілі сыбағасын қабылдап алу үшін де – ең әуелі халқына, адамзатқа деген кіршіксіз махаббат, кірбінсіз құрмет керек!

Шындығында, Жаббар-Иенің мүбәрақ Пайғамбарымызға еншілеген – адам көкірегің көгертіп, кәмілдікке, яки «толықтыққа», «бүтіндікке» жеткізер Ұлық Ілімнің аты – «Хал (Жүрек) ілімі». Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың «Хикма илаһия», Баласағұндық Жүсіптің «Жәуанмәртлік» (жәуанмәрт – футуәттік-жан жомарттығы-құсни құлық, яки әһлі тарихаттың 10-әдебі), Әзірет Сұлтанның «Инсан-ил кәміл», Абайдың «Толық адам», Шаһ-Кәрімнің «Ар ғылымы» деп, қазіргі ғылымда таңбаланып жүрген ілімдерінің бәрі Алла Тағаланың ладуні ілімі – «Хәл» ғылымынан бастау алары даусыз ақиқат. Осы ілімге қолы жеткен адам ғана Құдайлық кәміл ақиқатқа ие болмақ! Ал Кәміл Ақиқат иесінің – жүректалығына қол жеткізген жанның алмайтын шыңы, бағындырмайтын биігі қалмайды!..

Әңгімеміздің орайынан тыс болғандықтан осы жерден кідіріп, нақты тақырыбымызға көшуге мәжбүрміз. Әрине, бар қазынасы үптеліп, бар білгенінен тақыр-таза тоналған, кешегі имансыз қоғамнан «үлгі» алған Қазақтың соңғы бірнеше буын ұрпағының мандайына Ол кәміл ілім нәсіп болмады. Әйтсе де Өз Жүрек қалауын танып, адам бойындағы екі Қуат Көзі – Рух пен Нәпсінің қызметін, соған орай екі ықпал етуші Күш: періште мен шайтанның әрекетін таңуға тырысқан, мемлекеттік-маркеттік таным «сананы тұрмыс билейтінін» қанша жерден тәкпірлеп-тәпсірлесе де, бар хикметтің – патша-жүреkte екенін таныған, тап басып танымаса да болжалдаған ұлттық тұлғалар болмай қалған жоқ!.. Мысалы, Әбіш Кекілбаев сонау 60-жылдардың ортасында Олжас шығармашылығы хақындағы мақаласында: «Ақынның қиын да ұзақ сапары бір жерден басталып, тап сол жерге келіп қайта тіреледі. Ол жердің аты да – жүрек. Жыр жүректен шығып, жүрекке жетуі керек» деп жазса, жас қыршын Төлеген Айбергенов: «Ой, қандай жақсы болған туылғаным, адамдарда жүрек бар кезінде мен!..» деп әлденеден қауіптенен отырып, шүкірана қылды... Мұқағали Мақатаев кесіп айтты: «Жүрегім – менің алтын қазығым-ау!..» Иран-Ғайыптың замандас досы Жарасқан Әбдірашов та: «... ақындардың көбісі, туған елге жақындардың көбісі – Жүректен кететінін...» айтып қалды. Ал Иран-Ғайыптың өзі былайша егілді:

Бауыр да жау жүрекке,
Бүйрек те – жау,
Қаптаған жау
қастығын сиретпеді-ау.

Жүрек – патша,
Мен – құлмын,
Тобыр-мүшем –
Жан-тәнімді патшама билетпеді-ау.
Ішек,
Қарын,
Өкпе,

Өңеш...
Өт те – дұшпан –
Аңдып,
Кезін күтердей тақтан ұшқан.
Сыздап-сыздап алады –
Жалыға ма,
Шанышып-шанышып кетеді –
Кек пе қысқан?!

Өш – бәрі...
Жазығы не?!
Біле алмадым!
Білсем ет-ті
патшамның ұлы арманын?!
... Көп тобырдың қолынан не келмекші,
Патша-тағдыр – еркінде
Бір Алланың!..

«Жүрек-патшаның ұлы арманын танығысы» келіп, Жүректің аяқасты болғанынан кейін ғана – Жұмақ-Мекен Жер-Ананың тозаққа айналып бара жатқанын байқап жанұшырды:

Ел көшкен жұрттай күңіреніп,
Жылама, ғазиз жүрегім,

Керектей жедел уану –
Кісі күтетін күйге еніп,
Кеткен есімізді жиялық:
Көңіл төріне тіленіп,
Жан сарайына сұранып –
Келеді ғажап бір ару –
Тал шыбықтай мың бұралып,
Нәзіктігінен именіп,
Сұлудығынан ұялып...

Міне, сізге – футуәттік! Міне, сізге – құсни құлық! Міне, сізге – көркем мінез-құлық!.. Бұл, бағы сәбеттік империя «коммунизмнің елесімен» «қауышар» сәт – 80-жылдардың өкпе тұсында жазылған жырлар!.. Иран-Ғайыптың сонау 74-жылы шығарған тырнақалдысы – тұңғыш кітабын «Жүрек жырлайды» деп атағаны тегін болмады... Ақын жүрек-патшалығының «Атлантидасы» қай мұхиттың астында жатқанын білді. Сондықтан ол – түпкі түркі, иісі – қазақ, арғы – араб, бергі ғажап түгел пір тұтқан «Ахмет сәни» (Пайғамбардан (с.ғ.с.) кейінгі екінші Ахмет), яғни Құл Қожа Ахмет Ясауи (р.ғ.) аруағына сыйынды!:

Ұлы Ұстазды
Үлгі тұту –
Мұратым:
Қалам тартып –
Қасиет-Нама –
Жыр жаздым,
Келер Ұрпақ
Фибрат-лу қылатын...

Ұлық Астана (астана – бақыт қақпасы деген ұғымды білдіреді) Түркістанға тәу етті!

Уа, Түркістан!
Рухани Астанам!
«Меккем» менің –
Кіндік Қалам,
Бас Панам!
Жеруіығым –
Жұмбағын жат шешпеген,
Алтын Құлпым –
Құпиясын ашпаған!

«Алтын Құлыптың» ашылар күнін күтті! Ұлық Ұстазға қылған ұлы құрметі үшін оған Кеңшілдігі көп Жасаған Ие өзінің «Халін» сыйлады! Сондай – Хал-Мастыққа жетіп, мүршид пен мүрит жалғастыққа (фәнашших – ұстазға сіну) бекіп, ышық отына өртеніп отырған шайыр Жүреkteгі Сырын жайып салды:

Жаным-Тәнім
Көнбей Жазмыш-Көгенге,




ИРАН-ҒАЙЫП

Міне, ақыры, енесін іздеген жетім козы-рух Иесін тапты, Иеге жеткізер киесін тапты! Құдайдың достарының: «Тура жол сопылыққа жеткізеді, ал сопылықтың шыңына шыққан жан шайырға айналады» деген шындығының айқындалар тұсы, «ақын» атты рухани дәреженің қарақұрым өлеңшіден ірге ажыратар сәті де осылай белгі берсе керек...

Сонау 97-жылы – күллі ұлт, қоғам, барша адамұлы қамалған рухани тығырықтан қалай шығамыз? – деген күбіртке-сауалға жауап іздеп арпалысқан ақын: «... ҰЛЫ МӘРТЕБЕЛІ ТӘРБИЕ-ШІ – «Ділман» керек! ДІЛМАН!» – деп аруақ шақырған. Шынында да, шайыр көрегендікпен күткен Ділман – сол жылы өзінің Ата-Топырағына жетіп, жұмысын бастаған!.. Алайда иегін ібілістік «ілімге» сүйеген, сүйегін тажалдың қара жегісі кемірген кісікейіпті, ісіжөйітті кісәпірлер 15 (!) жыл соңына түсіп жүріп, Ұстаз-Ділманды Абақтыға тығып тынды! Енді бізге – Алла Тағаланың Ақиқат-Таңы атқанша

«ӨЛЕҢ-ҚАЛПЫМ – (ИРАН-ҒАЙЫП хақында



Мұқағалимен бірге

Арыстан жал
От ойнайды денемде:
Қожа-Ахмет Ясауидің Мүриті –
Менен құдірет
Шайыр жоқтай Әлемде!

Әуел – Құдай,
Сосын – Аруақ –
Сенерім!
Сенім барда –
Мәңгі өлместей Өлеңім:
Ұлы Ұстазша
Сараланып,
Сафтанып,
Сұрыптанып,
Сопылана беремін!

күту ғана қалды!..
Осындай іргелі ізденіс, күрмеулі күңіреністердің соңы «Бүтін Адам» сынды Ғайып-Наманы дүниеге әкелді:

Ал,
Дүние...
Ар ма екен,
Алдың,
Артың –
Жар ма екен?!
... «Жарым»,
«Жарты» –
Өріп жүр,
«Бүтін Адам» –
Бар ма екен?!

Ақынның мынау «жарым», «жарты» дүниеден іздеп отырғаны, сол! Сол! Шарифат, тарихат, мағрифат қақпаларынан аман өткен, Ақиқатқа жеткен – Кәміл Адам! Күллі дүние жарым-жартылардың кесепатынан азып-тозып, іріп-шіріп бара жатыр! Ергізде – Іші бүтін еместің, ісі бүтін болушы ма ед?! Жаратушы Иеміз өз халифасы (орынбасары) қылып жаратқан адам-пендесі – Аманатқа адал болғанда Жүректегі Құтқа бағынуы керек-тін. Өкініш сол, әркім шайтанның жетегі мен нәпсінің қалауына ілесіп, көкірегіндегі пұтқа табынып кетті. Жүректен Құдай кеткесін, әркім өзі «құдайға» айналды. Адам, шын мәнінде, пұт-құдай емес, Құт-Құдайға айналуы тиіс-тін. Ақынның әл-Фараби, Баласағұни, Ясауи, Абайдан іздеп отырған «парасатты адамы», «таклиди-якини» иманның иесі, «мағрифаттанған» «толық адамы»:

*«Бүтіндіктің» Белгісі:
Күндей –
Жарық,*



Асқар Сүлейменовпен
Сыр-Дарияда

АЙНАЛАР САФ-АЛТЫНҒА...»

жазылған «БҰ ДҮНИЕ ҒАЙЫБЫ» кітабынан)

*Алтын –
Қалып,
Айнымас...
Жаратушы-Иені
Танып –
Ақыл-Санамен,
Пенделіктен –
Безіну;
«Оның» –
«Өзің» екенін
Жан-Тәніңмен –
Сезіну...*

Яғни «фанафиллах» (Аллаға сіңу) мақамына жетуі, Құдайлық сипатқа айналуы керек-тін. Ал «құдайға» айналғандар – Жаратушы Иенің бүкіл заңдарын бұзып, тәуелсіздікті тонап, азаттықты аздырып, тілді – тұман, ділді – күмән, дінді ылаң қылып қойды!:

*«Құрығының» ұзынын
Қамдай...
Қары талардай.
Екі Дүние Қызығын –
Түгел сатып алардай, –
болып жүр!..*

Ал Бүтін Адамға олар көксеген «бақ» пен «құттың» түкке де керегі жоқ! Өйткені:

*Саған –
Билік керек емес,
Білемін!
Саған –
Байлық керек емес,
Білемін!
«Бүтін Адам»,
Екі Бірдей Дүниеде,
Ең Киелің –
Басың емес,
Жүрегің!*

Сондықтан:

*Жаның –
Алла Рахымы –
Жауанмәрт,
Тариқатқа –
Бет түзерде...
Ауандан:
Жүрегіне сенбегендер,
Бұл Жолдың –
Ақырына жете алмайды...
Тауандан!*

Жүректің ымбалын сезініп, оның қазынасына жетпегеннен кейін, ол дана бол, кара бол, жарым-жарты міскінге айналмақ! Ал рухани кембағалдар бақсыз елге – кожа, шексіз байлыққа ие болса, жаңағы айтқан: тілдің де, ділдің де, діннің де, бір сөзбен айтқанда, барша елдік құндылықтардың жендетіне айналып шыға келмек!

Сонымен, алдымыздан тағы да Жүрек шықты!.. Бұл кездейсоқтық па... Жок!

*Уай,
Жүрегім –
Рахмани-Қорегім:
Запыран –
Құстыр,
Зығырыңды –
Ек,
Зар –
Иле?!
Саналыдан:
«Сабақ алсам» –
Деп едім
(Санасызға –
Қажетім жоқ,
Әрине...)?!!*

Шайырдың қу жанын қуырдақ қылып аласұруы тегін емес. Оның Ақиқат Құбыласына назары ауған Жүрегі – енді бұрынғыша «жарым»-«жартыларды» «пір тұтып», алапес қоғамда ғұмыр кеше беруге болмайтынын еркінен тыс білдіріп тұр!

Қасиетті Құран-Кәрімнің 166 аяты, мүбәрак Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ондаған хадисі адам мүшесінің «ен киелісі» – Жаратушы Иеміз күніне 360 (!) мәрте Назарын салатын орын – Жүрек Қазынасының тұнғұйық сырларын ақтарады екен!

«Олардың басындағы көздері соқыр емес, жүрек көздері соқыр» (Хаж сүресі, 46-аят). Кәлам-Шәріп осылай десе, Хактың Расулі былай ашықтайды: «Денеден бір кесек ет бар. Егер ол таза болса – бүкіл дене таза болады. Егер ол бұзылса – бүкіл дене бұзылады». Ал сол Жаббар-Алланың сүйген құлдары – әулиелер не дейді?

*«Бойдағы кірді қашырса,
Хактықтың түсер сәулесі.
Жүректің көзі ашылса –
Адамның хикмет кеудесі...» –*

Әмбеге аян, бұл – Абай.



*«Жасырып тұр Жар өзін,
Бас көзімен қарама.
Жүрегіңнің аш көзін,
Жардың сырын арала...» –*

Азға мәлім, бұл – Шәкәрім.

«Жүрек – таза болған жағдайда періштенің кілт салып, от алдыратын немесе басқаратын рулі, Хақтан тайып адасқан жағдайда – шайтанның кілт салып, от алдыратын немесе басқаратын рулі». –

Кемге мәшһүр, бұл – Исмадулла мақсым...

Осынау шырын-шындық, кәусар-хақиқаттардан мағұлым болды: Жүректі таныған жанның ақылының айнасын (мират-ул Құллуб) шаң баспайтыны. Сондай-ақ аян-дүр: Ақыл Айнасы тазарған құлдың Рухы сафтанатыны хәм Хакты танитындығы. Ал рухы «сафтанған-сопыланған» жанның айтқаны келіп, атқаны тиетіндігі, жұмілаға – бесенеден белгілі шындық. Ендеше,

Иран-Ғайып шайырдың:

*Аңдап-Бақсам:
Жер-Бергі –
Аспан-Арғы –
Түнек!
Түнек!*

*Күллі әлем –
Тас-Қараңғы!
... Жүрек пенен Ой-Сана Жарасымын –
Таппай,
Жырым –
Жанарын жасқа малды...*

*Түнек!
Түнек!
Хас-Тылсым –
Қара Түнек!
Қараға –
Ақ жабудың қажеті не ед?! –
... Құс Жолына
Айналып барамын –
Мен:*

*Тәніме –
Хош,
Жаныма –
Пана тілеп... –
деген Өлеңіне сенейік. Сол Құс Жолының көңіл көгінде қанат қаққан «Құсқанатына» ілесіп Ұлықтар күткен Ұлы Жарсылықтың Таны келеріне сенейік! Ғаршыда басталар «Айт мейрамын» күтейік! Ақынның қаламына сенейік: «Уай, шыдайық... Аз қалды!..»*

Тәмам. Тәмам.



Өмір КӘРІПҰЛЫ

Саягүл — өр әйел. Ақ-сұр өңі қысқы күндей шанытып қабағынан қар жаудырғанда, бір үйлі жанның үлкен-кішісі түгелімен толайым ықтап кетер еді. Биік қабақ астындағы уытты көзі шанда бір күлімсірегенде, әлгіндегі бұғынқы жандардың арқа-басы жазыла түседі. Алдымен, үлкен келін Бидайыққа тіл бітеді.

— Енетай, мен жұмысқа кеттім.
— Сені кім ұстап отыр?
— Жай айтқаным ғой, — дейді ол назарын төмендетіп. — Кенсе қожайыны — қырыс адам. Жұмыстан кешіксем, қырына алып жүргізбейді.
— Бетің жылтыр болғасын қызығады да саған, — деп суық томсарды енесі. — Менің де басымнан өткен жағдай.
— Әне, бұ кісі сөйтеді!? — деді әдеміленіп тарана бастаған үлкен келін құдай аманаты теріс лағып. — Киінгеніміз де ерсі бұ кісіге, күн еткек боп

жүргеніміз керек. Баласы бір жағынан әкірендеп...

Кіші келін Тәмпеш те жинала бастаған. Балабақшада тәрбиеші боп істейтін ол бой-басын қымтанып жүреді. Енесінің назары кіші келінге түсті.
— Қымтанғаннан не шығарасың-ей!?

Сендерді итше тістеп жүріп жеткізген мен емеспін бе?

— Арам табысыңды бұлдама, шешей!
— деді үлкен ұлы. — Әйел басыңызбен көлденең олжаға құмар едіңіз ғой.
— Адалдан ақша тапсаң, саған біреу қой деді ме?

не тартып, — қарап жүргенді қой. Тәртіп сақшысы болған сендейлер күзетшілікке таптырмайды.

— Соған тұру үшін де бірдене беруге тиіссің, — деді Сұлтан жыларман болып, — кірмеген есік, бас сұқпаған тесік қалған жоқ.

МАЙОР ШЕНДІ ШЕШЕ

(әңгіме)

— деді оған. — Бетінді тұмшалағанда басқа жағыңды қайда жасырасың?

Келіндерін қусырмалауға жаны құмар тынышсыз ене балаларына да мазасыз.


— Әй, Бейсен боз! — деді үлкен ұлын өзіне қаратып, — сенің не ойлағаның бар, қашанғы арбакеш боп жүре бересің!? Ондай кәсіп қай атаңда бар еді? Көлігінді сатып, кәсіпке бейімдел дегенім қайда саған?

— Осыным тыныш, шешей.
— О, жігерсіз ынжық!
— Мелиса қатын атанып сіз де жер басып жүріз ғой, шеше!

— Менің шенімнен нендей зиян таптыңдар? — деді бір кездегі майор Саягүл ана. — Мына дағарадай жайды кім сендердің бастарына көтеріп берген? Әкелерің көк сумен болды.

— Өйдесеңіз, мына үйді сағамыз да өз бетімізше кетеміз, шешей, — деді үлкен ұл ішкі ойын ашып салып, — қашанғы омаламыз бір күркеде!? Оның үстіне, сіз де бір жағынан міндетсіп... Күн көрсетпей...

Сөзге кіші ұл Сұлтан килікті.
— Жолымды қу деп полицияға тығып... Ақырында нансыз қалдым.
— Өзіңнен көр! — деді майор шенді шеше. — Әкене тартқан қызбалығына мен жауап бере алмаймын. Тентекті жағадан алып сілкілейтін өркөкірек мінез бұрынғы кезеңмен бірге кеткен.
— Заң бұзғандарға өздері айтақтайды да, жеме-жемде кінәні төменгі шенділерге аудара салып, нанымыздан айырады, — деп китықты кіші ұлы.
— Басқа да жұмыс бар ғой, — деді шешесі қисық ұлын шыжымдап өзі-



ЛЫПАСЫЗ ҚАЛҒАН ӘЙЕЛ

Бұлар тізгін тартқанда бас қаланы шілденің ыстығы буып тұр еді. Осыдан ай бұрын қала теңселіп, тұрғындарды қос үрей жағдайда қалдырған-ды. Ескі ғимарттарға аздаған сызат түскенімен, шаһар тыншу қалыпта. Профессор — тәртіптің адамы. Қонақүйге түспей жеке пәтерден орын алды. Тоғыз қабат ауқымды үйдің айналасы, бау-шарбақты ауласы тап-тұйнақтай жинақы екен. Қоналқада Токан мәшинені сағалап, сыртта қалды. Арқар кеуделі, піл сауыр иномарка бұған тарлық ете қоймады. Жайма төсекте киімшен жатып көз шырымын алды. Ояна келген ол бір қолайсыздықты байқады. Таң рауандаған ала-көбеде Токан өз-өзінен қозғалақтаған мәшинеден сыртқа шықты. Дәу үй теңселіп тұрғанын ол алғашында байқай алған жоқ. Теңселіс пен тербеліс көріп келе жатқан құқайы емес пе, шайқалақ жүріске көндігіп алған оған жер сілкінісі — үйреншікті жағдай. Әншейін бір ауытқыма теңселіс тәрізді көрінеді. Өздері тұрақтаған үйдің ырғатыла шайқалғанынан секем алған ол жер сілкінісін анық байқады. Бақырып, шыңғырған дауыстан құлағы тұнды. Сыртқа шыққан үлкен-кішіде ес жоқ. Дүрліккен топ ашық алаңқайға қарай ойысты. Бала бақырып, ит шәуілдеп, есі шығып еліргендер бір-біріне жабысып, жанталаса жанұшырды.

Токанға жердің сілкінгені аса қорқынышты көрінбеді. «Әлгі кісі қайтты екен!?!» — деп түйілді іштей. Біреу міне жөнелер деген сақтықпен мәшинеден ұзамауға тырысты. Көлікке қарайлаған Токан бір тоқтап, бір жүріп бей-берекет дүрліккендерге жақындады. Сыртқа шыққандардың дені іш киімімен жүр. Әйелдер мен балалар да лыпасыз, ашық-шашық. Шаштары жалбыраған

қыз-қырқында өң-түс жоқ. Ақ төсі ағарандаған әйелдерді де үрей бұған. Еркектерді қара тұтып соларды ықтайды. Бір-біріне жармасқан үлкен-кішінің көздері шатынап аспанға шығып кеткен.

Токан жайсызданды. Сау аяғы тербеліске шыдамай бүгіліп барып оналды. Біреуді-біреу біліп болмайды. Сондай жанталаста ол бір қолайсыз жағдайды байқап қалды. Ашық-шашық бір әйел жанұшыра жүргіріштеп жүр. Тыржалаңаш оны ешкім ығына ала қоймады. Қол сөмкесін кеудесінен айырмай дызыққан әлгі әйел қапеліме Токанға жармасты. Жабысып айырылмай қалған оны Токан көлікке бейімдеді.

Жер сілкінісі біраздан соң тоқтады. Үрейлі көздерге қуаныш жасы үйіріліп, дүрліккен тобыр сабасына түсе бастады. Солардың арасында профессор да жүр екен. Токан үлкен кісіні құшағына алды.

— Аманбысыз, ағатай?
— Бармыз ғой.
— Мен сізді уайымдап...
— Өзің қалайсың?
— Бұндай жағдайда неге екенін қайда, сіресіп қаламын.
— Сірескенің осы ма!? — деді профессор оны қолтықтап, — сұрың қашып тұр ғой.

— Бір қолайсыз жағдайға килігіп, соған алаңытып тұрғаным.

— Не боп қалды!? — деді профессор оқыс тіксініп, — мәшине орнында ма!?
— Көлігіңіз дін аман, — деді Токан біртүрлі бұгежектеп, — ішіне бір әйелді отырғызып қойып едім.
— Не, көңілдесің бе!?
— Әншейін біреу, — деп мінгірледі ол, — бірақ өзі тыржалаңаш.
— Ондай-ондай бола береді, — деді профессор мән бергісі келмей. —

Алаң-далаң кезеңде ашық-шашық жүру сәнге айналып барады. Жер сілкінісінен есі шығып кеткен біреу ғой, сірә? Айтпақшы, сенің бұйымтайыңа ұяттымын. Өзіңе ыңғайлаған балдызым тұрмысқа шығып кетіпті.

— Оқа емес, бір мәнісі бола жатар, — деді жігіт бұгежектеп, — онда қайтамыз ғой.

— Жолға жиналайық, — деді профессор алаңытып. — Жер сілкінісі қайталанып жүрер.

— Нәрсе-қараның өзіңізде ме?
— Ә, менің бұл жаңа көрген құқайым деймісің! — Профессор ауыр теткіді. — Ғұмырымның дені осы қалада өткен жоқ па?! Қала тербелісі бала күнінен маған үйреншікті. Жалған дүние, түптеп келгенде, тербелістер мен теңселістен тұрады, бауырым! Жағалас-жанталасыз ғұмыр-тіршілікте мән болмақшы емес.

— Сол жағаласқа мезгілсіз тап болдым ғой, ағатай! — деді Токан балаша мұнайып, — қатарымның озғыны едім, ит мұжыған асықтай боп жүрісім мынау!
— Жастық желік қой сенікі, — деді профессор өзіне мәлім жағдайды жайып-шуып, — «Артық қайрат жанға қас» деген сөз бар халықта.

— Олар — үшеу, мен жалғыз едім, — деді Токан жыламырап, — мертіктіріп кеткенімен қоймай, айдай аруды шарай көзге тартып әкетті. Бір кісілік әлім бар, қарымды едім, күреспен біржолата қоштасып, рөл ұстап қалған жоқпын ба! Өзіңізге белгілі жағдай, маған қатын құтаймай қойды.

— Қайырсыз ғашығыңды аңсайтын шығарсың?

— Одан емес, тағдырыма налимын.
— Тағдырыңа себепкер әлгі сұлу емес пе? — деді профессор ойын ашық

білдіріп, — осы қалада жүр деген едің ғой?

— Жүрсе, жүрген шығар, бірақ соны толық көз алдыма елестете алмаймын. Сойқан сұлу болатын, дидарынан күн көрінуші еді.

— Мына тығындың сол боп жүрмесің!?

— Ғажап емес! — деді Токан біртүрлі алаңытып, — тыржалаңаш қалғасын аяп кеттім өзін. Әрі көзіме біртүрлі жылы ұшырап...

— Заманның амалынан ба, осы күні ашық-шашық жағдайдан көз сүрінеді, — деді профессор ауыр теткіп. — Жалаңаштану үйреншікті дағдыға айналып кетті.

— Өзім де шошып тұрмын содан! — деді Токан мол денесін қозғалақтап, — жабысып айрылмай қалған соң, қол ұшын берген едім.

— Тонаушы боп жүрмесің! — деді профессор оқыс тіксініп, — осы күнгі адамдарға сенім жоқ, жансақтаудың амалымен небір қитұрқыға барады.

— Онда білейін өзін.
Әйел тыржалаңаш қалыпта сіресіп қалған еді. Екі қолын бұтының арасына жіберіп, аузы сәл ашылып, көзі жұмылған бойында қыбырсыз жағдайда жатыр. Шошып кеткен Токан шалқалай берді. Оны кеп профессор сүйемелдеді. Есі ауып барып оналған серігіне:

— Мықты едің ғой, шыда! — деді профессор. — Тағдыр тәлкегіне қарағанда, жер сілкінісі әншейін бір ойын жолы, бауырым!

— Өлді анау, өлді! — деді Токан үлкен ала көзі үрейден шатынап.

— Қорықпа, ол өлмейді, — деді үлкен кісі жолсерігін жұбатып, — менің бір еңбегім «Қиналыс жағдайдағы адам

— Олай десен, саудаға шық.
— Ақшаны қайдан аламын?
— Менің зейнетақымы жарат.
— Сіздің пенсияңыз ауыз шаюға да келмейді, — деді Сұлтан қытымырланып, — үйді сатқан жөн.
— Қара шаңырақ қой бұл деген!
— деді майор шеше сәл босансып, — беделіммен, ақыл-айламен арзанға түсіріп алған жоқпын ба!

— Бұрынғы сауда үйінде не қасиет бар дейсіз!? — деді Сұлтан тақыстығына бағып, — үйді сатып ақша жасағанымыз жөн.

— Ә-ә, солай деймісің?

— Қисыны соған келіп тұр.

Үй сатылатын болғанда отбасының үлкен-кішісі бір ауызды боп шықты. Ененің адуын ызбарынан мезі боп жүрген қос келіннің іші біледі. «Иә, сәт-ай!» — десті қас-қабақтары жазылған емескі үмітпен. Қос ұлдың да құдайы жарылқап арқа-бастары кеңіп сала берген. Оңашаланған екеуі бір шөл-мекті тауысып тастады. Есі кіріп қалған балалар да: «Алақай, үйді сатып ақша ұстаймыз!» — деп мәз болды.

Қос қабатты үйдің ауласы тал-терекпен көмкерілген бау-бақшалы болатын. Құтты ұяға қызыққандар кең жайды көтеріңкі бағамен алды. Мол ақша әулеттің би анасы майор шешенің қолына тиген еді. Қанша дегенмен ана аты бар емес пе, жеме-жемде жұмсақсып сала берген ол үлкен ұлға үш бөлме, кіші ұлға екі бөлме пәтер сатып берді де,

өзіне бір бөлмелі шағын жайды таңдады. Артылған ақшаны екінші ұлдың саудасына ыңғайлады.

Сәл мүлт кеткенін кейінірек байқаған адуын шеше жалғызсырай бастаған. Іргесі тиіп тұрған қос ұлдың үй-жайына бас сұғудың өзі Саягүлге қияметтей көрінген еді. Кезіндегі ысқырық-ызбарын ұмытпаған қос келін мазасыз енені салқын қарсы алатынды шығарған. Немерелері де шешелерінің қырпымен болып, «майор әжесіне» еркелей қоймайды. Қос ұлдың құдайы жарылқаған еді. Арбакеш Бейсен сатылған үйден алған үлесін жең ұшынан жалғасуға жаратып, таксопаркке орналасып алды. Кіші ұлда да өзгеріс бар. Саудаға жүгіргенде жолында кім тұрса да қағып өтуге бар. Қытымыр шешеден ықтағанды ұмытқан.

Майор шенді шешеді бұрынғы екпін қалмаған еді. Аудандық деңгейде үштің бірі боп құқық қорғау саласында мінсіз қызмет атқарған Саягүл отбасылық күйбенде мүлт кеткенін мойындауға мәжбүр. Қызмет бабындағы қатандық үйшілік жағдайға үйлеспейді екен. Меселі түсіп, тауы шағылған ол: «Әй, тұқымың өскірлер-ай!» — деп шарасыз мұнаяды. Болып-толып тұрғанда «маматайлап» алды-артын орағыштайтын ұлдары мен келіндерінің салқынсыған қалыптарына себепкер өзі екенін іштей сезінгенде, қасарыспа мінезі күрт сынып, сәтте жұмсақсип қалатыны бар.

(аңгіме)



санасының ауытқуы» деп аталады. Бұл әйел тыржалаңаш қалғанына төзе алмаған. Соның себебінен өлім мен өмірдің аралығындағы сәттік талықсуға ұшырауы ғажап емес, ұйықтап та кетеді.

Әйел аздап есін жиды. Шатасқан сәттегі алың-бұлың елес көз алдынан өтіп жатты. Бір құбыжық үстіндегі көйлегін дар-дар айыра бастағанда, бұған біреу көмек қолын созады. Оң мен түстің аралығындағы жағдайдан серпілгені сол еді, көз алдында бір таныс бейне тұрды. Әлгінде өзіне қол ұшын беріп жалаңаш тәнін мәшинеге жасырған қолапайсыз еркек қапелімде бәлен жыл жоғалтып алған баяғы қимасы сияктанып кетіп еді... Аты аузына түспей сәл бөгелген ол:

— Сен әлгімісің!? — деді бір шешімге келе алмай.

— Иә, солмын! — деді Токан көзін шатынатып.

— Баяғыдан бері бір көрінбей қайда жүрдің!? — деді жалаңаш әйел кемсендеп.

— Не бетіммен көрінемін!? — деді ол иығын қушытып, — мертіктіріп кеткен жоқ па бұзақылар.

— Мені де жетістіргені шамалы! — деді әйел жыламсырап, — жалаңаштанумен өтті ғұмырым! Енді жағдайым мынау. Бұдан гөрі өлгенім қайырлы!

— Өлмей-ақ қой! — деді Токан оны мүсіркегендей болып, — сені кім көзі қиғандай еді.

— Шынымен солай деймісің!? — деді әйел жәудір көзінен қат-қат жас төгіп. — Бір жақсылығың сол болсын, маған лыпа жеткізіп берші.

— Сонымен бітісеміз бе!? — деді Токан шұғыл ширғып, — ендігі беталысың қай жақ?

— Оны енді сен білесің! — деді әйел жасты көзіне уыт жиып, — басқа қайраным жоқ.

ТАРТЫМДЫ КЕШ

Қостанай қаласында қазақтың көрнекті ақыны, ыбырайтанушы әрі ахметанушы ғалым, танымал әнші-сазгер Серікбай Оспановтың 80 жылдық мерейтойына орай «Тобыл ағады» атты шығармашылық кеш өтті. Қазақстан Жазушылар одағы мен Қостанай облыстық мәдениет басқармасымен бірлесе ұйымдастырған кешке өңірдегі зиялы қауым, ақынның көзкөрген замандастары, жергілікті ақын-жазушылар, өнерсүйер жұртшылық жиналды.

Облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов сөз сөйлеп, танымал ақынның төл поэзиямыз бен ғылымға қосқан өзіндік

үлесін атап өтті. Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Күлкеновтің құттықтау хатын Алматыдан арнайы келген белгілі жазушы, филология ғылымдарының докторы Нұрдәулет Ақыш оқып берді.

Жергілікті өнер ұжымдары ақынның сөзіне жазылған әндерді орындады. Әсіресе қалың қазаққа белгілі әйгілі «Сағындым Алматымды» нәшіне келтіріп орындаған «Жігер» жастар кварталіне көрермен үлкен қошамет көрсетті. Белгілі сазгер Алтынбек Қоразбаевтан бастап, еліміздің түкпір-түкпіріндегі Серікбай атамның замандастарының бейне құттықтаулары, ақын туындыларынан ұйымдастырылған материалға бай көрме, жастардың поэтикалық қойылымдары кештің мәнін аша түсті.

ОДАҚ ЖҰМЫСЫНА ОҢ БАҒА

Облыс орталығындағы Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейінде белгілі алматылық жазушы-ғалым, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Нұрдәулет Ақыштың 75 жас мерейжасына орай шығармашылық кеш өтті. Нұрдәулет Ақыш – қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин туралы «Алтынсарин алауы» роман жазған қаламгер.

Кешке тарих ғылымының докторы Аманжол Күзембай, ыбырайтанушы белгілі ақын-ғалым Серікбай Оспанов, ҚЖО-ның облыстағы өкілі, сыншы Жанұзақ Аязбекұлы, ақын-ғалым Ақылбек Шаяхмет және басқалары жазушы шығармалары, «Алтынсарин алауы» романы туралы өз ойларын ортаға салды.

Шығармашылық кездесуде жазушы Ыбырай туралы көлемді романның жазылуы туралы тартымды дерек-дәйектерді айта келе, Қазақстан Жазушылар одағы атқарып жатқан елеулі іс-шараларға арнайы тоқталды. Әсіресе Одақтың кейінгі жас толқынға қамқорлығы, балалар әдебиетін дамыту жолындағы мақсатты шаралардан хабардар етті.

ҚАЛАМҒА ҚОНҒАН ҚҰТ

Сөз зергері, руханият шырақшысы, қаламының ұшымен қоғамның үніне айналған Ғалымжан Елшібай 50 жасқа толды. Ақпарат айдынында абыройлы еңбек жолын қалдырған журналистің мерейтойына арналған салтанатты жиынға қаламдас әріптестері, жерлестері мен оқырман қауым қатысты.

Елу жастың отыз жылдан астамын журналистика саласына арнаған Ғалымжан Елшібай — осы кәсіптің ыстығын да, суығын да бір кісідей көрген азамат. Көптеген республикалық басылымдарда абыройлы қызмет атқарып келеді.

Мерейтойға «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Ғабит Мүсіреп, академик, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып, «Ана тілі» газетінің бас редакторы, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері Ерлан Жүніс,

«Zan Media» холдингінің бас директоры Досымбек Қонысбек және әдебиет сыншысы Әмірхан Меңдеке тәрізді белгілі қаламгерлер қатысып, ізгі тілектерін жеткізді. Шығармашылық кеш алдында облыс әкімі Нұрлан Көшеров еліміздегі жетекші басылым басшыларымен «Ғағаб» кітапханасында кездесіп, сұхбат берді. Екі арадағы емен-жарқын әнгіме облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуынан руханият саласына дейінгі аралықтағы тақырыптарды қозғады.

Салтанатты шарада Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның, Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтің, Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековтің құттықтау хаттарын арнайы жіберген делегация жетекшілері оқыды.

Шығармашылық кеште Ғ.Елшібайдың әр жылдары жазылған жырлары оқылып, оның өлеңдеріне жазылған әндер шықалды.

«ЖАС ҚЫРАН» АҚЫНДАР КЛУБЫ АШЫЛДЫ

Алматы қаласы, Әуезов ауданына қарасты №119 мектеп-лицейінде «Жас қыран» ақындар клубы өз жұмысын бастады. Шығармашыл жандардың басын қосқан бұл клуб мектеп-лицейдің басшысы Жаңыл Батырбекованың бастамасымен құрылды.

Салтанатты шара барысында клуб жетекшісі, ақын, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дархан Құдайбергенов ақындар клубының мақсаты мен маңыздылығына тоқталды.

Кешке арнайы шақырылған талантты ақын, қаламы жүйрік журналист Ал-

мат Исәділ және дәстүрлі әнші, сазгер, өнер зерттеушісі Канат Әмірханов жас ақындарға сәттілік тілеп, өлең оқып, ән шырқап ізгі тілектерін жеткізді.

Мектеп директоры клубқа мүшелікке іріктеуден өткен мұғалімдер мен оқушыларға арнайы төсбелгі табыс етті.

Шара Қожа Ахмет Ясауи атындағы №123 мектеп-гимназиядан арнайы келген Қалиақпар Медина мен аталмыш мектеп оқушысы Марабай Диастың арасындағы айтыспен ерекше қыза түсті.

Лайым осындай шығармашылық орталықтардың жұмысы жанданып, шәкірттеріміз ұлт руханиятына терең бойлай берсін деген тілектеміз.



Жүрсін ЕРМАН

АЛМАС АЛМАТҚА

Түсіріп жүрекке жүк, жанға салмақ
Серіге болып еді ән қашан бақ?..
Мен сенің өміріңе қызықпаймын,
Сен мені кешіре гөр, Алмас Алмат.

Қадаса саған сұғын көздер кілең,
Сен қашан тағдырыңды өзгертіп ең?..
Ес біліп, етегіңді жапқалы сен,
Ауырып келе жатсың сөз дертімен.

Жоқ сенің өзге дәулет, өзге малың,
Жыр толған өз әлемің, өз қамалың.
Ұмытып бар қызығың дүниенің
Бағасың ертелі-кеш сөз қабағың.

Аңғармай жаздың ауып, күз өткенін,
Артығын шырпып алып, түзеп кемін...
Бабалардың мұрасы – баптағаның,
Даналардың сарқыты – күзеткенің.

Жыр деген – еркетотай тұңғыш бала,
Айырмас түн ұзақ па, күн қысқа ма?..
Жартысын ғұмырыңның жеген шығар...
Жүректі жарып шыққан «Шыңғыснама».

Астына жинап елді бір шатырдың,
Күңіреніп күн астынан үн шақырдың.
Барады іліп алып сарыныңды,
Ізіңе тәу ететін мың шәкіртің.

Сен барда кетпес өнер құрдымға әрі,
Шөліңді қандырады жырдың нәрі.
Жантақпен жүрек жалғап келе жатқан,
Саф алтын арқалаған Сырдың нары!

ҚҰДАЙБЕРДІ
МЫРЗАБЕКОВ ЕЛУДЕ...

Құдашым, Құдаш інім – Құдайберді,
Мен саған теңгермеймін былайғы елді.
Серіні сертке берік сен деп білем,
Буынып шыға келсең қынай белді.

Басыңнан жылдар зулап өткенімен,
Мен сені әлі жас қой деп келіп ем.
Атыңды бауырлатып талай өттің,
Қара өлең дариясының өткелінен.

Жаныңды жарқылдатсаң жырға жайып,
Тағатым талай менің тұрды азайып.
Аузыңнан ақық сөздер ақтарылса,
Болушы ем түс көргендей бір ғажайып.

Кейде сүт те аз болып, көп көмірің,
Айтыстың бір мінбедің көк темірін.
Көмбеге қара үзіп келе ме деп,
Қысумен тақымымды өтті өмірім.

Көмбеге Құлагер боп жетпегендер,
Бәрің де бүгін маған өкпелеңдер.
Кермеде тыпыршыған тұлпар құсап,
Жүлдесіз кетті қанша текті өлеңдер.

Жаратқан, жақсыларды жат қылмашы,
Шайырға анық екі шақ тумасы.
Сыймадың қалыбына бұл заманның,
Ноқтаға сыймағандай аттың басы.

Айтыстың таптым деп ем бел баласын,
Өзің де талайларға енді ағасың.
Оңайға иілмейтін өр басымды,
Иілткен талантыңмен сен ғанасың!

Жақындау жүрмесең де өте маған,
Мен сені деген жоқпын бөтен адам.
Киесі Көкшетаудың сен деп білем,
Батасын беріп кеткен Көкен ағаң.

Кііп ап сақ бабаның саптамасын,
Сен енді тұлпар баптап, ат бағасың.

Табаннан су өткенмен, бауырдан сыз,
Ешкім бізге дей қоймас, тәуір жансыз.
Бауыржансыз оңайлау болғанымен,
Өмір мәнсіз секілді Бауыржансыз!

Мені ұстаз тұтасың. Рақмет!
Ұстазды да таңдайды бір-ақ рет.
Саған ұстаз болу да – бір қиямет,
Маған шәкірт болу да – бір ақырет!

ЕРШАТ
ҚАЙБОЛДИНДІ
АЙТЫСҚА ШАҚЫРУ

Ершат інім!
Төбеңе шабытыңның кер шатырын.



СӨЗ СҮЙЕКТЕН ДЕУШІ

Қазаққа қазақ болу оңай емес,
Тағдырың талантыңды таптамасын!

Елудің еңкейтпесін таянғаны,
Сан бұлбұл паналайды саяңды әлі.
Көкшені көтеруге жарайсыңдар –
Төлеген, өзің және Баянғали.

Сақа деп иірмейді кім асығын,
Ел сорлы – танымаса шын асылын...
Көгілдір Көкшетаудың Құдашының,
Тілеймін жығылмауын жығасының!

БАУЫРЖАНҒА

«Айбекке жазған өлеңіңіз шедевр екен»
«Дәулеткерейге жазғаныңыз да шедевр екен...»
«Жалғыз шәкіртім деп қанша айтсаңыз да,
маған да бір жыр қимадыңыз-ау»
(Бауыржан Халиолланың маған жазған смс
хаттарынан)

Қатынға бір жалтақтап, кеңсеге бір,
Жүргенімде басады еңсені өмір.
Қалт-құлт еткен ағаңның қаламынан,
Қарағым-ау, күтесің сен шедевр.

Шынымен-ақ сен – менің шәкіртімсің,
Жалғастырып араны жатыр тылсым.
Құдай сүйер қылығың жоқ сенің де,
Ішіңмен де, сыртыңмен жақынсың тым.


Сен емессің сыпайы, жорға бала,
Кейде құрып қоясың торды ағаңа.
Сені ойласам, менің де дейтінім бар:
«Сорқұдыққа қондым-ау сорға бола».

Көздеріңнің ұнайды оты маған,
Отсыз сөніп қалмай ма ақын адам.
Сен айтысқа шыққанда уайымдаймын,
Кетсе екен деп аман-сау сахнадан.

Сен де қырсық, Бауыржан, мен де қырсық,
Мені жөнге салады жеңген ұрсып.
Артық кеткен жерлерім еске түссе,
Дөңбекшімін төсекте енді ыңырсып.

Өгіз өлді демейсің, арба сынды,
Өрге сүйреп жүресің өр басыңды.
Сен айтыста ойнайсың ажалменен,
Бүркітпенен ойнаған қарға сынды.

Бауыржан көп, әлі де жоқ ұшығы,
Солар жақтан жетеді соғыс үні.
Ибрагимов, Жақыпов, Омаров, сен –
Бәрің бір-бір секілді Момышұлы.



Тербетіп Нұрпейістің аруағын,
Ала кел ақын бабаң берсе ақылын.

Әйтеуір өлең әкел астанаға,
Сөз әкел айта алмайтын басқа бала.
Торғайдай шырылдаған жаныңды әкел,
Тасыған мейманасы тас қалаға.

Сусаған сағыныштан кім арылған,
Шығайын ііскелеп құмарымнан.
Есіме Есенбайды түсіретін –
Бір жұтым жұпар әкел Шұбарыңнан.

Қонатын кез болмай ма өренге бақ,
Қарағым, күмілжімей төмен қарап...

Өтежан ауылының отын әкел,
Бір шумақ былдырлаған өлеңге орап.

Ақ перзент ақыны едің Ақтөбенің,
Әдलिएп жыр-ананың бақ бөбегін.
Босатып бесігінен қол-аяғын,
Айтып кел Қуандықтың жатқа өлеңін.

Алматы дуылдасын, дүркіресін,
Ақ жаңбыр өлең болып сіркіресін.
Көшені сытыратын Камаздары,
Абайдың даңғылынан жыр күресін.

Күдіктің көк тұманы түрілер шақ,
Туады тұлпарға да мінілер сәт.

Алаңдап жүрмін күнде әуежайға,
Аңқылдап кеп қалар деп інім Ершат!

БІЛДАШЕВ ҚАЛИЖАНҒА БАТА

Қатарыңнан асқанға сал иығын,
Болдым-толдым дей көрме, Қали інім.
Киелі қарт Қаратау көрген талай,
Ақынның мұзбалағын, ақиығын.
Соzaқтың сөз ұғатын жұрты түгіл,
Болған жоқ сені толық танып үйің.
Илейтін шегіренді шебер қолдан,
Қайыс боп жаңа шықтың қанып иің.
Айтыстың ат арытар жолдарында,
Алдыңнан асу шығар әлі қиын.
Алпамыстың азулы тұқымысың,

Балтырыңды тістелеп шәуілдейді,
Ит қалды ма шайырдан өш алмаған?!

Айтысыңды жсіліктен, бұтарлаған,
Бұл қоғамда қылыш
жоқ жұқармаған.
Абылай хан сөзіне қонақ берген,
Сенен гөрі бақытты Бұқар бабаң!

Аяр заман бітіріп ақшаға бақ,
Жүректерге қанжарын жатса қадап.
Жүрегіңнің түгі бар болмаса егер,
Айтар ма едің қасқайып патшаға дат?!

Сыртымыздан қарайды ел бақылап,
Саңырауға сөзің қор, жеңді ақымақ.

...Биіктен сорғалаған мұзбалағым,
Тағдырлас тағысы едік біз даланың.
Сарқыты серілердің деп мен сені,
Қаланың шуылынан қызғанамын!

Нансаң да, шыным осы, нанбасаң да,
Саяқ қой сертке туған жан қашанда.
Баяғы бабалардың елесіндей,
Төбеңді көрсетіп жүр анда-санда.

АРМАНДЫ АЗҒЫРУ

Шығып жатса сөкпеңіз өктем үнім,
Көрешекті көруде көптен інің.
Ұлытауға оралған сіз сияқты
Көкшетауға мен де, аға, өкпелімін.

ЕДІ, ӨНЕР – ҚАННАН...

Түгендеп текті сөздің тап иінін.
Алдыңнан әзір сенің шығармасын,
Арқалықтың аждаһа Қалиевін!

ШҰҒАЙЫП СЕЗІМХАНҒА

Ақынсың, албырт Шұғайып балам,
Берілмей жүр ме лайық бағаң?!
Жүлдесіз қалсаң жыр додаларында,
Мен сенен әрмен мұңайып қалам.

Ұстазың еді Бекарыс ағаң,
Ұмытқан шығар жері алыс адам.
Бірге туысқан Ақсақаловынан,
Бермеді-ау баға жоғары саған.

Отыңды үрлеп тұтатпай ма аға,
Кіргізіп едім кітап-қоймаға.
Торғай боп мені паналап кеп ең,
Саям барында бұтақтай ғана.

Сен қосылмаған жарыстар қалды ма?..
Тілеулес жанмын алыстан бағыңа.
Қожса Ахметім сен боласың-ау —
Айнала алсам Арыстан бабаңа.

Түйенің ұзақ толғағы сынды,
Ұғарсың осы толғанысымды.
Өліп қалмасам, Өлгейге барам —
Қондыру үшін қолға құсыңды!

АЙБЕК ҚАЛИЕВКЕ

Ақылман ақын едің бай көңілің,
Айтысты не қыламыз, Айбек інім?
Сес көрсетіп сұрланған бұл биліктің,
Көңілінен шығамыз қай бегінің?!

Сертттей сөзің жеткенмен әр ауылға,
Жауығатын жандар көп жарау ұлға.
Бәйтеректің басында мерген отыр,
Әр сөзіңді ілдіріп қарауылға.

Заманақыр етпеді мұңды кімді,
Көріп жүрміз құлық пен сұмдығыңды.
Ертеңіміз не болар деп жасқанбай,
Айтып жүрсің алашқа шындығыңды.

Айтып жүрсің айтыста ғажаптарды,
Таң атуға, — дейсің сен, — аз-ақ қалды.
Құлағының түбінен мылтық атып,
Оятумен келесің қазақтарды.

Оянбайды ұйқыдан мешел қоғам,
Дарытыпты жазылмас кеселді оғам.

Жиырма жыл тауымыз шағылмаған,
Сен де ақымақ, Айбекжан,
мен де ақымақ!

Сөз — сүйектен деуші еді,
өнер — қаннан...
Үміт үзбей жүреміз келер таңнан.
Сені арқаңнан қағармын мен өлгенше,
Қағатын жан бар ма екен
мені арқамнан!

ЕСКІ ЭЛЕГИЯ

(Дәулеткерей Кәпұлына)

Домбыраң — тағдырласың, жан серігің,
Сыйқыр бар уілінде әр шегінің,
Сен маған сарқытындай көрінесің,
Қазақта қалған ақын, сал-серінің.

Өзің де көне дыбыс, мұңлы күйсің,
Күйінсең, көкірегің шын күйінсін.
Тынысың ашыла ма — жұтқаныңда,
Жылқының жалындағы күннің иісін?

Серінің көңілінің бәрі осалдан,
Қаяу көп жүрегіне жара салған.
Қамығып қараша үйде есейдің бе,
Қасірет күйін тыңдап қара шалдан?

Сол ғой, сол — сендегі шер, мендегі шер,
Жолықпай жан жарасын емдегіш ер.
Жүреміз жалғыз-жарым саяқ құсап,
Жарымес болмаған соң демге пісер.

Жүр дейсің дертке сендей ұшырап кім,
Қырға шық, қамау терін түсір аттың.
Қағаз шай, ащы насыбай табылмаса,
Қымызын құнығып іш қысырақтың!

Сонан соң ер-тұрманын сайла атыңның,
Қалмаған алтын басы қайда ақынның?..
Сүңгіп кет туған жердің қойнауына,
Төсегінен тұрсаң да қай қатынның!

Киіп ап түлкі тұмақ, саптама етік,
Қасқыр қағып қайтуға тоқтам етіп.
Қарагердің белінде қайқая шап,
Жар демей, жыра демей таптап өтіп.

Құла дуз, қу даладан құбыла тап,
Алмаған кісідей боп ғұмыры атақ,
Қарайып көкжиекке сіңген қандай,
Жалғызға жалғыздық та шын рақат!

Көңілімнің келмей тұр күйі неге,
Бостан-босқа бұл інің күйіне ме?..
Біржан салды байлаған кендір арқан
Мазалайды түсімде жиі неге?..
Әлде бір күн мойныма киіле ме?

Сіз қалдырған жалғанам ізге қалай,
Ашық күнде адастым түзде талай.
Тағдырымды тәңірге тапсырып ем,
Құдай мені жолдады сізге қарай.
Енді, аға, жүр дейсіз бізге қалай?
(Арман Бердалининің
маған жазған смс хатынан)

Ей, Арман, немересі Бердалының,
Білдің бе баянсызын ер бағының?..
Арқырап аламанда жүруші едің,
Басылып қалғандай ма енді арының...

Басыңды тауға да ұрып, тасқа да ұрып,
Сен іздеп жүруші едің басқа ғұрып.
Кісінің басына бұлт айналғанда,
Қалады басқа түгіл дос та құрып.

Біледі есер шақта кім шамасын?
Аға деп енді маған мұң шағасың.
Қарағым, көрешектің бәрі алдыңда —
Жасисың, жұқарасың, жұмсарасың.

Сақасын қазақ біткен теріс атып,
Білмейді жүргендерін нені шатып.
Көзіміз көп нәрсеге жеткен біздің,
Жүргенде айтыскерлер мені сатып.

Ей, Арман, немересі Бердалының,
Себебі арақ деп ең сен бәрінің.
Қазақтың жауы жалғыз арақ емес,
Жазғырып не қыласың ер қаруын.

Сенімен тұрғаным жоқ керіскелі,
Ісімнің толып жатыр терістері.
Періштені ұмытып, сайтанға ерем,
Шемен боп қалған кезде шер іштегі.

Ей, Арман, немересі Бердалының,
Айтайын базынаның енді ауырын:
Іштегі қыжылдарды басу үшін,
Толғап-толғап тартайық,
кел, бауырым!

«АБАЙ ЖӘНЕ ТӘКЕН» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ




2 қазанда Гумилев атын-
дағы Еуразия ұлттық уни-
верситетінің Журналистика
және әлеуметтік ғылымдар
факультетінде белгілі қа-
ламгер, әдебиет сыншысы,
профессор Қансейіт Әб-
дәзұлының «Атамұра» бас-
пасынан шыққан «Абай және
Тәкен», «Ақиқаттың алдас-
паны» атты кітаптарының
таныстырылымы өтті.

Жиынға жазушы, абайтанушы
ғалым, академик Ғарифолла Есім,
көрнекті әдебиеттанушы, профес-
сорлар Серік Негимов, Рақымжан
Тұрысбеков, Сәуле Ержанова, әйгілі
журналист, жазушы Шархан Қазығұл,
журналист, тарих зерттеушісі Діл-
дәбек Жәнібекұлы және бір топ жас
ғалымдар қатысты. Дөңгелек үстелге
модераторлық жасаған белгілі жазушы,
факультет деканы Нұржан Қуантай сөз
бастап, келген қонақтарға кезегімен сөз
ұсынып отырды.

Іс-шара барысында қазіргі қазақ
әдебиеті мен қазақ сынының, жақында
жарияланған қазақ әдебиетінің ең таң-
даулы жүз шығармасы туралы, сонымен
бірге бүгінгі қазақ руханияты мен өнері,
тарих пен ана тіліміздің өзекті мәсе-
лелері жайында әңгіме өрбіді. Әсіресе
қазіргі абайтану ғылымының, бүгінгі
әдеби сынға қатысты пікірлерімен
бөлісті.

«ҚЫЗ АРМАНЫ»

Жуырда
белгілі
жазушы
Жанар
Әбдішо-
ваның
«Қыз
арманы»
кітабы
жарық
көрді.



Мемлекеттік тапсырыспен «Алматы
— Болашақ» баспасынан жарық көрген
жинаққа тақырыбы әр алуан әңгімелер
енген. Әр туындыда адамдардың басы-
нан өткен жай-күйлері, тығырықтан жол
ізлеген сәттері нанымды бейнеленіп, шы-
найы суреттелген. Әсіресе әйелдер бол-
мысы жан-жақты ашылатын әңгімелер
желісі ешкімді бей-жай қалдырмайды.
Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Қазақтың қатарынан қара үзген өрен жүйрігі, өргек ақыны Жүмекен Нәжімеденов поэзиясы туалы сөз айту – қиынның қиыны. Ол үшін таным деңгейің, пайым-парасатың, талғам-талабың шоң шайырдың жұлығынан болмаса да, тобығынан келуі керек. Бірақ айтпасаң тағы болмайды. Аңдап қарасақ, Жүмекен туралы талай жылы сөз айтылып, талай тұнық пікірлер тоғысыпты. Солардың ең басында ақын замандасының өлеңдегі өзгеден бөлек қасиеттерін тамыршыдай тап басып, таным таспасына тізген, өзі де дана қаламгер Әбіш Кекілбаев тұр. Осы орайда ақын әлемін ашуда дарынды сыншы Амангелді Кеңшілікұлы да елеулі еңбектер жазып келеді, игілікті іс жалғаса бергей. Әйтсе де, мұхиттың асау толқындарындай ентелей лықсыған ой молшылығын оны сыйғызар ерекше «ыдыс» (түр) іздемей-ақ, халқының қара өлеңімен қалыптаған ақын шығармашылығы туралы қанша айтса да көп болмайтын секілді. Оған біз де талап қылдық. Бірақ ақын атаулыны жылқыға теңесек, солардың ортасында түркімен түлігі тұқымындай ерекше бітім танытатын жыршыны жаппай танып, жағалай мойындау жағы әлі де кемшін сияқты.

Абзал БӨКЕН,

ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері

«МЕНИҢ ҮШІН КҮРЕСЕДІ»

Әрине, ақын Нәжімеденовтің асыл сөзде айқұлақтанған арқар тұлғасын әдеби орта мен зерделі қауымның білуі бар. Бірақ қағаз қарауға бейімі бар жұрттың дені оны еліміздің Әнұраны авторларының бірі ретінде ғана танытыны жасырын емес. Ал анау қарағайдай жеті том болып, ойлары қалың ормандай сыңсыған, сезімдері селдей боп сергек көңілді жаулаған лирикалары мен поэмалары, романдар мен повесть-әңгімелері қайда? Ол жағынан жұрттың көбі қараңғы. Кезінде ақын замандасы алып Мұқағалидың өзі «жиырма бірінші ғасырда, тек Жүмекен жырлары оқылады» деп мойындаған тұлғаның оқырман ықыласымен әлі де кең тыныстай алмай жатқаны қалай?

Бірақ үмітсіздікке үйірсектеуге әлі ерте. Әдебиет табалдырығын небәрі жиырманың үстінде жазған дүниелері «Балаусамен» аттап, өлеңнің атажұртын жап қаратқан жас ақын одан кейін шыққан «Сыбызғы сыры», «Өз көзіммен», «Жарық пен жылу», «Күй кітабында» қызба емес, созба сәйгүліктің мінезін танытып, жыр танабын қуыра түсті. Аға буынның желкемізден жас тұлпарлардың дүбірі естілді дейтіні осы кез.

Жүмекен тұңғышы «Балауса»-сымен-ақ өзінің ойға бөккен, түйіні толысқан, бояуы қаныққан, түрі жағынан тосын, бейнесі жағынан «бір түрлі» әлемін ала келді. Оның өлеңдеріндегі сөзбен салынған сурет, тас пен пен тамырға дарытқан кимыл, бітеуге саңылау салған сәуле, жартасқа жан бітірген жалын біздің осы уақытқа дейінгі өлең туралы түсінігімізді түбірінен өзгертіп, жырды осылай жасаулауға болады екен-ау деген ойға жетеледі.

Жүмекен – ойдың ақыны. Бірақ оның ойы – оқып қоя салатын ой емес, жанасқанына жан бітіріп, қонсыласқанына кимыл дарытатын ой. Осыларға қоса сыландаған сурет, билей басқан бейне қатарласатынын қайтерсің?! «Балаусадағы» «Алматы» атты өлеңінде: «... Жүз толқындар бірін-бірі тұншықтырып ағады, қыз-толқындар бірін-бірі шымыш күліп барады, міне, біздің Алматы осы, алма төсі бұлтиып, алма-төске жас бұтаның саусақтары тұр тиіп, жерші, жаным, қыдырайық, неғыласың жалғыз қап, Алатаудың ақ қарынан әперейін балмұздақ», – дейді ол. Жиырмадан жаңа ғана асқан бозбала ақынның жүз толқын, қыз-толқынның бірін-бірі шымыш күліп ағатынын, алма-төске жас бұтаның саусақтары тиетінін, аяулысына ақ қардан балмұздақ әперетінін кәнігі қаламгердей киюластырған шеберлігіне таңғалмасқа болмайды. Көре білетін жанға өлеңдегі сурет, кейіптеудегі кимыл дегеніміз – осы.

Ілгеріде айтқанымыздай, Жүмекен қай өлеңінде болмасын жансызға жан бітіріп, қай көріністі де әрекетке келтіріп, бейне бір өмір сахнасында өтіп жатқан спектакльдей етіп ұсынуға шебер. Ақын үшін өлең тән, кимыл жан. Ол үшін кимылы жоқ жыр – жаны жоқ


жыр. Содықтан да ол бүкіл шығармашылық жорығында тасқа тіл бітіріп, тамырға қан жүгіртуден, «жапырағы желге құлақ түріп, ол «кұлақты» жел жұлып лақтырып», яғни лақтыртудан жалыққан емес. Осы айтқанымызға дәйек ретінде табиғат тақырыбындағы мына бір кос шумаққа назар аударайықшы. Тек көзіңіз сурет дәмеп, үмітіңіз қимыл күтетін болсын: «Жалындап барды да батты күн, оның да уақыты болып қап. Жүйрік жел баса алмай аптығын, бұтаға сүйенді солықтап», / «Бір ымырт пердесін түсіріп, мүлгіді, мызғыды кәрі ағаш. Ақ бұлақ көрпесін ысырып, көк тасқа ұйықтады жалаңаш» Ал сіз осы екі шумақтан жоғарыда мен «дәмепіңіз» деген нәрселерді (сурет пен кимыл) таба алдыңыз ба? Мен таптым. Жалындап барып күннің батуы, жүйрік желдің арғымақша аптығын баса алмай, солықтап бұтаға сүйенуі, ымырттың пердесін түсіріп, кәрі ағаштың қария құсап мүлгіп кетуі, түн ұйқысы қысқан ақ бұлақтың ақ аруша көрпесі ығысып, көк таста жалаңаш ұйықтауы – мен үшін үлгідеген образ, бүлкілдеген қан тамыры. Зерделі оқырманның да өлеңді осылай қабылдарына сенімім кәміл.

Менің ұққаным – жас ақын қалыптасу жолында кідіре бермей, «Қай жаққа, енді қайда бұрыла алам, Жаным бар шындық дарып, жыр ұнаған. Осы бір кеудемдегі кішкене бас, Үп-үлкен дүниенің сырына алаң», – деп әдебиеттің киелі табалдырығын «піскен» күйінде аттапты.

Жүмекен өлеңдерінің тақырыбы ұшан-теңіз және оны өлеңің өмірден алады деп сәндеуден гөрі, жұмырбасты пенденің немесе жүрген-тұрған ортаның күнделікті қоңыр тірлігінен тартады деген жөн секілді. Ол туырлығы ошақтың ашы түтінімен ысталған жұпыны үйінде отырып-ақ әлем тынысын жіті сезініп, жүйрік қиялымен тербей алады. Қажет болса, күлсалғыштан да керемет әңгіме шығара аламын дейтін Чехов сияқты, Жүмекенге де тарыдан тау жасау қиын емес. Бірақ ол оны арнайы мақсат етіп емес, көңілін баураған табиғи әсердің әуенімен жасайды.

Осы орайда, ақынның тенгермешілікті сынаған бір өлеңін еске алайық. Ақын немесе лирикалық герой қос қапталы белден келе тегістелген шырпылармен көмкерілген бақта келе жатыр. Екі-үш бағбан төбесі тегіс шырпылардың арасынан оза өскен кейбір талшықтарын арнаулы қайшыларымен қырқуда. Бір қарасаң, шұқшиятындай түгі жоқ, бағбандар тірлігіне риза боп өте шығатын көрініс. Бірақ ақын өйтіп «өте шыға» алмайды. Елеусіз нәрседен тағы да елеулі ой түйуге тура келеді. Ол ойды «Бұта мен қайшы» атты өлеңнің мына бір үзіктерінен байқап көрейік:

... зың-зың етіп ұшады



биік бұта басы, әне;
Қайшылы адам биіктерді қырқумен
Қысқаларға зор жақсылық жасады.
... Өс, өсе бер,
Бірақ та
сұмдық бір сыр болды әйгі;
көрші отырған бұтадан
көп өсуге болмайды.
... Шуақ жаққа ұмтылып
өсемін деп арқаң босқа қозбасын.
Сенің бағың, қысқалар,
Өз мойныңда өз басың.
... Бірің – ұзын, бірің – қысқа,
Қайшылардың ісі ғұмыр бітпейді.
«Қырқу» демейді мұны, өйткені

тұрмыста,
«түзеу» дейді, «теңгермешілік» дейді.

Бұл тағы да Чеховтың «Құндақтаулы адамындағы» сияқты құрсаулы қоғамның, жеке адамның тұлға болып қалыптасуынан шошып, бәрін теңгермешілікпен тізгіндейтін социализм салтының сүйкімсіз көрінісі. Осыны ақынның мынауынды аулақ әкет деп айғайламай-ақ, тұрмыстың қарапайым тірлігінен түйіндей салуын тапқырлық демей не дерсің?!

«Президентін атты бір ел тасадан,
Президент емеспіз біз, бас аман.
Аш баласын тепті бір ел, о, сұмдық,
Дүниеде әлі бар ма аш адам?» –

дейді ақын «Ақ көгершін» атты поэмасының бір тұсында. Өлеңде «ой сыйымдылығы» деген ұғым барын білеміз. Бұл бөстекі сөзге жол бермей, пікірінді қолжұт дегенге саяды. Егер осы талаппен

қарасақ, мына төрт тармақтың тасасына аз нәрсенің жасырынбағанын аңғарар едік. Соның ең бастысы алғашқы екі жолында тұр. Кешегі кеңестік заманда ел басшысына оқ кезену – үш ұйықта-саң түсіне кірмейтін шаруа. Бұл – әрине, асыратәртіптіліктің «тәлімі». Ал қайсыбір елдерде мұндай оқиға болып жататын. Бұл – әрине, асырадемократиялықтың «жемісі». Автор құрылымы екі бөлек елдердегі тірлік айырмасын юморға бөлей отырып (президент емеспіз біз, бас

аман), екі-ақ тармақпен қауыра алған. Аз сөзге көп мағына сыйғызудың бір мысалы – осы.

Жалпы, Жүмекен – көтеретін мәселесі жағынан да, ақындық шеберлігі тұрғысынан да планеталық масштабтағы ақын. Әлемнің сондай ауқымда танылған талай тарландарынан оның бәсі биік еді, тек соны көре білу, көрсете білу қарекеті біздің пешенемізге әзірге бұйырмапты. Бұған аудармада ақсап жатқан Абайымыз бен Махамбетіміз де өкінішті мысал. Ол бір өлеңінде атақты Қасым ақынды космостың ақыны деген еді. Ғарыш кең, әрине. Ендеше сол шет-шегі жоқ кеңістіктің тағы бір ақыны болса, Жүмекеннің өзі дер едік. Мұны біз ақын ағаға арналған «Заңғар» атты өлеңімізде (үзінді):

Біреуге шың, біреуге шынар
қашық,

Ал сен кеттің шыңнан да
шығарған асып.

Биігіңді түрмеді бұлт көрсетпей,

Иығыңды бүркеді мұнар басып.
Ойың ойнасаң болғанда, сөзің бітік,
Жайқалатын тұр, әне, кезін күтіп.

Шырқай-шырқай зеңгірге,
Сіз бір шайыр өз биігі жіберген
өзін жұтып, –
деп байыптағанбыз.

Ал ақынның «Аты жоқ өлең»

атты өлеңінде өзін меңзеп:

«Өлгеннен соң болатын өтімді ісі,

Бөтен кісі, сен бүгін жетім кісі.

Сен уақыттың алдына түсіп кеткен
радиосигнал секілдісің», –

деп аяқтауын қайда қоярсың?!

Нәжімеденовтің жержүзілік ақын екені балауса кезінен-ақ байқалған. Оның 1967 жылы жарық көрген «Күй кітабындағы» Паганинидің монологтары атты топтамасында «Салыстыру» деген сұмдық өлеңі бар. Сонда ол атақты скрипкашыға қарата отырып, қазақтың өзінің де, өнерінің де еуропа мәдениетінен асып түспесе, кем түспейтінін параллель тәсілін пайдалана отырып ірі мінез, іргелі мысалдармен сипаттайды. Бар-жоғы жиырма тармақтан сәл ғана асатын асау тұлпарша тарпыған жырда небәрі отыздың үстіне жаңа шыққан жас ақын атақты музыкантқа бағыттап: Сен скрипкаға күйінді түсіріп жатқанда, біздің батыр Сейтек қамауда отыр еді, сен қонақүйден орын таңдап жүргенде, біздің үйді жау талауға салып еді, сенің жарың алтын алқасын таққанша Әуес шешеміз бірғауым тезек теріп тастап еді, сен айтулы шебер Амаидің скрипасын жаратпай отырғанда, домбыра болмаса «көршілердің көсеуін» алып күй шерткен Махамбет те те тумайтұғын ер еді, Сені бүкіл Еуропаның «әулиесі» мақтаса,

Ұлы Абайды өсектеді тобықты.

Жақсымызды бетімізге күйе қылып
жақпасақ,

Бізде-дағы талай мықты болыпты, — деп жыр сонын тегеуірінді леп, тепсінген толқынмен түйіндейді.

Әрине, Тәңірім ерекше ойлау қабілетін дарытқан Жүмекен ақынның барша қасиетін түгендеп беруге біз қауқарсызбыз. Ол үшін көп сөз емес, дөп сөз керек. Сол «дөбін» таба алмаймыз. Сондықтан бірді айтып, бірге кетуге мәжбүрміз. Ақынның сын мақалаларын оқи отырып сөзбен жұмыс жасауға, оның әрқайсысына мағына жүктеуге қатан

ӨЛЕҢІМ»

талаппен қарағанын аңғарамыз. Абай «сөз арасы бөтен сөзбен былғанбасын» дегенде шетелдік сөз кіріп кетпесін деп отырған жоқ, сөздің ең керегін қолдан деп отыр деп нығарлай түседі ол. Жас ақын Нұртас Исабаев өлеңін талдай келе «заводтың тұрбасы аспанның сырғасын тартқылап тұр» деген ұғым ешбір ұғымға сыймайды, — дейді. Ол Ордаш Кендірбайдың бір қарағанда құйылып түскен «Өмірден өз жолымды таңдап алам, Таңдап алам, тағы алға — БАМ-ға барам. Кезінде «итжөккен» деп имендірген, Өңірден кен қопарып, мал да бағам» деп келетін шумағының шынайылығына да күмән келтіреді. «Дұрыс-ақ қой, тек осы шумақта көңілдің шын күйі, көкірек сөзі жоқ, әшейін тіл ұшымен айтыла салған... сырты жылтыр ғана дүние. Міне, қазіргі ақын үшін ғана емес, ақынтану, өлеңтану үшін де қиын хал осы — жалаң технизм, — деп күйінеді.

Әлгі мысалдар жас ақындар жайында болса, Жүмекен өзі тәуір бағалайтын, өкшелес ақын Сабырхан Асановтың да сөз сұрыптауда сүрінген тұстарын түртіп көрсетуден тартынбайды. Ол Сабырхан-ның «Көгал құған қалды артта өктем із көп» тармағындағы орнын таппай тұрған «өктем із» тіркесін аттап өте алмайды. «...Өктем із» деген із болмайды, ол «көктем іздеппен» жақсы ұйқасқаннан басқа ештеңе бермейді», — дейді. Аса талғампаз Жүмекеннің сынынан Сабырхан-ның бір қарасаң дүп-дұрыс, «Қусырылып көкжиектің іргесі» тармағы да өте алмапты. «Көкжиектің іргесі» де ұғым боп жарытпайды, өйткені көкжиектің өзі ірге ғой...» деп тастай берік логикаға жүгінеді. Осынша мысалды тәтпіштеп тізу ақынның өлеңге деген талабы мен талғамын жіті тани түсуге септесер деген ниеттен туып отыр.

Ақынның қалыңдығы қарағайдай үш томға түптеліп, тың ой, тосын шешімдердің мұхитына айналып кеткен, «қайғысызға қайғы алдырған, ақымақты ойландырған» өлеңдеріне көз жүгірткенде, мұны талдаудан гөрі тамсана оқыған жөн-ау деген тұжырымға келесің. Жүмекенде жаман өлең жоқ, ал жақсысын тізем десең, түгел дүниесін көшіруге тура келер... Сондықтан бірер тармақ, бірегей шумақтарының дәмін татып, қанағат тапсақ дейміз.

*«Мезгіл қатал,
Ендеше,
мынау төсек-көрпемде
жоқ едің-ау сен кеше,
жоқ боламын ертең мен».*

Бұл — «Ұлым, саған айтам» жинағында жөргекте жатқан атұстарына қарата айтылған сөз. Байыптап қараған жан осы бір түйір түйдектен өмірдің қыруар философиясын табар еді. Қара сөйлемге айналдырсақ «Ендеше мезгіл қатал, мынау төсек-көрпемде кеше сен жоқ едің, ертең мен жоқ боламын» дейді әке-ақын. Өмірдің өтпелілігін, тірліктің баянсыздығын мұң етіп тұрған жоқ па осы жалқы сөйлем. Ежіктеп қайтеміз, жүрегіңіз шым етері кәміл.

*Абайсыз кеткен талайды,
Талайсыз кеткен сөзінді аяймын.
Заманға қарап Абайды,
Абайға қарап өзімді аяймын, —*

депті ақын бір өлеңінде. Менінше, түсініктеме артық.

Ақынның тағы бір өлеңінің мазмұнын еске түсірейік. Ақын сыйлайтын заман. Жас жыршы демалыс алып еліне келеді. Бекіренің бел кеспесін жейді, бал шарабын ішеді. Теңіз жағалап келе жатып, аудың көзін тарылтып отырған шалға кез-

деседі. Аудың көзін тарылту — шабағына дейін тұту ғой. Оған: «Кұртар кезде халықты балағынан бастайды, құртар кезде балықты шабағынан бастайды», — деп насихат айтады. Сонда шал оған сығырая қарап: «Е, білгішім, білгішім, өзің тойып алған соң, балықты ойлап тұрмысың?» — деп жауап береді. Әр нәрсенің байыбын әріден танитын ақсақалдан лайықты сыбағасын алған кейіпкеріміз өлеңін «...көленке де бойға айып, халық қамын ойласақ, тоймай тұрып ойлайық» деп аяқтайды. Тұрмыстың болымсыз деталынан болымды ой түюге шебер ақынның бұл өлеңін де түсіндіріп жату артық болар.

Әрине, жазу мәнері мен сызу стилі әртүрлі ақындарды бір-бірімен салыстыру — абырой әпермес тірлік. Дегенмен, замандас әріптестер қатарында Жүмекеннің орны әмәнда биік, тұғыры әмәнда еңселі. Адамзаттың жан әлемін жіті зерттеп, оны жыр жөргегінде әлдилеуде, үнемі соныға сонырқап, ой көшін кемел жайлауға қондыруда, көш көлігі — өлең техникасын жараулы жүйрік қалпында ойнатып, оқырманды мезі етіп біткен жырдың жаттанды жәйттерінен жоғары тұруда Жүмекенмен иық теңестіретін жан өз буынында жоқ. Бұл — біздің жеке пікіріміз және ол жеке қалпында қалмас деген үміттеміз. Жүмекен шығармашылығы ел әдебиетінің бірегей бренді мәртебесін алатын уақыт әлдеқашан жеткен. Бірақ біз бұл мәселеде кешеуілдеп келеміз. Әрине, туған өлкесінде ақынға деген құрмет зор. Еңселі ескерткіш орнатылып, атына көше, мектеп секілді нысандар берілген. Арнаулы әдеби шаралар да өткізіліп тұрады. Бірақ оның оқығанда адамның ұйқысын қашырып, «мазасын кетіретін» мағынасы терең маржан жырларын жаппай оқып, жан рақатын табудың орны бір бөлек деп ойлаймыз. Мұны жас буынға дарытуда барша деңгейдегі білім ошақтары ескерсе игі. Оны түсініп оқу кім түкке тұрмас нәрсесін «шабыттана» оқып, шақар мінез танытса, соны мықты ақын деп санайтын жұртымыздың талғамын түзеуге септігін тигізетін еді.

Ендеше ағиық ақын Жүмекен әлемін дақпырт деңгейінде ғана қабылдап қоймай, дана ойларынан күнделікті нәр тартқан намысты жұрт болайықта, ағайын. Ол бір дара шумағында:

*«Бір күрсінген шағымды көтерер ең
ой етіп,
Бір жымсаған шағымды өткізер ең
той етіп,
Қияр едің бәр-бәрін жалғыз сөзім
үшін сен,
О, дариға-ай, мен жазған жалғыз
сөзді түсінсең, —*

деген еді. Артына дария мұра қалдырған дана ақынды «жалғыз сөзін түсінуге» дәркер етпесек екен. Өйткені «менің үшін күреседі өлеңім» деп кеткен шайыр шығармашылығын әспеттеуде оқырманның да күресетін уақыты баяғыда жеткен.

«ҚАДЫР» ҒЫЛЫМИ-ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛЫ


Қазақтың классик ақыны,
Мемлекеттік сыйлықтың
иегері Қадыр Мырза
Әлінің туғанына 90 жыл
толуына орай «Қадыр»
ғылыми-қоғамдық журналы
оқырманға жол тартты.

Журналдың алғашқы саны Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиевтің және Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкеновтің құттықтау сөзімен жарық көрді.

— Қадыр Мырза Әлі — сан қырлы шығармашылығымен ұлттың жан дүниесін, мінез-құлқын, салт-дәстүрін, рухани әлемін шынайы әрі терең сипаттай білген қаламгер. Оның өлеңдері, афоризмге айналған жолдары, халық жадында жатталып қалған жырлары — мәңгілік мұра! Ол — қазақтың тіл байлығын терең менгерген, ұлттың рухын, қазақтың болмысын поэзия арқылы терең бейнелеген талант. Қазақ әдебиеті тарихында Қадырдай үлкен олжа салған, орасан үлес қосқан ақын кемде-кем.

Ақынның балалар әдебиетіне де сіңірген еңбегі айрықша. Бала жанын түсіне білген, олармен үлкен жүреппен сөйлесе алған қаламгердің әсіресе балаларға арналған «Күміс қонырау» атты жыр жинағы — талай ұрпақтың сүйікті кітабына айналған, балдырғандар санасына жол тапқан асыл мұра.

Қадырдай кемеңгердің атындағы ғылыми-қоғамдық журналдың жарыққа шығуы — шын мәнінде, қаламгерге деген тағзым, өскелең ұрпаққа өнеге. Бұл бастама ел әдебиеті



мен руханияты үшін маңызды әрі ізгі кадам деп білемін! Қадыр мұрасын зерделеу арқылы біз ұлттың өткені мен болашағын жалғаймыз. Журналдың ғұмыры ұзақ, мазмұны бай болсын! Қалың оқырман іздеп жүріп оқитын басылымға айналсын! — деген Мереке Құлкенов аталған журналдың жарық көруі әдебиет үшін үлкен маңызға ие екенін айтты.

Ғылыми-қоғамдық журналдың алғашқы санына сонымен қатар ақын шығармашылығы туралы зерттеу мақалалары, әдебиеттанушылардың пікірлері мен естеліктер енген. Жарыққа шыққан журналдың электрондық нұсқасын Қадыр Мырза Әлі атындағы облыстық мәдениет және өнер орталығының kadyrcenter.bkgov.kz ресми сайтынан оқуға болады.

ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫН ЕСКЕ АЛУ КЕШІ ӨТТІ



ҚР Ұлттық кітапханасында көрнекті жазушы, қоғам қайраткері Жұмабай Шаштайұлының туғанына 75 жыл толуына арналған «Өзгермеген адам» атты еске алу кеші өтті. Іс-шараға жазушының шәкірттері, әріптестері, қаламгерлер мен отбасы мүшелері және зиялы қауым өкілдері қатысты. Кеш аясында жазушыға арналған естелік кітаптың тұсаукесері өтті. Сонымен қатар қаламгердің шығармашылық жолы, өмірлік ұстанымы және ел игілігі жолындағы еңбегі жайлы естеліктер айтылды.

Қазақстан Жазушылар одағынан арнайы барған Басқарма төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы жазушының жары Жексебайқызы Әсемхан апайдың иығына шапан жауып, сый-құрмет көрсетті.

Жинақта жазушының архивтік материалдары, замандастарының пікірлері мен сирек фотосуреттері камтылған. Сондай-ақ кітапта оның әдеби мұрасы мен тұлғалық болмысына қатысты маңызды деректер ұсынылған.

Асқар ӘЛИХАН,

Қазақстан Республикасының
Мәдениет қайраткері

Театр ғимараты талапқа сай болып, материалдық жағы толысып тұрғанымен өнер ордасының жұлдызды сағаты оның көрермен көңіліндегі өзекті де заманауи мәселелерді дөп басуымен анықталатыны әбден белгілі. Оған актердің білім-мәдениеті, сахна өнерінің кәсіптік қырсырын меңгергені, жалпы тұлға ретіндегі жауаптылығы, тағы басқа қасиеттер ықпал етеді. Ол үшін режиссураның елгезектігі, суреткерлік талғамы, интеллект-білімі, ерекше пассионарлықпен жұмысқа кірісуі, тағы көп-көп фактор қажет-ақ.

Үлкен оқиға — Ж.Шанин театрының 95 жылдығы қарсаңында оның тарихындағы кесек-кесек талантты актерлер, режиссерлер еңбегі ескеріліп, әсіресе Шаниндер әулеті өкілдерінің де театрдың «алтын кітабының» едәуір бөлігін алатынын ескеріп қойғанымыз бек дұрыс. Ұлттық сахна өнерінің атасы — Жұмат Шаниннің інісі Әкіш Шанин ағамызбен көп уақыт тыңғылықты еңбек еткені белгілі. Бірнеше кинофильмге түсті. Осында Қазақстанның еңбек сіңірген артисі атанды. Қарт сахнагердің «Мөлдір махаббат», «Шұға», «Аманкелді» спектакльдерінде ұлттық колоритке толы, жарасымды костюм киген ширақ қимылы, сахналық импровизацияға бейімдігі әлі де есте. Сол әулеттің осы өнер ордасына мейлінше көп еңбек еткен тұлғасы Қасымхан Шанин туралы өңгіменің өзі талай зерттеуге арқау болуға әбден лайық. Соның бір парасын саралап көрейік.

Театрдың жарқын белесі бас режиссер болып Ғ.Хайруллина істеп тұрған 1950 — 1960 жж. кезеңмен байланысты. Театр 1958 жылы Алматыда тұңғыш рет ұйымдастырылған «Театр көктемі» фестивалі аясында «Жазықсыз айыптылар» (А.Островский), «Өгей шеше» (О.Бальзак), басқа да спектакльдерімен барып, сенсациялық сипатта республика астанасының рухани атмосферасын дүр сілкінткені бар. Сол өнер сапарының негізгі базарлығы — С.Мұқанов пьесасы бойынша қойылған «Шоқан Уәлиханов» туындысы болды. Одан бір жыл бұрын, 1957 жылы «Қазақфильм» студиясында бұл шығарма М.Бегалин режиссурасында Н.Жантөриннің басты рөлді орындауымен түсіріліп, прокатқа шыққаннан жұрт аузында жүретін сәтті туындыға айналды.

Ал шымкенттік өнерпаздардың «Шоқан Уәлиханов» спектаклінде басты кейіпкер — Шоқан рөлінде астаналық көрерменге бейтаныс есім Қасымхан Шанин ойнады. «Провинциалдық театр қалай жүрегі дауалап спектакльді Алматыға әкеп жүр?» дейсіз ғой... Көрерменді алғашқы минуттан тамсандырған нәрсе — Қасымхан Шаниннің фото-суреттерден белгілі Шоқанға портреттік ұқсастығынан бөлек, жалындаған жастық жалыны мен актерлік шабыт арқылы біртуар тұлғаны кереметтей етіп сомдаған болды. Сол көктемгі гастроль шымкенттіктердің өз «көркемдік рейтингін» көтеріп алуына айтарлықтай септігі тиіп, шығармашылық ұжым үшін, Шымкент үшін көп кезеңге азық болды.

1938 жылы Ленинградтан арнайы білім алып қайтқан топтан біраз кісі театрды тастап кетеді, біразы соғысқа аттанады. Содан театрдың актерлік құрамына ел ішіндегі талантты жастарды іріктеу жұмысы жүреді. Сол

толқынмен жас өнерпаз Қасымхан Шанин де жұмысқа қабылданады. Домбырамен ән салуы, аккордеонда шебер ойнауы, білімпаздығы, қимылының жарасымдылығы жігіттің жұтынып сахнаға шығуға дайын екенін дәлелдеп тұр. Қасекеннің актерлік жұмыстары ішінде Ә.Тәжібаевтың «Майрасындағы» Дүрбіт, К.Симоновтың «Прага каштаны саясындағы» Жокич көпке дейін жақсы аталып жүрді.

Қасымханның бойындағы органикаға толы табиғи болмысын, актерлік зеректігін, халық тәрбиесін жақсы меңгергенін кинорежиссерлер Е.Арон, Ш.Айманов жақсы бағалап, өздері түсіріп жатқан «Ботагөз» (1957), «Алдар көсе» (1964) фильмдеріне шақырады. Шебер актердің «Ботагөздегі» Бүркітбай рөлінде қайнап жатқан ішкі шерін от құскандай домбыраға аманат етіп, оны ән біте амалсыздан қайыңға соғып быт-шытын шығаруы — көрерменнің есінде жатталып қалатын тартымды мизансцена!

Білімін жетілдіру үшін Қасекен

Театрда «Шұға» спектаклін қою жас режиссер Қ.Шанинге тапсырылады. Қойылымның ерекше формасын табуы, оны мейлінше музыкамен көмкеруі, әуен лейтмотивін, кейіпкер характерін сипаттайтын ария тектес әнді пайдалануы Қасекеннің осы спектакліне ерекше көрініс береді. Алғашқы кіріспе сахнада идилияға толы ауыл өмірі, халық ойындары атмосферасы көп ұзамай-ақ драматизмге толы қақтығысқа ұласады. Ырғақ ауысуы, оқиғалар ширауы лайықты музыкамен кестеленіп беріледі. Соңғы сахна — Шұғаның ақтық сөзін ести алмаған Әбіштің жаңа заманға, төңкеріс ісіне кірісуге шешім қабылдауы Қ.Дүйсековке арнайы жаздырған кабалетта іспеттес жігерлі әуенмен серпіле түсіп, спектакльдің оптимистік пафоспен аяқталуына алып келетін. А.Қалмырзаев, Х.Сазантаева, Е.Садақбаева, А.Тайғаринова, О.Жұмабеков, Р.Байқенов, М.Ильясқаровтар ғажап та үйлесімді ойнайтын спектакль көрерменнің жадында ерекше сақталды.

Бүкіл Оңтүстік облысы мен Шым-

шебер актер М.Найманбаевтың темпераментін, алапат дауыс қуатын кеңірек пайдаланып, спектакль мәнін ашу мақсатында тәржіма авторы Х.Ерғалиевке ақынның қосымша монологін жаздырып, айтқызуы (Я.Козловский тәржімасында ол жоқ) Ғамзат Цадасаның сертіндей, азаматтық үніндей әсер ететін. Осы ортада Қасымхан Шанин өз замандастарының, өздерінен кейінгі жас буынның кумирі, ұстазы бола білді.

Кезінде ВГИК-ті бітірген талантты қырғыз кинорежиссері Б.Шамшиев Қасекенді М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасына» Күшіков рөліне шақырады. Кешегі ғасыр басындағы қазақтың сауатты деген тілмаштық жұмыста жүрген «зиялыларының» өз есебінен жаңылыспайтын әккілігін, тарихи алмағайып кезенді тиімді пайдаланған сабазды айнытпай көрсете алған актер Қасымхан жұмысы көрермендердің назарынан тыс қалмады. Фильмдегі бірнеше рөлде тамаша орындаушылық өнерімен көрінген маркаға актерлер ішінде Қасекен сомдаған Күшіков образы да

ХАС ШЕБЕР ЕДІ

Мәскеуге оқуға түседі. Оны қабылдаған көрнекті ұстаздар қанша жақсы көрсе де, Қасымхан Шанин «халық жауының баласы» деп танылып, ешкім қорғап қала алмады. Оқудан шеттетіледі. Бірақ салы суға кетпей, өзін қолға алып, режиссерлікпен айналысады. Кезінде ұлттық театр жолбасшысы болған әкесі Жұматтың шаңырағында композитор Е.Брусиловскиймен «Қыз Жібек», «Жалбырдың» операларының клавирін дайындау барысына куә болған жас режиссер Қасымхан Шымкент драма театрының сахнасында «Шұға», «Айман-Шолпан», «Жалбыр», «Аршын мал алан», «Тау қызы» секілді әуені шалқыған спектакльдердің қойылуына үлкен қозғау салады. Жұмыстан қол үзбей жүріп А.Островский атындағы Ташкент Театр-көркемөнер институтының режиссерлік бөліміне оқуға түседі. Соғыстың аяқталғанына көп бола қоймаған аш-жалаңаштау кезеңде сол институтта қазақстандық таланттар шоғыры: Б.Құндақбаев, М.Қосубаев, Б.Омаров, Қ.Мұхамеджанов, А.Ысмайылов, С.Тұрлымұратов, Ж.Шынәсілов, Н.Жантурин т.б. өнерпаздармен қатар оқиды.

Албырт, көп нәрседен хабары бар, өте шапшаң Қасымхан бірде атакты режиссер, ұстаз А.Гинзбургтің актерлік курстың дипломдық жұмысы ретінде өткізіп жатқан «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» репетициясына барады. Кеңестер Одағы көлемінде біліктілігімен танымал режиссер ұстазы Қодар рөліндегі Н.Жантөриннің монологі жүріп жатқанда қолындағы қамшысымен оның арқасынан осып жібереді. Жанайқайы шығып, ыршып түскен Н.Жантөринге Александр Осипович жай ғана: «Продолжайте!» — дейді. Арқасы ашып тұрған Н.Жантөрин монологін жалғастыра түседі. Бұл эпизод жас талапкерге үлкен әсер қалдырады. Кейін спектакль кезінде монологтің сол тұсына келгенде Қасекен, шын мәнінде, Гинзбургтей білгір маманның педагогикалық әдісінің ұтымдылығын бағалай түсті. Бірақ көп ұзамай Қасекен ол оқудан да «белгілі себептермен» шеттетіледі. Хамза атындағы Өзбек академиялық драма театрының бас режиссері, КСРО халық артисі А.О.Гинзбургтің, институт доценті И.В.Радунның «оппоненті» ретінде институт бойынша танымал болып үлгерген «фантазер» Қасымхан Ташкентті тастап кете баруға мәжбүр болады.

кент қаласының рухани әлемін жандандырған әнші-актерлер — М.Өтебаев, С.Досмағамбетов, Қ.Шанин үштігі импровизациялық «көшпелі театр» үлгісі болатын. Үш ноян өздері-ақ сағаттап концерт бере алатын. Өнердің қай түрін де халық жүрегіне жеткізе орындайтын. Кейін бұл топқа театрдың басқа да қыз-жігіттері қосылып, жалпы, Шымкент театрының музыкалық статус алып орнығу кезеңі қалыптасты. Солардың ұйытқысы болып, аккордеонын құлаштай тартып, әсем әндерін құйқылжыта, өзге әншілерді сүйемелдеп режиссер Қасымхан Шанин жүретін. Бұл көшпелі өнер керуеніне анда-санда талантты композитор Шәмші Қалдаяқов қосыла кететін. Әдемілікке, классикаға жаны құмар Қасымхан Совет көшесіне қоныстанып жатқан Мәдениет институтын, музыка училищесін айналышып, мамандармен тілдесіп, Оккерттің «Шұғаға» арнап оркестровка жасап беруін, одан әрі Оқушылар сарайындағы балетмейстер А.Л.Цандековаға барып, жоспардағы «Тау қызы» спектакліне Лабазан рөлін орындаушы актер М.Ильясқаровқа арнап лезгинка биін қойып беруін келісіп жүруші еді. Одан балалар саябағы арқылы «Оңтүстік Қазақстан» редакциясына барады. Ол жер қала мен облыстың шығармашылық интеллигенциясының бас штабы сияқты болатын. Сол жерден Шәмші Қалдаяқовты тауып, екеуі аяндап отырып, жолшыбай бас пошта жанынан ассириялық ескі танысының қолынан сироп қосқан мұздай судан сіміріп, ары қарай Қошқар ата айналасына баратын. Қазақтың қос талантты тұлғасының жүрісі ерекшеленіп, көп сырға тұнып тұратын еді... Тіпті мұңға толы секілденіп те көрінетін. Алматының төрінде салтанат құрып жүретін таланттардың Шымкентте, провинцияда бір-бірін қолдап, демеп жүргендері байқалатын...

Р.Ғамзатовтың «Тау қызы» поэтикалық драмасын қою театр үшін өте қызықты шығармашылық жұмыс болды. Көңілдері алып-ұшып тұрған мектеп түлектері — қыздардың (олардың тобынан театрда қазір А.Жұмабекова бар) ұшқан құсқа үн қосып, үміттерін үкілеп салған әндеріне (Н.Тілендиев музыкасы) де, режиссер оларды сахнада сәкі үстіне жайғастыратын сәтінде де музыкалық бөліктерге Қасекем сахна сыртында тұрып, өзі дирижерлік жасаушы еді. Ал финалдык сахнада

жұрт көңілінен орын алды.

1967 жылы қос театр бір ортақ директордың жетекшілігімен қазіргі әл-Фараби алаңындағы жаңа ғимаратқа көшу керек болды. Шымылдық Ғ.Мүсіреповтің «Аманкелді» драмасымен түрілмек. Режиссері — Қ.Шанин. Осынау заман талабына сай арнаулы датаға қойылған конъюнктуралық спектакль, монументальды масштабта, батальды сахналық эпизодтарға толы идеялық екпіні дұрыс қойылған туынды — Қасекеннің Шымкент театры сахнасындағы соңғы режиссерлік жұмысы еді.

1968 жылы жаңа сахнада жаңа жоба жасалды. Театрдың бас режиссері — ҚР еңбек сіңірген артисі Ә.Ордабаев Шымкенттегі қазақ-орыс театрлары шығармашылық құрамымен қазақ-орыс тілінде С.Мұқановтың «Шоқан Уәлихановын» қолға алды. Әрине, Шоқан рөліне театрдың жетекші актері Қ.Шанин бекітіледі. Есейген, жүріс-тұрысы баяулаған, салмақты актер бұл жолы екпінді Шоқанның ішкі сезіміне, ой топшылауына үнілдіреді. Бірақ Қасекеннің элеганттық жүрісі, мундирді өз этикетіне сәйкес пайдалануы, «Мыс салт аттының» жанына барып А.Пушкиннің «Люблю тебя, Петра творение» деп басталатын өлеңін оқуы нағыз бекзаданы паш ететін. Патша аудиенциясынан көңілі қалған, елдегі сайлау тартысынан шаршаған, Катарианың ықыласын еске алған Шоқан-Қасымхан бір сәтте жайлау төсінде поручик погоны жарқыраған кителін шешіп тастап, қолына домбыра алып, «Еділ-ай» әнін сызылтытын. Офицерлік сымбат, ғалымдық таным — сарай мәдениетін еркін меңгерген бекзада Шоқанның бар болмысын аша түсетін. Ал орыс партнерлармен болатын сахнадағы Қасымхан-Шоқанның келбеті Императорлық орыс География қоғамының ғылыми кеңесіндегі көріністің шынайы болмысындай әсер ететін. Бұл спектакль жайлы қазақ театрының тарихында қатталып, жазылды, Қасымхан Шанин қазақ сахнасының төрінде Шоқанның образын алғаш сомдаған талантты актер екенін паш етті.

1964 жылғы сәуір айында Жетісай ауданы Өзбек КСР Сырдария облысының құрамында құрылған болатын. Өзбекстан территориясында уақытша қалған Киров ауданындағы Халық театры кезінде Мәскеуде, Кремльдің Съездер сарайында «Қыз Жібек» музыкалық драмасын қою құрметіне ие болды. Одан



ҚАСЕКЕМ...

соң кілең әншілер бас қосқан ауыл өнерпаздарына арнап, Қасымхан Б.Майлиннің «Жалбыр» пьесасын қоюды мақсат етті. Музыка авторы – Е.Брусиловский, оның клавири де, партитурасы да қалай дүниеге келгені Қасымханның есінде болатын. Шымкент пен Жетісай арасын жол еткен режиссер Қ.Шанинді ауданның мәдениет бөлімінің бір автоклубы белгіленген кестемен Шымкенттен Бағараға әкеліп тұратын.

Осылай белсенді жұмыс істеген жергілікті халық көркемөнерпаздар үйірмесінің күшімен Қасымхан дайындаған ел әртістерінің музыкалық драмасы Өзбекстан КСР Мәдениет министрлігінің ерекше назарына ілігеді. Алғашында Өзбекстан Республикасының Сырдария облысы «Қазақ музыкалық драма театры» аталып, Мәскеудегі зор жетістігінен кейін 1968 жылдың қаңтарында сол Халық театрының негізінде «Қазақ музыкалық драма театры құрылсын» деген өкімет қаулысы қабылданып, оркестр, хор, балет, солистер, драма актерлері қамтылған типтік штаттық кестесімен толыққанды кәсіби театр – 1969 жылы 18 қаңтарда Б.Майлин мен Е.Брусиловскийдің «Жалбыр» музыкалық драмасымен шымылдығын ашты. Басты кейіпкер Жалбыр рөлін Өзбекстанның еңбек сіңірген артисі Ж.Қарғабаев сомдады. Театрдың тұңғыш бас режиссері – Қ.Шанин, директоры – Т.Бәйімбетов болатын.

Шымкенттегі өзі қызмет етіп жүрген театрдың актерлік, режиссерлік жұмысынан қол үзбей, жаңа театрдың ашылуына барынша қамқорлық көрсетіп жүрген Қасекеннің еңбегі бағаланып жаңа театрға көркемдік жетекші болып тағайындалуға бұйрық алу үшін Ташкентке, Мәдениет министрлігіне барады. Онымен қоса директор орынбасары болып Қ.Молдәулетов те өту керек болатын. «Министрліктегі шенеуніктер Қасымханға шүйлігіп: «Сіздің жоғары біліміңіз жоқ екен ғой», – деп тығырыққа тіреді. Біраздан соң бізді сол ресми мекеменің Өнер істері жөніндегі Басқарма басшысы Рахманов жолдас өзіне шақырды. Кейін ол кісі аппараттағы қызметкерлердің біразын кабинетіне жинап, Қасымханға қарата: «Сіз Жұмат Шаниннің ұлысыз! Соның өзі бізге жеткілікті! Сізге ешқандай дипломның қажеті жоқ. Сіз нағыз асылдың сынығысыз», – деп жұрт көзінше бұйрыққа қолын қойып құттықтады. Кейін білдім, Рахманов кезінде Алматыда

жұмыс істеген қызметкер екен. Елдің басынан өткен репрессия салқынын бір кісідей жақсы білетін есті кісі екені бірден байқалды.

Қасекен өте кірпияз болатын. Ол: «Өнер туралы пікір, сын айту үшін кісінің соған лайық правосы болу керек», – дейтін. Театр, өнер саласына ой қоспақ адамның ішкі дайындығы, талғамы, мәліметі зор болуы керек екенін ескертіп отыратын. Кейінірек, 1977 жылы сол Жетісай музыкалық драма театры жаңа ғимаратқа көшкен кезде театрдың бас режиссері А.Оңалбаев Е.Брусиловскийдің «Жалбырының» Қасымхан редакциялаған нұсқасын ыждаһатпен қайта құрастырып қойып, ондағы кейіпкердің әрқайсысына лайық бастапқы ән-арияларды түгендегені есімде. Көпке дейін осы «Жалбыр» спектаклі Жетісай музыкалық драма театрының брэнді – төлқұжатындай болды», – дейді Қ.Молдәулетов Қ.Шанин жайлы естелігінде.

Оркестр музыканты, виолончельде орындаушы В.Шундровский: «Театрымыздың режиссері Қасымхан аға Шанин, театр музыканттарының дайындалу процесін көбіне есік сыртында тұрып бақылайтын. Ой-өрісі кең, ассоциативтік ойлау қабілеті мол Қасымхан аға сахна адамының өте көрікті, сымбатты, сұлу болғанын ұнататын. Көрікті, сыңғырлаған сопрано дауысты қазақ қыздарының бойынан шалғайдағы норвегиялық Сольвейг бейнесін іздеп, еске алып, виртуалды романтикалық сапар шегіп кететіндей болатын. Біз, жастар Қасымхан ағамыздан көп нәрсені сұрап, өнер сырына қаныға бергіміз келетін. Оның Рашид Оразбаховпен спектакльдегі музыкалық фон, иллюстрация, олардың кейіпкерлер табиғатына қатысы туралы жүйелі пікірлесуін, қызу әңгіме үстінде отыратынын жиі көретінбіз.

Қасымхан аға арғы-бергі, алыс-жақындағы өнер мен мәдениет жаңалықтарына құлағын түріп жүретін. Реті келгенде бізбен оқыған, білген жаңалықтарымен бөлісіп, жалпы театр әлемінің тенденцияларының біразын шолып, актерлердің танымын, перспективаларын анықтап, бізге шығармашылық ізденіске мотивация беріп тұратын. Ол кісінің білгірлігі, әр актерге қажет даму жолдарын нұсқауы шын тәлімгер, режиссер екенін айқындап тұратын еді», – дейді.

Мен оқуға түскен кезде театр ак-

трисасы А.Жұмабекова жүгіріп келіп: «Қасымхан аға, Асқар Ленинградқа оқуға түсіпті», – деп сүйінші сұрағанда, ол кісі массаттана орнынан тұрып: «Е-е, Ленинградтың көшесінде 4 күн жүрген адам институттың 4 курсы бітіргенмен парапар!» – деп қуанған екен. Бұл содан бірер ай бұрын театр директоры Ә.Ордабаев екеуі мінездеме жазып, үлкен өнер оқу ордасына жолдама берген талапкер жас өркенінің табысына марқайғаны болатын. Осындай ардақты ағалардың батасымен жетіліп, ел қатарына қосылды.

1969 жылдың ерте көктемінде Шымкенттегі өзі тұрған қазіргі Қазыбек би көшесі бойындағы ауруханада Қасекен мезгілсіз дүниеден озды. 1971 жылы

Қазақ КСР Оңтүстік Қазақстан облысы құрамына қайтарылғанын көріп үлгермеді.

Әкесі, кәсіби ұлт театрының атасы болған режиссер, драматург Жұмат Шаниннің ықпалымен құрылған Шымкент қалалық қазақ драма театрына бозбала болып келіп, аянбай еңбек етіп сахна сардары деңгейінде халқына танылған талантты актер, режиссер Қасымхан Шанин – қазақтың театр, кино өнеріне үлкен үлес қосқан талантты тұлға. Тұрған үйіне театр ұжымы 2006 жылы мемориалдық тақта орнатты. Көрнекті сахнагер Қасымхан Шанинді халық есіне сақтаудың, ұмыттырмаудың басқа да жолдары көп деп есептейміз.

P.S.

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Асқар Әлихан ағамызбен Шымкент қаласында өткен Қуыршақ театрының фестивалына барғанда танысқан едім. Өзі келіп сұрақтар қойып, мені бұрыннан білетіндей танысып шүйіркелесе кеткен. Сөйтсем, драма, опера театрлары, драматургия туралы азын-аулақ жазғандарымды тұрақты оқитын Асқар ағам өзі осы саланың өңірдегі білікті маманы екен. Облыстың Мәдениет басқармасы, Опера және балет театры т.б. салалары жайлы көп білетін, көп мәселеге жанашырлықпен қарайтын Асқар ағам Шанин театрының 95 жылдық мерейтойына қатысып, Жұмат Шанин туралы «Ұлт театрының атасы» кітабымыздың тұсауын кесуге барғанда қайтадан жолығып біраз пікір алысқанбыз. Сол кезде Қасымхан Шанин туралы біраз әңгіме айтып, өзінің де аздап жазатынын, бірақ маманға бір қаратып алмай жариялауға батпай жүргенін айтқан. Ағамға ағымнан жарылып қолдау көрсетіп, «көрген-білгеніңізді жазыңыз, жіберіңіз қарап берейін» дедім. Біраз үнсіздіктен кейін биылғы наурыз айының 28-жұлдызында екі жазбасын жіберіпті. Біріншісі – «Хас шебер еді Қасекем» атты осы материал, екіншісі – «Жапон гейшасының хикаяты – Шымкент операсында...» жазбасы. «Асеке, рақмет, қарап шығамын. 30 күн ораза көзді ашып-жұмғанша өте шықты, ниет қабыл болсын, оразадан-оразаға төрт көзіміз аман-есен жетейік!» деген жауап жазыппын. Жұмысбасты болып сәл уақыт өтіп кеткен болса керек, көп ұзамай «Асқар ағамыз қайтыс болды» деген құтпеген жерден төбеден түскендей суық хабар келді. Есеңгіреп қалдым...

Сол Асекеме берген сөзім мойнымда аманат болып қалған еді. Міне, соның реті енді келіп, Жұматтың ұлы Қасымхан Шаниннің биыл 2025 жылы, 15 қазанда 100 жасқа толатын туған күніне орайластырып материалды толықтырып, өңдеп ұсынып отырмын. Жазбаға көп өзгерістер енгізген жоқпыз, кейбір деректерді нақтылап, кей тұстарын толықтырып автордың стилистикасын да қалдыруға тырыстық. Асқар ағамыздың бұл жазғаны қазақтың талантты актері һәм режиссері Қасымхан Шаниннің шығармашылық жолына арналған және біз көп біле бермейтін деректерге толы шығармашылық портрет десек болады. Бұл жазба оңтүстік өңірдегі Шымкент, Жетісай қазақ театрларының тарихынан, шығармашылық хал-жайынан хабардар етеді. Есімі көп атала бермейтін асылдың сынығы, театр және кино актері, режиссер Шанин Жұматұлы Қасымханның Жетісай театрындағы жанкешті еңбегінің куәсі боламыз. Даңқты ағамыздың есімін ұлықтауға арналған материал еліміздің театр өнерінің тарихын зерттеушілерге аз да болса дерек болады деген ойдамыз.

Шымкентте жүргенде Қасымханның өнердегі шәкірті болып, оның ұсыныс-жолдамасымен Ленинградқа оқуға барған Асқар ағамыз бен әкесі Жұмат Шаниннің шәкірті болған ұстазымыз, белгілі режиссер Асқар Тоқпановтың Мәскеуде оқуының арасында біраз жыл болса да, әкелі-балалы Шаниндердің екі Асқарды жолдама беріп оқуға жіберуінде өзіндік мистикалық ұқсастық бар. Дәл Қасымханның туған күні 15 қазанда, әкесі Жұмат тұтқындалып түрмеге тоғытылып, кейін атылып кете барғаны да кездейсоқтық па, әлде жай сәйкестік пе? Аруағы разы болғыр Асқар Әлихан ағамыздың мақаласының соңында қойған: «Көрнекті сахнагер Қасымхан Шанинді халық есіне сақтаудың, ұмыттырмаудың басқа да жолдары бар шығар...» – деген сұрағы ресми мекемелер мен жұртшылыққа ой салады деген ойдамыз.

Аманкелді МҰҚАН, театртанушы

Асқар АЛТАЙ

Құт қонар қазақ ордасының шар шаңырақ құрар алакеуім кезеңінде атақты Қотан жыраудың ұлы Ақжол биге қарата «Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!» дейтін әйгілі толғауы иісі Алаштың түңілігін желпідеткен. Аңызға айналған қыпшақтың ұлы бахадүрі мен сөз ұстаған арғынның ұлы бий арасындағы осы бір өлмес тәмсіл ғасырлар иінінен асып, үзілмес үн болып естіледі. Ұлықты істері ұлы сарын боп құлаққа жетеді.

Әлбетте, сөз сонарын селкеусіз ұстартқан, би қамшысын тізеге салмастан ортаға тастаған, билік кісесін белінен кестірмеген ұлы тұлғалардың жалғасы Қазақ баласында баршылық. Міне, сол тарихи тұлғалардың сарқытын ішкендей болған азаматтар бүгінде арамызда жүр. Олар «менмұнда» айкай-ламай-ақ, «ойбауырымдап» байбайламай-ақ қазақтың кіреуекісі қалың, оппасы мол қоғамының қойнауында ел-жұрты үшін үндемей жүріп үлекті істерді бітіріп жүр. Хәкім Абай айтқандай анық басса да, шалыс бастың деп шу-шұрканы шаң көтеретін сот пен от ортасында олар үлкен күш-жігермен талмай еңбек етіп келеді.

Солардың бірі де бірегейі – Нұрсерік Кәрімұлы Шәріпов.

Ол – өз мамандығының кәсіби шебері десек қателесе қоймаспыз. Ұзын аққан Ертіс өңірінің тумасы бала кезінен қағілез болып ержетті. Нағашы атасы мен әжесінің кең қолтық құшағында еркін өскен. Бұлайды бұла мінезді болса да, бұралығын бұзытқалқа айырбастамады. Оған да сол өз ата-бабасынан сүйегіне біткен тектілігі мен нағашы жұртынан жұғысты тәлімді тәрбие сүтпен сіңгені себеп болса керек.

Қажет кезінде қатал бола білетін, қайырым мен мейірімді адамгершілік арына сынғана білетін, қайрат көрсетер жерде қабыландай бет қаратпайтын, баяғы Қаз дауысты Қазыбек би бабасындай билік кесер жерде кері шегінбейтін, әділін әріден толғап, беріден бойлап шешім шығаратын азамат. Ұлы билердің ұлы заманалар көшінен керуендей ізбелене, тас-пиықтың тасындай тізбелене жалғасып келе жатқан Билер институтының стилін берік тұтып, бабалар алқаған ұлағатты ұл. Биік билікте лауазымды қызметтерді қылаусыз атқарып жүрген би жігіт, білімді де білікті жан. Бірегей болмысты азамат. Ұлттық сот істері саласында аса тәжірибелі, баса тағдырлы тұлға.

Абай бабамыз «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» дегеніндей, талай күрмеуі қиын, белбеу мен белдеу үзілердей күрделі істерді әділетпен шешіп, елі сүйінер де, ері сүйінер де қызмет атқарып келеді. Ол істеген түстіктен терістікке шейінгі, шығыстан батысқа дейінгі іргелі қазақтың ірі өңірлерінде бүгінде «Шәріпов стилі» қалыптасқаны шындық. Оған күә Нұрсерік Кәрімұлындай заңгер азаматтың арналы соқпағы.

Иә, бұл саналы соқпақ!.. Біздің Нұрсерік досымыз заңгер де заңғар азамат. Бүгінде ер-азаматтың талтүсі дейтін жасқа иек артқан атпал юрист соңында саналы соқпағы сурлеулене көзге түседі. Сонау қиырда жатқан Павлодардың Ертіс қалашығында туған Нұрсерік досым жастық шағынан заңгер болуды қалады. Сол жолда бар күш-қуатын аяған жоқ, білегін сыбанып, терін сыпырып еңбек етті.

Жасөспірім күнінен өзі армандаған ҚазМУ-дің Заң факультетіне құжат тапсырып тұрғаны әлі күнге тайға танба басқандай көз алдынан елестеп өтеді. Алатаудың зәулім биік құздарына қарап тұрып, студент болсам деген нәзік үміт жетектеп, көңілін қобалжу билейтін. Сондай сәттерде ұлы таудың маңғаз мұзарттарына қарайтын. Ал олар бойына алапат бір күш беретіндей ерекше жігер құятын.

Бұл туған жерде мұндай ұлы заңғарлар жоқ еді, жып-жылмағай сары жазық, жапан түз көсіліп жататын. Бірақ сол шетсіз-шексіз дархан дала тағдыр соқпағында көк аспандай кеністігімен бұған азды күн кемшілік емес, кең дария молдығын сыйлап үлгеріпті. Ал ару Алматы аялай кеп ыстық бауырына басыпты.

Арман қала атанған Алматыда білім нәрімен сусындап, қоғамдық іске де белсене араласты. Жоғары оқу орнының студенттері

арасында жастар бас болып істейтін істердің басында ұршықша үйірген қыран жігіттің бірі болды. Қолынан да, тілінен де келетін жас бозбала сурыла көрінген, ең алғаш көпшілікпен қоян-қолтық араласып жұмыс істеуге төселді. Ол да бір жастық жігер мен бозбалалық отты күйге еліткен, тұмса тәжірибе жинап жүрген күндер еді.

Осы бақытқа толы бозбала күндердің бірінде еліктің лағындай сүйкімді де сұлу, болашақ сүйікті жары Райханды жолықтырды. Екеуі де тағдыр алдарынан тартқан тұңғық сүрлеу, жұмбақ соқпаққа қол ұстасып бірге аттанды... Дүниені нұрға бөлеп, балдай тәтті

Сонау 1992 жылы, еліміз тәуелсіздігінің алаң-елең кезінде алғаш құрылған органның бірегейі – Қазақстан Республикасы Президентінің аппараты болды. Міне, осында бар-жоғы жиырма алты жастағы оны осы құрылымға қызметке шақырды. Онда ол рақымшылық ету және азаматтық істер жөніндегі бөлімнің референті, аға референті лауазымдарын атқарды. Бұл бір ел етек-жеңін жинай алмай жатқан уақыт-ты. Топалаң тигендей токсаныншы жылдардың басында Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері өздерінің тарихи отандарына көшіп, ессіне шеттегі қандастарымыз біртіндеп елге орала бастаған тұс.

Онда бір мәрте кезен емес, екі мәрте мезгіл отырды. Қолынан келгенін істеді. Ел алдында абыройлы қызмет атқарды. Игі жақсыларымен игілікті істерді иін қандыра бітірді.

Тәжірибелі Нұрсерік Кәрімұлының сол онтүстікте жүріп айтқан өз сөзімен тәпсірлесек, «судья өзінің ішкі наныммен сеніміне сәйкес, заң тұрғысынан баға береді. Бұл ретте ол қателесуі мүмкін. Келесі инстанцияда қараған кезде әлгі дәлелдемелерге басқа судья басқа қырынан баға береді. Себебі, оның да ішкі наным, сенімі бар. Сол уақытта шешім не бұзылады, не өзгереді. Бірақ баға беру тәртібімен өзгеріп жатқан шешімдер, үкімдер,

БИ СТИЛЬДІ БІРЕГЕЙ



Әсел бүлдіршін келді. Арада жарық жылдарды жаңғыртып келген жүрекжарды тұяқ Әлихан баршамызды қуанышқа бөледі.

Нұрсерік Кәрімұлы мектепті орысша бітіргенімен ана тілінде әлдекімдердей «тұтығусыз», мыңқылдақ мүдіріссіз, шінкілдек кідіріссіз тілдесуімен кез келген адамды таң-тамаша қалдырады. Тіпті оны он жыл бойы орыс мектебін тәмамдаған деп ешкім ойламайды. Қара сөздің қайығын ағызамын деп жүрген не бір азаматтар досымның шешендігінің қасында жіп есе алмай қалатыны бар. Орыс өлеңдері мен қазақ ақындары жырларын жатқа оқитыны жаны жадыратып қоя береді.

Ол туған Ертіс қаласы шағын болғанымен, әртүрлі ұлттар мекендеген киелі жер. Ресейге қарап кеткен әйгілі Омбы қаласымен шекаралас. Атышулы Тың игеру жылдарында мұнда кімдер «төгілмеді»... Орыс пен немістің, украин мен гректің, шешен мен ұңғыштың балаларымен тай-құлындай тебісіп, бірге өсті. Өкінішке қарай қазақ мектептері Арқада түгелге жуық тас жабылған кез. Еріксіз «боқшанды» көтеріп орыс мектебіне барасың.

Атам қазақ «үй жақсысы ағашынан, ұл жақсысы нағашыдан» деп тегін мәтелдемеген, нағашы атасы мен әжесі тәрбиесіне қаныққан, олардан ана тіліне мейірі қанғанша «оттыққан» Нұрсерік бұл дүниеде екі адамның біріне қарыздар болса, сол нағашы жұртыма дейді. Ұлы қыпшақ жұрты тек-тағайы болып табылатын досым нағашы ағасы Амангелді Құсайынұлына «шатақ» мінезі де айнымай тартқан, бірақ әлемді ісімен де, сұсымен де тітіреткен атажұртының да орны ұлы төрден екеніне қария тарих куәгер. Нұрсерік Кәрімұлын ар мен нар сыналар қызметтерде сол бағзыдан тұнық бастау болып болмысына біткен қыпшақ бабалары рухы қолдап келе жатқанына көміл сенемін!

...Қаршадай күнінен қарымды іске араласқаны да содан ба деп білем. Университетті орысша үздік бітіре сала заң факультетінің «Әкімшілік құқық» кафедрасына оқытушы етіп қалдырылды. 1990 жылы тұңғыш рет қазақ бөлімі ашылған-тын, міне, осы кезде мұның екі тілге бірдей тұлпардай жүйріктігі, қазақ тіліне сімер ұсталығы тағы алдынан көмекке келді. Жалпы, Нұрсерік досым аталмыш кафедрада қазақ тілінде студенттердің айызын қандыра дәріс оқыған алғашқы оқытушы ұстаздардың бірі болды.

Осы кезеңде азаматтық беру мәселесімен шұғылданды. Рақымшылық етуге байланысты да айналысып жатты, Конституция бойынша қылмыскерлерге тек Мемлекет басшысы ғана кешірім бере алады. Сондықтан Нұрсерік Кәрімұлы істеген бөлім мемлекеттік рақымшылық ету комиссиясына тиісті құжаттарды дайындап, ұсынумен, жалпы жағдайды зерттеп, зерделеп, талдау жасаумен айналысқаны белгілі. Жалпы қылмыстардан бөлек «өлім жазасына кесілген» сотталушылардың ісі міндетті түрде аталмыш бөлімнің қарауынан өтетін.

Сонда қызмет қылып жүріп, мынадай бір іс есінен кетпейді. Жалғызбасты ананың ұлы тура жолдан тайып, қылмыс жасаған. Қылмысы ауыр, бірақ ананың көзжасы да... Ана перзентінің жазасын жеңілдетуін өтініп, хат жазды. Ондай хатты әлгі жазаланушының өзі де жазған. Президент «Жалғызбасты ананың жалғыз ұлы екен, оның бұл баласынан басқа кімі бар» деп, жаза мерзімін 10 жылға дейін түсірген болатын. Осындай жайларды кезімен көріп, жүрегімен сезінген соң да болашақта сот болуым керек деп іштей түбегейлі бел бұғаны рас.

Үш жылға жуық осындай жауапты қызмет атқарды. Бұдан әрі қарай мәнсап қуып, әкім немесе құқық қорғау саласында белді шенеунік болуға мүмкіндігі де, қабілеті де жетерлік еді. Нұрсерік бірақ комиссия жұмысына құжаттарды әзірлеу барысында небір қылмыстық істермен танысқандықтан және заңдарды жан-жақты меңгеруінің арқасында «сот болсам» деген баяғы бозбала күннен армандаған мұратына бір табан жақындағанын айқын сезінді. Оған білім-білігі де жетіп, тәжірибесі де шыңдала түскені сенімін күшейте түсті.

Ол 1995 жылдың маусым айында Алматы қаласының Медеу аудандық халық сотының судьясы болып сайланды. Өзі сүйіп таңдаған мамандығының майталманы болуға алдынан айқара жол осылай ашылып еді. Халық алдында жанарынан таса болмайтын, жауапкершілігі зор ұят-аятынмен де, қатаң заң шеңберінде өлшенетін аса шетін қызметке жегілді де жөнелді... Осы ұлықты істе қамау терін алған құр жорадай қырық жылға жуық абыроймен тайпалып келеді. Жауапты қызметтен тайсалған жері жоқ.

Алматы қаласындағы Әкімшілік сот төрағасына тастүлек жас маман боп ауысқанда да, одан еліміздің қиыры маң майдай маңғаз Маңғыстау өңіріне басшы болып барғанында да жерінген жері жоқ, әлдекімдей жерсінбеген емес. Оған құс қанаты күйер қазақ даласының қай түкпірі қадірлі, қай шеті де қасиетті.

Төрт жылдан астам уақыт қызмет атқарды. Алдымен, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы, кейінірек Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасының төрағасы болды. Халықпен көп кездесті. Жанаөзенде жұртшылықпен жүздесіп, еңбек дауын қараумен айналысты. Жұмысын халық дұрыс қабылдады. «Жалпы, батыс өңірдегі ағайынға ризамын. Сіздің ісіңізді ұнатып, әрекетіңізді, сөзіңізді, ойыңызды дұрыс деп тапса, Сіз туралы пікірін ешқашан өзгертпейді. Сондай мінез бар. Турашылықты сүйеді. Өңгімені алыстан орағытпайды, өтің жарылып кетсе де бетіне тіке айтады. Ал Оңтүстіктің орны мен үшін алабөтен» – дейді досым.

Әулиелі түбек алқабы, жыл құсындай жылы жаққа қайта лауазымды қызметке жіберілді. Қойнауы қоламандай ыстық, ақжарма халқы да, жұмақ жер де жайлы Оңтүстік Қазақстан облысының сот төрағасы болды.

қаулылар «судьяның жұмысы сын көтермейді» деуге негіз бола алмайды» деп әділін айтады.

«Енді азаматтардың сотқа жүгіну санының артуына келсек, бұл көрсеткіш жылдан-жылға ұлғаюда. Дегенмен, бұл тұрғыда ескерер жайт, «тұрғындар сотқа көбірек жүгінсін, бізге сол қажет» деген мақсат жоқ. Алайда неғұрлым аз жүгінсе, ол да зиян. Азаматтар қолданыстағы заңнаманы дұрыс түсініп, кедеге асырып, өз міндеттері мен жауапкершіліктеріне ұқыпты қарауы керек. Сондықтан аталмыш көрсеткіш «сотқа жүгінген азаматтардың құқықтық білімі жоғарылаған. Арызданып бұрынғыдай партияға, әкімдікке бармайды. Айкай шығармайды. Өзінің заңмен қорғалатынына көзі жетеді. Процессуалдық құқықтары мен міндеттерін біледі» дегенді аңғартады», – деп түйіндейді сот саласының майын ішкен ол.

Қоғамда зар илеп, запар шегіп жүрген жұрт қай кезде де болғаны шындық. Соның көбісі азаматтарымыздың заң саласынан бейхабар болуының салдары. Жалпылама халық өз тіршілігімен күнделікті айналысып жүре береді, бірақ басына кенеттен бір іс түскенде ғана заңмен бетпе-бет келеді. Сонда ғана «сотқа берем, отқа түсем» деп жататыны ақиқат. Оны біреулер «қоғамның азып-тозуы» деп жатады, бірақ олай емес. Құқықтық сауатсыздық біздің қоғамда әлі күнге өте күшті, оны мойындауымыз керек. Тіпті жауапты тұлғалардың өзі көп жайдан мақұрым боп шығады. «...сотқа жүгінетіндердің арасында лауазымды тұлғалар да, зиялы қауым өкілдері де табылады. Бірақ мұны мен «қоғамның азуы» деп айта алмаймын. Өйткені Конституция талабына сәйкес, азаматтардың бекітілген құқықтары мен бостандықтары бар. Бұларға нұқсан келсе, сотпен қорғалу мәселесін ешкім шектей алмайды» – дейді заңгер, сондықтан «Сотқа жүгініп келген әр адамның өз шындығы бар. Әрқайсысы «менікі дұрыс» деп пайымдайды. Өкінішке қарай, адамдар көп жағдайда басқа пікір-көзқарастарды елеп-ескере бермейді. Соттың шешімі шыққаннан кейін бір жақ разы болса, екінші жақ наразы болады. Біреу ұтады, біреу ұтылады. Арыздану, шағымдану, «судьяның біліктілігі төмен, кәсіби деңгейі нашар, қарсыласыма бүйрегі бұрды, мына тараптың мүддесін қорғады» деген өңгімелер содан туындайды. Ол – қалыптасқан қағида, заңды үрдіс. Одан 100 пайыз арыламыз деу қиын. Арылу үшін біздің қоғамдағы азаматтардың құқықтық санасы өте жоғары болуы керек».

Иә, бұл шындық сөз!.. «Құқықтық сана» көтерілмей, қоғам да, қазақ та қинала күн кешері хак. Өркениетті елдерде екінің бірі заңгер болатыны да содан және олар басқа маман иесі болса да, юрист мамандығын өзі үшін қосымша оқып алатыны қалыптасқан үрдіс.

Тас қайнатқан Қарағанды облысының сот төрағасы лауазымын да басынан өткерді. Өндірісі де мол, ауыл шаруашылығы да аз емес күрделі облыста Нұрсерік досымның құқықтық сана соқпағы сараланып көрінді. Абай атасы айтқандай көп нәрсеге «бой алдырмай», барынша байырпын қызмет атқарды, ел-жұрт алдында абыройлы болды. Өмірлік мол тәжірибесі мен ерік-жігерге толы іскерлігі, заңгерлік білімі мен білігі шыңдалып Астанаға қайтты.

Бүгінде заң саласында бірегей бола білген, байырқалы болмысты азамат республикамыздың Жоғары сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметінде еңбек етіп келеді. Нар жолында жүк қалдырмас атандай азамат ар жолында қылдан таймастан тарта бер, туған ұлтын мен көк тулы мемлекетінің мерейін асыра бер.

Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Қазығұрт шағын ауданындағы Н.Оңдасынов көшесінде орналасқан «Қазығұрт клиникасы» талаптарға сай жұмыс істеуді басты мақсат тұтады. Клиниканың бас дәрігері Нышанбай Досанбаев осы қызметке келген күннен үлкен жұмыстар атқарып келеді.

Бүгінде Қазығұрт шағын ауданының тұрғындары емхана жұмысына дән риза. Емхана қызметкерлері жергілікті тұрғындармен қоян-қолтық араласады. Үй-үйді аралап, тұрғындардың денсаулығын тексереді, есепке алады, ақыл-кеңес береді. Мейірбикелер өздеріне бөліп алған учаскелерін апта сайын аралап тұрады. Арнайы есепте тұрған созылмалы сырқаттары бар адамдарға жиі барып, ем-домдарын жасап тұрады. Жеңілдікпен дәрі-дәрмек алатын науқас жандарды үнемі бақылауда ұстайды. Бұл ретте клиниканың бас дәрігері Нышанбай Кәрібайұлы қырағылық танытып келеді. Ол осындағы білікті дәрігер Токтар Батырханұлы сынды мамандармен жиі ақылдасып, жұмыстың жүйелі атқарылуына көңіл бөліп отырады.

Мемлекеттің басты байлығы – адам! Ал адамдар неғұрлым мықты да бақуатты болса, мемлекет те қуатты болады. Сондықтан мемлекетіміз ұлт денсаулығына ұдайы көңіл бөліп келеді. Иә, денсаулық – адамның ең қасиетті де құнды әрі қайталанбас, жоғалса орны толмас қазынасы. Бұл қазынаны ортайтып алсақ, орнына келтіру оңай болмайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Жолдауларында денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру жөнінде ұдайы айтып келеді.

Осы ретте Президент тапсырмасын орындау негізінде Қазақстан Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы қаулысымен «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасы бекітіліп, жүзеге асырылып келеді. Жобаның мақсаты – әрбір азамат үшін сапалы, қолжетімді денсаулық сақтауды қамтамасыз ету. Жоба 2025 жылға дейін есептелді және төрт түрлі бағытта жүзеге асырылды.

Бірінші бағыт – медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру;

Екінші бағыт – эпидемиялық болжау мен ден қоюдың заманауи жүйесін қалыптастыру;

Үшінші бағыт – отандық фармацевтика саласының дамуына ықпал ету;

Төртінші бағыт – салауатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыруға және бұқаралық спортты дамытуға бағытталған іс-шаралар аясын ұлғайту.

Иә, мемлекеттің басты байлығы қашан да адам болып қала береді. Адам денсаулығын сақтау құқығына Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабы кепілдік береді.

«Klinika Qazygurt» ЖШС 2021 жылы жаңа заманауи талаптарға сәйкес халыққа ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына енгізілген денсаулық сақтау субъектісі болып саналады.

«Klinika Qazygurt» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне медициналық көмек көрсетуге 2021 жылы 25 наурызда №0012 мемлекеттік лицензия берілген. Клиника қазіргі таңда Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Қазығұрт шағын ауданында 17000-ға жуық жергілікті тұрғынға сапалы медициналық қызмет көрсетіп келеді. Мұнда біліктілігі жоғары деңгейлі дәрігерлер, мейірбикелер, кіші буын қызметкерлер жеткілікті.



САПАЛЫ МЕДИЦИНА – САУЛЫҚ КЕПІЛІ



Жалпы саны 100-ден аса қызметкерді жұмыспен қамтып отыр. Клиниканың жалпы ауданы 1200 шаршы метрді құрайтын үш қабатты ғимаратта орналасқан.

Емханаға қарасты халық саны – 17124. Оның ішінде 1 жасқа дейінгі балалар саны – 388, 2192-сі – бес жастағылар, 14 жасқа дейінгілер – 6029, 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер – 806, ал 0-18 жасқа дейінгілер – 7067, фертильді жастағы әйелдер – 3478.

Емханада артериалды гипертензиямен 1231 науқас, қант диабетімен 370 науқас және де бронхиалды астмамен 53 науқас Д-есепте тұрады. Д-есепте тұратын пациенттердің 95%-дан астамы уақтылы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіліп отыр.

Клиникада мынадай медициналық қызмет түрлері көрсетіледі: амбулаториялық-емханалық көмек; стационарды алмастыратын көмек; стационарлы көмек; реабилитация және оңалту; диагностикалық зерттеулер (рентгенологиялық, функционалдық, ультратдыбыстық); зертханалық зерттеулер (бактериологиялық, серологиялық, иммунологиялық); жедел және шұғыл медициналық көмек.

«Klinika Qazygurt» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жаңа инновацияларды қолдана отырып, соңғы үлгідегі (компьютерлі томография, флюорография, рентген аппараты, УЗД, нейросонография, скринингтік зерттеулерді оңтайландыратын медициналық құрал-жабдықтар, адам ағзасының ішкі құрылысын зерттейтін эндоскопия, лор комбайн, т.б.) медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Тұрғындарға амбулаториялық-емханалық және стационарды алмастыратын көмек көрсету үшін 50 төсек қарастырылған. Соның ішінде стацио-

нарлық көмек көрсету үшін – 40 орын, күндізгі хирургиялық көмек көрсетуге – 10 орын бар. Қалпына келтіру және медициналық оңалту бойынша 12 төсек орындары қамтылған. Бұл халыққа бір ғимаратта амбулаториялық-емханалық көмек пен стационарды алмастырады және стационарлық көмек алуға мүмкіндік береді. Клиника 2024 жылы аккредитациядан өтіп, 1-санат алған. Бұл, әрине, ең әуелі дәрігерлердің біліктілігін айқындайды.

«Қазығұрт емханасы» келешекте осы шағын ауданда заманауи медициналық орталықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауды мақсат етеді. Осы жоба жүзеге асқанда мемлекет үшін бюджет қаражатын үнемдеу (құрылыс, ЕПМ жарактандыру, ұстау, оқыту), инновациялық емдеу әдістерін енгізу, эндокринология және көз аурулары (офтальмология) бойынша стационарлық деңгейде бөлімдер ашу, медициналық-әлеуметтік мәселелерді жылдам шешу, реабилитациялық тәуелсіз орталық ашу сияқты артықшылықтарды іске асыруға мүмкіндік туады.

Бүгінде клиника басшылығы тұрғындарды толыққанды тексеру, емдеу және оңалту үшін қажетті толық МСАК қызметін және барлық ілеспе қызметтерді ғана емес, сондай-ақ клиника базасында бірнеше орталық ашуды жоспарлап отыр.

Халыққа арналған диагностика мен емдеудің барлық стандарттарына сәйкес келетін консультациялық-диагностикалық, стационарлық-алмастырушы көмекті қамтитын заманауи толыққанды емхана ұйымдастыру басты мақсатқа айналып отыр. Бұдан бөлек, ересектер мен балалар арасында диагностика мен емдеудің заманауи және инновациялық әдістерін енгізе отырып, стационарлық және стационарды алмастыратын көмек түріндегі медициналық оңалту және қалпына келтіру емдеу бөлімшесі ашылып, осы қызмет түрлерін көрсетуге 40 төсек қарастырылады. Хирургиялық емдеудің минималды инвазивті әдістер орталығы жергілікті тұрғындарға медициналық көмек көрсетуді одан әрі жақсартуға түседі.

Нышанбай Кәрібайұлы басқаратын емхана Шымкент қаласына кейіннен қосылған Ақжар, Ақтас, Жұлдыз елді мекендерінің тұрғындарына да медициналық қызмет көрсетеді. Сонымен қатар осы аймақтағы әскери бөлімше, жүйке аурулары емханасы да осында тіркелген. Бас дәрігер халықтың жыл сайын өсуіне байланысты жоғарыда аталған елді мекендерден қосымша ФАП салу жағын

да қарастырып жатқанын айтып өтті.

Рас, бір жылдары Қазығұрт шағын ауданы экологиялық жағынан қаладағы ең нашар аймақ саналатын. Оған қорғасын зауытынан шыққан зиянды қалдықтар да себепші еді. Бүгінде қорғасын зауыты жұмысын тоқтатты. Алайда оның зардаптары әлі де бар. Қарттар арасында түрлі аурулар кездеседі. Аналар мен балалар арасында да сырқаттың бірнеше түрі байқалып қалады. Бұған дүниежүзіндегі климаттың жылынып келе жатқанын, соған байланысты экологиялық ахуал жақсармай тұрғанын қосыңыз. Сайып келгенде ақ халаттыларға жүктелер жауапкершілік азаймай тұр.

– Біз емханамызда тіркеуде тұрған барлық адаммен тікелей қарым-қатынаста болуымыз керек. Оларға аурудың алдын алу жолдарын үнемі түсіндіріп отырамыз. Әрине, ауру айтып келмейді. Адамдар жұмысбастылықпен бойында пайда болған ауруларды аңғармай қалып жатады. Сондықтан біз оларды тиісті мерзімде жаппай тексеруден өткізіп тұруымыз керек. БҰҰ-ның «Тұрақты даму мақсаттары» концепциясының үшінші мақсатында денсаулықты күту керектігін айтады. Демек, барша азаматтың денінің саулығы – басты байлығы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жарғысында «Денсаулық – физикалық ақаудың, аурудың болмауы ғана емес, адамның физикалық, психикалық, рухани және әлеуметтік тұрғыдан толыққанды белсенділігі» ретінде түсіндіріледі. Денсаулыққа кері әсерін тигізетін темекі тарту, спирттік ішімдікке әуес болу сияқты жаман әдеттерден аулақ жүруіміз керек. Бұлардың барлығы адам өмірін қысқартады. Қысқартып қана қоймай, адам өмірінің күйзеліспен, сырқатпен өтуіне себеп болады. Мұндай адамдар тек өздері қиналып қана қоймай, айналасындағы адамдарға да зиянын тигізеді. Сондықтан біз салауатты өмір салтына да баса көңіл бөлеміз, – дейді Нышанбай Досанбаев бізбен әңгімесінде.



Осы емханада еңбек ететін Токтар Әубәкіров есімді дәрігерге келушілердің үнемі алғыс айтып кететінін бас дәрігерден естідім. Қазақтың тұңғыш ғарышкерімен аттас дәрігер – осы емханадағы ең жас мамандардың бірі. Соған қарамастан, өзінің білімділігі мен жауапкершілігі арқасында ұжымның мақтанышына айналыпты. Иә, айта берсек, мұнда ел құрметіне бөленген дәрігерлер мен мейірбикелер көп. Олардың барлығын бір мақала шеңберіне сыйдыру мүмкін емес. Бәрінен де бұрын емхана қызметкерлерінің тұрғындар құрметіне бөленіп келе жатқанын баса айтқымыз келді.

